# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

## BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

**№3 (57) 2015**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№3 (57)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**
Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**
Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**
Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)
Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)
Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)
Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор
Сәтімбеков Р.С. - профессор
Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.
Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).
Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).
Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).
Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
Құлбек М.Қ. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор
Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)
Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)
Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)
Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор
Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.
Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)
Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)
Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)
Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)
Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)
Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – пс.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

**Редакциялық кеңес**
Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д.,профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-пс.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– пс.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
**Жауапты редактор-**Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
**Корректор** Сүйіндікова С.Ж., Түбітбаева Ж.Х.

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES**

***Арғынбаева З.М.*** ХИМИЯЛЫҚ ФОРМУЛАЛАРДЫ ТАБУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.......... 5

***Кобегенова Х.Н., Нуркеев Е.С.*** РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭКСКУРСИИ В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ.......... 9

***Қожантаева Ж.Ж., Наурызбаева Ж.Е.*** ҚЫРЫҚҚАБАТ ЖӘНЕ КАРТОПТЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН АУРУЛАРЫ.......... 12

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА, PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE**

***Бекболғанова А.Қ., Бекболғанова М.Е.*** ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.......... 17

***Дархан Н.Д., Сабырова З.К.*** МЕТОДЫ И ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРОГРАММИРОВАНИЮ В ВУЗЕ.......... 22

***Ilyasov N., Shakarbekkyzy A., Baitursyn N.*** DEVICE FOR DEMONSTRATING THE ANOMALY OF WATER.......... 28

**ФИЛОЛОГИЯ – PHILOLOGY**

***Ауелгазина Т.К.*** ТҰЛҒАНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӨСУІН ДАМЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ.......... 31

***Көшекова А.А.*** БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ КӨНЕ ЭПОСТАН ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСҚА ДЕЙІНГІ ӨЗГЕРУЛЕРІ.......... 36

***Нұртаева А.Б.*** КОММУНИКАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ.......... 41

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО– HISTORY, ECONOMY AND LAW**

***Аширбекова Ж.Б.*** ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК ТАРИХИ МӘНІ.......... 45

***Заманбеков Ш.З., Жунусов К.Г., Сихымбаева Б.Н.*** РАЗВИТИЕ МАШИНОСТРОЕНИЯ В УСЛОВИЯХ СТРУКТУРНОЙ ПЕРЕСТРОЙКИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА.......... 48

***Қабылжан М.С.*** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.......... 53

***Нурланова В.С.*** ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ.......... 56

**ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY**

***Алимжанова Г.Б.*** ИГРА КАК СРЕДСТВО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ.......... 60

***Альдибекова Ш.Н.*** ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ.......... 63

***Асилбаева А.Б.*** ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ.......... 68

**ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ - ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА - ART AND CULTURE**

***Жұмашева Т.С.*** МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ТЕАТРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.......... 72

***Исаметова К.И.*** ОСОБЕННОСТИ И МЕТОДЫ РАБОТЫ В КЛАССЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ФОРТЕПИАНО.......... 78

***Karzhaubayev A.M.*** DEVELOPMENT OF SHOW PROGAMS AND FEATURES OF THEIR ORGANIZATION.......... 81

***Садықова Р.*** ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.......... 84

***Сапарбаева Г.Қ.*** АҚЫНДЫҚ, ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР АТАДАН БАЛАҒА МИРАС БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МҰРА.......... 88

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

**ӘОЖ 54(076.2).**

# ХИМИЯЛЫҚ ФОРМУЛАЛАРДЫ ТАБУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

***З.М. Аргынбаева,*** *химия магистрі, аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада түрлі параметрлердің негізінде заттың химиялық формуласын табу мәселесі ұсынылады. Ұсынылған есептерде заттардың формулаларын табудың түрлі жолдары айқындалған. Есептерді шығаруда үздік әдістер және әртүрлі шешімдерді үйренуге болатын есептер берілген. Есептерді шығарудың жалпы тәсілдері көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** химиялық таңбалар, химиялық формула, кристаллогидрат, тығыздық, молекулалық салмақ, сандық және сапалық құрам.

Химиялық таңбаларды пайдаланып, күрделі және жай заттардың химиялық формулаларын жазуға болады. Химиялық формула дегеніміз – заттардың молекула құрамын химиялық таңбалар арқылы белгілеу. Химиялық формула заттың аталуын, молекуласын, оның сандық және сапалық құрамын, молекулалық салмағына тең салмақ мөлшерін көрсетеді. Күрделі заттың формуласын табу үшін, бұл заттың қандай элементтерден тұратындығын және бұл элементтердің бір-бірімен қандай салмақ қатынаста қосылысатындығын анализ жасау арқылы анықтауға болады.

Заттың құрамындағы әр элементтің пайыздық мөлшерін біле отырып, оның химиялық формуласын анықтауға болады. №1. 2,94 г кальций хлоридін қыздырғанда 1,45 г су бөлінген. Кристаллогидраттың формуласы қандай? [1].

Шешуі: Кристаллогидраттан бөлінген кальций хлоридінің массасын тауып аламыз:

$$m(CaCl_2) = 2{,}94 - 1{,}45 = 1{,}49$$

$$mCaCl_2 : mH_2O = 1{,}49 : 1{,}45$$

Кристаллогидраттың жалпы формуласы $CaCl_2 \cdot x\, H_2O$,

яғни $mCaCl_2 : mH_2O = MCaCl_2 : xH_2O$

Бұл теңдеуге сан мәндерін қоятын болсақ:

$$1{,}49 : 1{,}45 = 111 : 18x$$

$$x_m = \frac{1{,}45 \cdot 111}{18 \cdot 1.49} = 6$$

Демек, кристаллогидраттың формуласы $CaCl_2 \cdot 6H_2O$

№2. 0,9664 г кристаллогидраттағы кристалданған суды буландырғаннан кейін сусыз тұз $Cu(NO_3)_2$ 0,7504 г болды. Мыс нитраты кристаллогидратының формуласы қандай? [1,4]

Шешуі: Кристаллогидраттағы кристалданған суды буландырғаннан кейінгі судың массасын табу керек:

$$m(H_2O) = 0{,}9664 \text{ г} - 0{,}7504 \text{ г} = 0{,}216 \text{ г}$$

Кристаллогидраттың жалпы формуласы $Cu(NO_3)_2 \cdot x\, H_2O$,

яғни $mCu(NO_3)_2 : mH_2O = MCu(NO_3)_2 : xH_2O$

Бұл теңдеуге сан мәндерін қоятын болсақ:

$$0{,}7504 : 0{,}216 = 188 : 18x$$

$$x_m = \frac{0{,}216 \cdot 188}{18 \cdot 0{,}7504} = 3$$

Демек, кристаллогидраттың формуласы $Cu(NO_3)_2 \cdot 3H_2O$

№3. Ауамен салыстырғандағы тығыздығы 0,55 тең, құрамындағы көміртектің массалық үлесі 75%, сутектің массалық үлесі 25% болатын көмірсутектің формуласын табу керек?

Шешуі: m(C) = 75 г; m(H) = 25 г

$$v = \frac{m(C)}{M(C)} = \frac{75\text{ г}}{12\text{ г/моль}} = 6{,}25\text{ моль}$$

$$v = \frac{m(H)}{M(H)} = \frac{25\text{ г}}{1\text{ г/моль}} = 25\text{ моль}$$

$$v(C) : v(H) = 6{,}25 : 25 = 1 : 4$$

яғни, формула $CH_4$

Ауамен салыстырғандағы тығыздығы 0,55-ке тең екенін ескеріп, қосылыстың молекулалық массасын тауып аламыз:

$$M = D_{aya} \cdot M_{aya} = 055 \cdot 29 = 16\text{ г/моль}$$

$$M\ (CH_4) = 16\text{ г/моль}$$

№4. 30 г қаныққан бір атомды спирттен $C_nH_{2n+1}OH$ металл натрийдің артық мөлшерімен әрекеттестіріп көлемі 5,6 л (қ.ж.) сутегі алынды. Спирттің формуласын анықтап табу керек.

Шешуі:

30 г 5,6л

$$2C_nH_{2n+1}OH + 2Na \rightarrow 2C_nH_{2n+1}ONa + H_2 \uparrow$$

$x$ г/моль 22,4 л/моль

$$x = \frac{30\text{ г} \cdot 22{,}4\text{ л/моль}}{5{,}6\text{ л}} = 120\text{ г/моль}$$

2 моль $C_nH_{2n+1}OH$ - 120 г/моль $C_nH_{2n+1}OH$

1 моль $C_nH_{2n+1}OH - x$ г/моль $C_nH_{2n+1}OH$

$$x = \frac{1\text{ моль} \cdot 120\text{ г/моль}}{2\text{ моль}} = 60\text{ г/моль}$$

$$C_nH_{2n+1}OH = 60\text{ г/моль}$$

$$C_nH_{2n+1}OH = 60$$

12n+2n+1+16+1=60

14n +18=60

14n = 42

n = 3

$$C_nH_{2n+1}OH = C_3H_{2\cdot 3+1}OH = C_3H_7OH$$

M($C_3H_7OH$) = 60 г/моль

$$2C_3H_7OH + 2Na \rightarrow 2C_3H_7ONa + H_2 \uparrow$$

№5. 0,9 г органикалық зат жанғанда 1,32 г $CO_2$ және 0,54 г $H_2O$ түзілген. Заттың молекулалық салмағы 180. Заттың молекулалық формуласы қандай [2,4].

Шешуі: Алдымен белгісіз органикалық қосылыстың құрамы қандай атомдардан тұратынын анықтап аламыз. Ол үшін пропорция арқылы әрбір атомның массаларын тауып алу керек:

44 г $CO_2$ - 12 г $C$

1,32 г $CO_2 - x$ г $C$

$$x = \frac{1{,}32 \cdot 12}{44} = 0{,}36\text{ г C}$$

18 г $H_2O$ - 2 г $H$

0,54 г $H_2O - x$ г $H$

$$x = \frac{0{,}54 \cdot 2}{18} = 0{,}06\text{ г } H$$

m ($C_xH_y$) = 0,9 г

m ($C_xH_y$) = 0,36 +0,06 = 0,42

Демек, белгісіз органикалық қосылыстың құрамында оттегі атомы бар екендігін байқаймыз:

m ($O$) = 0,9 - 0,42 = 0,48

m ($C_xH_yO_z$) = 0,36 +0,06 +0,42 = 0,9 г

$$v(C):v(H):v(O)=\frac{0,36}{12}=\frac{0,06}{1}=\frac{0,48}{16}=0,03:0,06:0,03=1:2:1$$

формула $CH_2O$ болды, ал молекулалық салмағы 80 болу керек, яғни формуланы нақты табу үшін былай деп $(CH_2O)_n$ алып, ары қарай шығарамыз:

$(CH_2O)_n$ = 180 г/моль

$(CH_2O)_n$ = 180

12n + 2 n +16n = 180

30n = 180

n = 6

яғни, формула былай болады: $C_6H_{12}O_6$

M($C_6H_{12}O_6$) = 180 г/моль

№6. Массасы 20 г бір атомды спиртті тотықтырғанда түзілген қышқылды бейтараптауға 54 мл 20%-дық тығыздығы 1,18 г/мл калий гидроксидінің ерітіндісі жұмсалды. Спирттің формуласын табу керек [1,4].

Шешуі:

$$C_nH_{2n+1}OH \xrightarrow{H_2} R-COH \xrightarrow{O} RCOOH$$

m(KOH ер-ді) = $\rho\cdot V$ = 54 мл · 1,18 $г/мл$ = 63,72 г

$$m_{ер.зат}=\frac{w\cdot m_{ер-дi}}{100\%}=\frac{20\%\cdot 63,72\ г}{100\%}=12,744\ г\ KOH$$

$x$ г 12,744 г

$$CH_3COOH+KOH\rightarrow CH_3COOK+H_2O$$

60 г/моль 56 г/моль

$x$ г $CH_3COOH$ - 12,744 г $KOH$

60 г/моль $CH_3COOH$ - 56 г/моль $KOH$

$$x=\frac{60\cdot 12,744}{56}=13,65\ г\ CH_3COOH$$

20 г 13,65 г

$$C_nH_{2n+1}OH+[O]\rightarrow CH_3COOH$$

$x$ г/моль 60 г/моль

20 г $C_nH_{2n+1}OH$ - 13,65 г $CH_3COOH$

$x$ г/моль $C_nH_{2n+1}OH$ - 60 г/моль $CH_3COOH$

$$x=\frac{60\ г/моль\cdot 20г}{13,65\ г}=88\ г/моль\ C_nH_{2n+1}OH$$

$M(C_nH_{2n+1}OH)$ = 88 г/моль

$C_nH_{2n+1}OH$ = 88

12n+2n+1+16+1=88

14n=70

n = 5

$C_nH_{2n+1}OH = C_5H_{2\cdot5+1}OH = C_5H_{11}OH$

M($C_5H_{11}OH$) = 88 г/моль

№7. 1,3 г белгісіз бір органикалық затты жаққанда 4,4 г $CO_2$ және 0,9 г $H_2O$ түзілген. Осы заттың молекулалық формуласы қандай? [3,4]

Шешуі:

44 г $CO_2$ - 12 г $C$

4,4 г $CO_2 - x\ г\ C$

$$x=\frac{4,4\ \cdot 12}{44}=1,2\ г\ C$$

18 г $H_2O$ - 2 г $H$

0,9 г $H_2O - x$ г $H$

$$x = \frac{0,9 \cdot 2}{18} = 0,1\,г\,H$$

$$m\,(C_xH_y) = 1,2 + 0,1 = 1,3 \text{ г}$$

Демек, белгісіз органикалық қосылыстың құрамында көміртегі, сутегі атомдарынан тұратындығын, оттегі атомы жоқ екендігін анықтадық.

$$v(C): v(H) = \frac{1,2}{12} = \frac{0,1}{1} = 0,1 : 0,1 = 1:1$$

формула $CH$ болды, оны екі еселейміз $(CH)_2$ сонда мынадай формула шығады $C_2H_2$ – ацетилен. Химиялық реакция теңдеуімен жазып, есептің дұрыстығын тексеруге болады:

$$\overset{x\text{ г}}{2C_2H_2} + 5O_2 \rightarrow \overset{4,4\text{ г}}{4CO_2} + 2H_2O$$

52 г/моль 176 г/моль

$$x = \frac{4,4 \cdot 52}{176} = 1,3\,г\,C_2H_2.$$

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Молдағалиев Х.Д. Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған химия оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1981.

2. Ыбыраев М.. Органикалық химияның жаттығулары мен есептері. – Алматы: Рауан, 1993.

3. Гольдфарб Я.Л., Ходаков Ю.В., Доданов Ю.Б. Химия есептері мен жаттығуларының жинағы. / Жалпы білім беретін мектептің 8-11сынып оқушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2002.

4. Ерыгин Д.П., Шишкин Е.А. Методика решения задач по химии. – Москва: Просвещение, 1989.

## РЕЗЮМЕ

**Аргынбаева З.М.,** *магистр химии, старший преподаватель*

(*г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет* )

## МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ПРИ НАХОЖДЕНИЙ ХИМИЧЕСКИХ ФОРМУЛ

В данной статье предлагаются задачи нахождения химической формулы вещества, исходя из разных параметров в условиях. В представленных задачах приведены различные способы нахождения формулы вещества. Задачи даны таким образом, чтобы освоить оптимальные методы и различные варианты решения. Наглядно демонстрируются наиболее общие приёмы решений задач.

***Ключевые слова:*** химические символы, химическая формула, кристаллогидрат, плотность, молекулярная масса, количественный и качественный состав.

## SUMMARY

***Z. Argynbaeva,*** *master of Chemistry, senior lecturer*

*(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## METHODS FOR SOLVING PROBLEMS OF FINDING CHEMICAL FORMULAS

This paper presents the problem of finding the chemical formula of the substance, based on the various parameters under the conditions. In the Tasks view shows the different ways of finding the formula of substance. Tasks are therefore to learn the best methods and various solutions. Illustrating the most common methods of making.

***Keywords:*** chemical symbols, chemical formula, crystalline, density, molecular weight, qualitative and quantitative composition.

**УДК 26.824.98**

# РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭКСКУРСИИ В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ

***Х.Н. Кобегенова,*** *старший преподаватель*
***Е.С. Нуркеев,*** *преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** Экскурсия является одним из важных средств поднятия качества учебной и воспитательной работы школы. Наблюдения в природе рождают чувство прекрасного, учат школьников восприятию подлинной красоты окружающей местности.

***Ключевые слова:*** маршрут, компас, краеведение, явления природы, ландшафт.

Экскурсии – одна из важнейших форм организации обучения географии. Это форма организации занятий в природе, а также на предприятиях, как производственной, так и непроизводственной сферы. Значение экскурсий заключается в реализации краеведческого принципа обучения, а также экологического и экономического принципов. Кроме того, экскурсии играют большую роль в ознакомлении школьников с методами исследования географической науки, в развитии их познавательной самостоятельности. В традиционной программе по географии, по которой многие года работали школы, были предусмотрены как осенние, так и весенние экскурсии в природу.

Цель этих экскурсий – закрепление и конкретизация учебного материала уже изученного и накопление данных о природных и хозяйственных объектах и явлениях для опоры при изучении теоретического материала. Во время экскурсий происходит целенаправленное изучение реальной действительности своей местности, что подготавливает школьников к познанию основного содержания школьной географии.

Экскурсии применяются с большим успехом в преподавании разных школьных наук. Но едва ли можно указать другой школьный предмет, который в такой бы степени нуждался в использовании экскурсий, как география. Большинство географических объектов отличаются значительной протяжённостью, сложностью и многообразием. Их можно обозреть только на месте их обычного нахождения. Ботаник, зоолог, минеролог могут принести образцы и изучать их в классе. Изучаемые географией объекты, например, рельеф местности, реку, предприятие и т. п., географ не может принести в класс. Для непосредственного ознакомления с ними учеников необходимо проводить экскурсии.

Поэтому в обучении географии экскурсия является одним из важных для формирования у учеников географических представлений и реальных понятий. Проведение экскурсий в школе встречает значительные трудности. Учителю нужно осознать эти трудности для успешного их преодоления. Например, некоторые из них:

1) Школа работает по строгому расписанию. На урок по каждому предмету отводится 45 минут. Провести экскурсию за это время не всегда удаётся. На это может потребоваться два часа и больше, что срывает последующие уроки по другим предметам. Для преодоления этой трудности надо двухчасовые экскурсии вносить заранее в календарный план, учитывать их при составлении расписания и по возможности экскурсии проводить в последние часы занятий. В начальной школе, за редким исключением, один учитель в классе ведёт все предметы. Он легко может выделить время на экскурсии. Труднее находить время учителям, которые одновременно занимаются с несколькими классами.

2) Провести хорошую экскурсию труднее, чем дать обычный урок. Многие учителя не имеют экскурсоводческих навыков.

Нужно на практике учиться проводить экскурсии, накапливать опыт. Первые экскурсии трудны. Потом будут приобретаться знания своего края и методическая экскурсоводческая сноровка; качество и эффективность экскурсий будут возрастать. Нужно читать литературу по методике экскурсий и обеспечить себя нужными справочниками.

3) Отсутствие в некоторых школах необходимого оборудования.

Учителю необходимо вместе с учениками наладить изготовление самодельных приборов.

4) На экскурсии труднее организовать занятия детей и поддерживать дисциплину, чем в классе.

Создание рабочего состояния есть лучшее средство для поддержания порядка. Нужно хорошо продумывать план экскурсии и стремиться к тому, чтобы все ученики были вовлечены в учебную работу.

5) Для экскурсии приходится выбирать день с хорошей погодой. Иногда из-за плохой погоды срывается назначенная экскурсия.

Тут иного выхода нет, как только перенести экскурсию на другой день. Все эти трудности в проведении экскурсий требуют от учителя дополнительных усилий на их преодоление. Учебно-воспитательное значение географических экскурсий. Каково учебно-воспитательное значение экскурсий? Искупают ли полученные от них результаты те дополнительные усилия учителя, которые требуются на преодоление трудностей их проведения?

Педагогическая теория и практика подтверждают, что экскурсионная форма школьной работы обладает большой учебно-воспитательной эффективностью, а в преподавании географии применение её прямо необходимо. Без экскурсий преподавание географии неизбежно приобретает словесно-книжный схоластический характер. Экскурсии являются одним из средств преодоления формализма в обучении географии.

За применение экскурсии в учебно-воспитательной работе высказывались выдающиеся педагоги. Основоположник русской педагогики К.Д.Ушинский (1824–1870) писал: «Я вынес из впечатлений моей жизни глубокое убеждение, что прекрасный ландшафт имеет такое огромное воспитательное влияние на развитие молодой души, с которым трудно соперничать влиянию педагога... что день, проведённый ребёнком посреди рощ и полей... стоит многих недель, проведённых на учебной скамье»...[1].

Важнейшая положительная сторона экскурсионной формы школьной работы заключается в том, что созданные на экскурсиях представления и понятия служат основой в изучении географии далёких стран. Благодаря экскурсии достигается высшая форма наглядности преподавания географии. Экскурсия создаёт условия для развёртывания учебной самодеятельности учащихся. Правильно организованная экскурсия должна сопровождаться посильным самостоятельным исследованием географического объекта самими учениками. Это активизирует педагогический процесс.

Экскурсия поднимает жизненный тонус детей, бодрит их, создаёт повышенное, жизнерадостное настроение. Давно отмечалось, что ничто так не сближает учителя с учениками, как экскурсия. Она разбивает лёд отчуждённости, робости учеников в отношениях к учителю и в то же время предоставляет учителю возможность познакомиться с учениками в других условиях, отличных от классной обстановки. Экскурсия укрепляет любовь учителя к ученикам и располагает, привязывает их к учителю.

Всё это создаёт весьма благоприятные условия для проведения учебно-воспитательной работы. Передвижения учащихся на экскурсии стимулируют их познавательную деятельность. Экскурсия оживляет, усиливает познавательный процесс у детей, развивает их наблюдательность. Экскурсия знакомит детей с природой, с окружающей действительностью. Она сближает их с жизнью, прививает им навыки к научному исследованию реального мира, связей и взаимозависимостей объективных явлений. Научное объяснение явлений природы и обыденной жизни на экскурсии, раскрытие их причинных связей закладывает в сознании учащихся основы диалектико-материалистического мировоззрения. Экскурсия даёт учителю большие возможности для идейно-политического воспитания учащихся. Во время экскурсий у учеников развивается общительность, чувство товарищества.

Экскурсия знакомит школьников со своим краем, с его разнообразными природными богатствами и с красотой отдельных ландшафтов. На экскурсиях учащиеся получают возможность собственными глазами видеть преобразующее воздействие коллективного труда на природу, использование обществом сил природы, полезных ископаемых, земельных угодий. Экскурсии на сельскохозяйственные и промышленные предприятия позволяют показать учащимся трудовые подвиги рабочих и колхозников, яркие факты построения демократии [2].

Учебные экскурсии создают условия для работ исследовательского характера, что очень помогает развитию творческой инициативы и целенаправленному использованию интересов школьников. Систематическое изучение природы в процессе экскурсий воспитывает бережное отношение к ней. Воспитать человека, любящего Родину, невозможно без хороших знаний своего края. Наблюдения в природе рождают чувство прекрасного, учат восприятию подлинной красоты окружающей местности. В этом большое эстетическое значение экскурсий. Значение экскурсий состоит ещё и в том, что школьники приобретают различные необходимые для жизни умения или компетенции: наблюдать явления природы, ориентироваться на местности, работать с топографическим планом, коллекционировать и оформлять материалы наблюдений. На экскурсии создается также возможность лучше узнать индивидуальные качества и способности учащихся. Именно во время экскурсий воспитывается чувство коллективизма. Непосредственное ознакомление учеников со своей родиной развивает в них любовь
к ней, культивирует патриотизм и национальную гордость [1]. Таким образом, экскурсия является одним из важных средств поднятия качества учебной и воспитательной работы школы. Экскурсия много даёт и самому учителю для повышения его педагогической и научной квалификации. Она обеспечивает ему овладение научно-исследовательскими методами, приобретение навыков к изучению окружающей действительности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мамонов, А. В. История экскурсионного дела / А. В. Мамонов // География в школе. 1999. - № 2. – С.41-44.
2. Райков Б.Е. Методика и техника ведения экскурсий. – М.-Л: Госиздат, 2003.
3. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. – М., 1980.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Көбегенова Х.Н.,*** *аға оқытушы,* ***Нуркеев Е.С.,*** *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ЭКСКУРСИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Бұл мақалада экскурсияның мектептің оқу және тәрбие жұмысының сапасын көтерудегі маңызды құралы екендігі туралы айтылған.

***Түйін сөздер:*** маршрут, компас, өлкетану, табиғи құбылыс, ландшафт.

## SUMMARY

***Kh.N. Kobegenova,*** *senior lecturer,* ***E.S. Nurkeev,*** *lecturer*
*(c.Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## THE ROLE AND IMPORTANCE OF THE EXCURSIONS IN LEARNING GEOGRAPHY

This article discusses that the tour is one of the important means of raising the quality of teaching and educational work of the school.

***Keywords:*** route, compass, study of local lore, natural phenomena, landscape.

**ӘОЖ 582.28 (036) ББК 25.5 Я2, М59**

# ҚЫРЫҚҚАБАТ ЖӘНЕ КАРТОПТЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН АУРУЛАРЫ

***Ж.Ж. Қожантаева,*** *б.ғ.д., проф.,*
***Ж.Е. Наурызбаева,*** *магистрант*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Алматы облысы Қарасай ауданы территориясында өсірілетін қырыққабат пен картопты зардаптайтын микромицеттердің биоэкологиясы, соның ішінде зардаптау ерекшеліктері және аурудың алдын алу туралы мәлімет берілген.

***Түйін сөздер:*** Фомоз, қырыққабат альтернариозы, ақ шірік, қара табанша, фитофтороз, стемфилиоз, фузариоздық солу, ризоктониоз немесе қара қотыр.

Бақшамыздағы кәдімгі күнделікті тағамға қолданып жүрген қырыққабат пен картоптың өсіп-өнуі кезінде әртүрлі аурулар жапырақтары мен жемістерін зақымдайды.

Ауыл шаруашылық дақылдары ішінде біздің республикамызда қырыққабат көп егіледі. Құндылығы бойынша ол басқа көкөніс дақылдарынан кем емес. Қазақстанда қырыққабат егісінің көлемі бүкіл көкөніс көлемінің 35% шамасына жақын, яғни қырыққабат өсірілетін жер көлемі 10 мың гектардан асады.

Қырыққабаттың калориялық қуаты аз болғанымен, онда әртүрлі минералдық заттар, витаминдер, көмірсулар, сонымен қатар аздаған белок, май бар. Бақша қырыққабаты қаудан түзетін жапырақтарын дәрілік өсімдік ретінде пайдаланады. Ұйқысыздыққа және бас ауруына қолданады. Атеросклероздан сақтандырады. Ашытқан қырыққабат сөлін тәбетті жақсарту үшін, іштің қатуында, геморрой кезінде, жара ауруларынан емделу мақсатында ішеді. Жапырағын іріңді жараларға, күйікке, жараға, суланған қышымаға басады. Қырыққабат сонымен қатар ісік ауруларына да қарсы емдік мақсатта қолданады. Сонымен қатар азықтық өсімдік. Қырыққабат өсімдігінің сөлін медицинада жүрек және асқазан ауруларын емдеуге қолданады [1].

Қырыққабатта кең тараған аурулар қатарына мыналар жатады: қырыққабат тамыр шірігі, құрғақ шірік, қырыққабат ақ ұнтақ аурулары т.б.

Қырыққабат тамыр шірігі. Кең тараған аурулар қатарына жатады. Бұл ауруға шалдыққан өсімдіктердің сыртқы белгісі анық болып бөліне қоймайды. Егер өсімдік ауруға ерте шалдықса, онда капуста өсімдігі аздап қана сарғаяды, баяу өседі. Сондықтан капуста көшетін отырғызу кезінде ауру белгісін анықтау үшін өте ұқыпты қарау керек. Өсімдік өсіп жетілген кезде шірік ауру салдарынан ол солады, жапырақтар оралып түйінектенбейді, дараланған күйінде қалады.

Бұл ауруды тудырушы *Plasmospara brassica* паразит. Паразит өсімдіктен тыс өмір сүре алмайды. Оның споралары топырақта ұзақ жатпай, өсе бастайды. Бұдан шыққан амобоидтар өсімдіктің тамырларына еніп, өсе бастайды да әртүрлі кезеңдерден өткеннен кейін одан плазмодин пайда болады, өсе келе көптеген споралар түзеді. Ауру қоздырғыш саңырауқұлақтың салдарынан капустаның тамырында түйінектер пайда болады. Кейін ол түйінектер шіріп жарылады, одан саңырауқұлақтың споралары топыраққа таралады, одан келесі маусымда тағы ауру қозады.

*Тамыр және сабақтың құрғақ шірігі (фомоз).* Қырыққабат өзегінің құрғақ шірігі немесе фомоз, бірінші жылында түйінек түзілмеуі мүмкін.

Мицелилері ақ сұр, қоңыр түсті болып келеді. Гифаларының ені – 3-6 мкм. Пикнидасы шар тәрізді сопақша, 105-240 мкм. Споралары бір клеткалары түссіз жұмыртқа тәрізді, өте майда диаметрі 4-6х 1,5-2 мкм.

Саңырауқұлақтар тұқымдар мен өсімдік қалдықтарында қыстап шығады. Аурудың белгісі жапырақта, сабақта, тамырында сары сұр түсті қара нүктелі пикнидалары бар дақтар пайда болады. Тамыры мен тамыр мойны шіріп, өсімдіктердің өлуіне алып келеді.

Ауру Шымкент, Алматы, Қостанай, Жамбыл, Көкшетау облыстарында таралған.

Ауру қоздырғышы Phoma lingam Desm.саңырауқұлағымен зақымдалған ұлпаның жоғарғы бетінде қара пикнидалар пайда болады, ол аурудың маңызды диагностикалық белгісі. Микроскоп астында тамшы суда пикнидадан шыққан споралардың жіңішке лентасы көрінеді, пикнида сағашығынан шығып тұратын шырыш массасындағы споралар тек ылғал болғанда босап шығады; споралар бір клеткалы, түссіз (сурет 1).



Сурет 1 – Phoma lingam

Көшеттерде фомоз тұқым бөлігін, сабақты және тамырды зақымдайды. Тұқымдарында нашар көрінетін, дақ көрінеді саңырауқұлақтың қара пикнидаларымен зақымдалған сабағы қара сирақты елестетеді, бірақ жай қара сирақпен зақымдалған ұлпа сұр түсті және оның үстінде пикнидалар болмайды. Алқапта әдетте ауруды көшетті топыраққа отырғызғаннан кейін 2-3 апта өткен соң байқауға болады. Ауру өсімдіктер нашар дамиды, төменгі жапырақтар қызғылт немесе көгілдір түске енеді.

*Phoma* туысы түрлерімен зардапталу кезіндегі конидиялар түзу ерекшеліктері.

*Phoma lingam Sacc*. Зардапталған өсімдік түрі – *Brassica oleraceaeL*. Ақшыл сұр түсті ірі дақтарда шар, бүйірлері қысыңқы шар тәрізді, диаметрі цилиндр, жұмыртқа тәрізді, өлшемі 4-6х2-3 мкм.

*Phoma lingam Sacc*. Зардапталған өсімдік түрі – *Thlaspi arvense L*. Жапырақтарында майда, дөңгелек ақшыл сары түсті дақтарда шашыраңқы болып, оларда қара-қоңыр түсті өлшемі 126-192 мкм, пикнидалар жетіледі. Конидиялары бір клеткалы цилиндр тәрізді, түссіз, өлшемі 3-4х1,5-2 мкм.

*Phoma lingam sacc*. Зардапталған өсімдік түрі – *Lepidium sibiricumPall*. Жапырақтарында, сабақтарында майда қоңыр түсті дақтарда шар, бүйірлері қысыңқы шар тәрізді, қара-қоңыр түсті пикнидалар жетіледі. Конидиялары бір клеткалы, цилиндр, эллипсоид тәрізді түссіз, өлшемі 5-9х2-3 мкм.

Инфекцияның алғашқы басқа көзі болып зақымдалған егін егілген топырақ болып табылады. Саңырауқұлақ зақымданған өсімдік қалдықтарында, өзегінде сақталады. Саңырауқұлақ топырақта 3 жылға дейін сақталады. Биричекут жеміс станциясында қырыққабатты 3 жыл егіс айналымында өсіргенде фомозбен зақымдану 1,4% қырыққабатты қырыққабат орнына өсіргенде 29,4% болған.

Саңырауқұлақ алқапқа көңмен әкелінуі де мүмкін, егер оған зақымданған өсімдік қалдықтары малды қоректендіру кезінде немесе компост пайдалану кезінде, толық шірімеген ауру өсімдіктер болғанда түседі. Саңырауқұлақ спорасы өсімдік ұлпасына әртүрлі механикалық зақымдануынан, зиянды насекомдар зақымдауы; мысалы, шыбын дернәсілдері, крестгүлділер қандаласы зақымдануына түседі.

*Қырыққабат альтернариозы.* Аурудың қоздырғышы *Alternaria brassicae* саңырауқұлағы. Ауру ылғалды кезде кең таралады. Зақымданған жапырақ бөлімі сарғайып, үстін қар зең басады, өсімдіктің зақымдануы тұқым егу кезінде және насекомдар арқылы жүреді. Саңырауқұлақ жіпшелері арқылы тұқымда және өсімдік қалдықтарында қыстап шығады.

*Қырыққабаттың ақ шірігі.* Қоздырғыш саңырауқұлақтың бір түрі – *Sclerotinia sclerotiorum саңырауқұлағы.* Ауру қырыққабаттың төменгі жапырақтарының шіруінен басталады. Зақымданған мүшелері ылғалданып, қоңыр тартады да, онда көптеген склероциялар пайда болады. Саңырауқұлақ топырақтағы өсімдік қалдықтарында қыстап шығады.

*Қара табанша.* Ауруды қоздыратын саңырауқұлақтар. Қазақстанда қырыққабаттың көшеттерінде *Rhizoctonia solani Kuhn. Alternaria* және *Fusarium* түрлері.

Саңырауқұлақ өсімдіктердің қалдықтарында қыстап шығады. Әлсіз өсімдіктерді зақымдайды. Қырыққабат, темекі, қызанақ, қиярды зақымдайды. Қара табаншамен ауырған көшеттердің сабақтары қарайып, солып қалады. Артық ылғал аурудың қарқынды дамуына мүмкіндік жасайды. Көшетханалар мен жылыжайларда да кездеседі. Ауру көбінесе күтім нашар болғанда дамиды. Көктем суық жылдары көшетханалардың дұрыс желдендірілмеуі жағдайында өлген өсімдіктердің саны 60% құрайды [2].

*Картоптың саңырауқұлақ аурулары. Фитофтороз.* Картоп – аса маңызды дақылдардың бірі болып табылады. Ол тамақ ретінде наннан кейін екінші орында, себебі түйнектердің құрамында белок, адам организміне пайдалы минералды тұздар, кальций, фосфор, темір және басқа көптеген қоректік элементтер, витаминдер (С, $B_1$, $B_2$, $B_6$, Д, РР, К, Е), каратиноидтар болады. Өнеркәсіпте картоп крахмал, патока, спирт, глюкоза сияқты құнды заттар алу үшін шикізат ретінде пайдаланылады. Мал үшін де картоптың қабығы мен түйнегі жоғары сапалы, әрі бағалы азық болып табылады. Сондықтан да осы аса пайдалы дақылды өсіруге елімізде ерекше көңіл бөлінуде.

Фитофтороз XIX ғасырдың бас кезінде Америкадан әкелінген түйнектерді отырғызу арқылы Еуропа елдерінде таралған. Кеңес одағында, әсіресе, Белоруссия және Прибалтика Республикаларында, Ресейдің солтүстік-батыс аймағындағы облыстарда жиі кездесетін, өте қауіпті аурудың бірі болып саналады.

Қазақстанда фитофтороз алғаш рет 1995 жылы Алматы облысында кездесті. А.Д.Казенастың мәліметіне қарағанда бұл ауру республикамыздың оңтүстік-шығыс облысының тау бөктеріндегі аудандарындағы және солтүстік облыстарындағы картоп егісінде жиі кездескенімен, баяу дамиды, өнімге үлкен әсер келтірмейді [3].

Ауруды *Phytophthora infestans* Д.В. саңырауқұлағы қоздырады. Ауруға картоптың барлық органдары шалдығады. Алдымен ауру белгілері ескірген жапырақтардың шық тұратын жоғарғы ұшында байқалады. Зақымдалған жапырақ бөліктері қоңыр тартып, тез қарайып кетеді. Біртіндеп ауру жапырақ сағақтары мен сабақтарына таралып, өсімдік тіршілігін тоқтатуы мүмкін. Жаңбыр тамшыларымен ауру қоздырғышының инфекциясы жапырақтан шайылып жерге түсіп, түйнектерді зақымдайды. Олардың үстіне көлемі әртүрлі қоңырқай немесе сұрғылт ойыс дақтар пайда болады. Ауруға шалдыққан органдарда саңырауқұлақтың конидилері немесе зооспорангилері түзіліп, жаз бойы бірнеше ұрпақ береді. Ауру су арқылы немесе желмен тез таралып, бүкіл егістікті зардаптайды (сурет 2).




Сурет 2 – Картоптың ішінің фитофторозбен зақымдануы

1-картоптың жапырағынан Phytophthora infestans түрінің конидия сағақтарының устица саңылауларынан сыртқа шығуы, 2-конидия, 3-зооспорангиде түзілген зооспоралар, 4-зооспорангиден зооспораларының шығуы, 5-зооспораның өнуі.

Фитофтороз ауруына шалдыққан картоп түйнектерін қоймада сақтауға болмайды. Ауру түйнегінің ішкі тканьдарына терең тарамағанымен, басқа микроорганизмдердің әсерінен ол тез шіріп кетеді. Ауру қоздырғыш саңырауқұлақ мицелий күйінде түйнектерде сақталып, келесі жылы отырғызылған картоп өнген кезде, инфекция жаңа сабақтар мен жапырақтарға тарайды.

*Стемфилиоз.* Өте кең таралған аурудың бірі. Әсіресе, еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандарында көп шығын келтіреді. Қазақстанда солтүстік, батыс, оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарда таралған.

Ауруды Stempullum solani саңырауқұлағы қоздырады. Қазақстанның қолайлы ауа райы жағдайында шілде айының екінші жартысында картоптың жапырақтарында дөңгелек шеңберлері бар үлкен, қоңырқай түсті дақтар пайда болады. Ауру қатты өршігенде шеңберлі дақтар бір-бірімен қосылады да, жапырақтар қурап, түсіп қалады. Әсіресе ауаның қызуы 25-$28^0$ жеткенде, аурудың конидияларының өсіп жетілуіне өте қолайлы жағдай туады. Картоп түйнектерінде де әртүрлі қоңырқай немесе қара ойыс дақтар пайда болады. Қыс уақытында қоймаға салынған мұндай түйнектер жылдам шіріп кетеді. Ауру қоздырғышы өсімдіктердің қалдықтарында және топырақта сақталады (сурет 3).



Сурет 3 – Стемфилиум конидиялары

*Картоптың фузариоздық солуы.* Картоп фузариозы Қазақстанда көптеген облыстарда кездеседі. Ауру әсіресе, Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарында картопқа көп зиян келтіреді.

В.С.Дьяченконың мәліметтері бойынша фузариоздық солуды фузариум туысына жататын саңырауқұлақтың *Fusarium oxysporium Schl., avenaceum(Fr.) Sacc., F.solani(Mart.)App.etWr.* түрлері қоздырады. С.Т.Бубенцовтың деректеріне қарағанда Қазақстанның оңтүстігінде фузариоз солуын тек қана *Fusarium oxysporiumSchl.* қоздырады.

Өсімдіктер ауруға гүлдену, түйін салу кезінде өте бейім келеді. Осы мезгілде ауру картоп тамырларын немесе түйнектерін жайлап, соның нәтижесінде ондай өсімдіктердің жапырақтары сарғайып, соңынан солып және құрғап қалады. Кейбір жылдары картоптың 41,3% фузариоз солуына шалдығып, өнім шығымы 25% дейін кемиді (Бубенцов, 1967).

Қазу мен жинау кезінде механикалық зақымдалған түйнектер фузариоз ауруына өте бейім келеді. Ескере кететін жай, вегетация уақытында фузариозға шалдыққан картоп түйнектері қоймада сақтауға төзімсіз болады. Әсіресе, түйнектер мұқият сұрыпталмай, әрі кептірілмей ұзақ мерзімге сақтауға қалдырылса, қойманың ауа қызуы жоғары болса, уақытымен желдетілмесе, ауру қатты өрши түседі. Көбінесе түйнектердің сырты зақымданбай, ауру оның ішін кеулеп, қуыстандырып жібереді. Қуыстарда саңырауқұлақтың жіпшумағымен спора түзуші сағақтарынан тұратын ақшыл сары, қызғылт реңді өңездер пайда болады. Қоймадағы түйнектердің фузариоз шірігінен 15-30%-ға дейінгі мөлшері ысырап болады.

*Картоптың ризоктониозы немесе қара қотыры.* Ауру Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі. С.Т. Бубенцовтың мәліметіне қарағанда, Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарында ризоктониозбен картоп түйнектерінің зақымдалуы 40-60% дейін, ал кейбір шаруашылықта 80-100% дейін жетеді [4].

Ауруды *Rhiroctonia solani Kuhn,.Hypochnus solani Pr. et.Dell* саңырауқұлақтары қоздырады. Ауруға картоптың жер бетіне жаңа шыққан өскіні, сабағы, столондары,

тамырлары, түйнектері шалдығады. Зақымданған сабақтың мойнында алғаш селдір ғана ақ ұлпа пайда болып, кейінірек ол қоңырқай тартып, киіз сияқты өңезге айналады. Жаңбырдың суымен жайылып жерге түскен саңырауқұлақтың базидиоспоралары келесі жылғы өнімнің түйнектерін зақымдайды. Картоп түйнектерінің үстін бұжыр-бұжыр қатпарлар басып кетеді. Ризоктониозбен мүлдем ауырмайтын сорттар жоқ, дегенменде К.И.Попкова, А.С.Воловик және басқа ғалымдардың деректері бойынша Арена, Волжанин, Смена сорттары бұл ауруға төзімділік білдіреді (сурет 4).



Сурет 4 – Картоптың сау түрі (сол жағы) және ризоктониямен зақымдануы (оң жағы)

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казенас Л.Д. Болезни сельскохозяйственных растений Казахстана. – Алма-Ата: Кайнар,1974. – 366 б.

2. Толкачева Л.П. Устойчивость белокочанной капусты к основным болезням на юге Приморья. Бюл. ВИР. – Л., 1979. – Вып. 96. – 26-30.

3. Попкова К.В. Болезни картофелья. – М., 1980,

4. Система мероприятий и сорных растений в Казахстане. – А., 1995.

5. Бубенцов С.Т. Болезни картофеля. – Алма-Ата: Кайнар, 1967. – С. 115-200.

## РЕЗЮМЕ

***Кожантаева Ж.Ж.,*** *д.б.н., профессор,* ***Наурызбаева Ж.Е.,*** *магистрант 1 курса*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ КАПУСТЫ И КАРТОФЕЛЯ

В статье приведены представлены результаты исследования, особенностей болезни капусты и картофеля вызываемые видами грибов, фомоз, фитофтороз, стемфилиоз, фузариозная гниль и вирусов.

***Ключевые слова:*** Фомоз, альтернариоз капусты, белая гниль, черная подошва, фитофтороз, стемфилиоз, фузариозная вялость, ризоктониоз или черная парша.

## SUMMARY

***Zh.Zh. Kozhantayeva,*** *doctor of bio.sciences, professor,*
***Zh.E. Nauryzbayeva,*** *master of 1st course*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE MOST COMMON DISEASE OF CABBAGE AND POTATOES

The article presents the results of research, especially diseases of *cabbage* and *Kartopya* caused by types of fungi, Gangrene Gangrène, late blight, Stempullum solani, Fusarium rot and viruses.

***Keywords:*** Phoma, Alternariabrassicae, sclerotinia, Rhizoctoniasolani, stempullum, Fusarium rot, sheathblight, black scurf.

## ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА
## PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTERSCIENCE

**ӘОЖ 74.5**

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***А.Қ. Бекболғанова,*** *п.ғ.к., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*
***М.Е. Бекболғанова,*** *п.ғ.к., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Абылай хан атындағы*
*Қазақ халықаралық қатынастар*
*және әлем тілдері университеті)*

***Аңдатпа:*** Қазіргі білім беру жүйесіндегі «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Елімізді дамытудағы математика ғылымының маңызы мен рөлі анықталған. Сонымен бірге функционалдық сауаттылықтың адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші екені талданған.

***Түйін сөздер:*** функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, сабақ, теория, тәжірибе, математика, оқушы, кластер.

Қазақстан Республикасының Президенті – ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан стратегиясы – 2050» Жолдауында «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды».

Ол адам өмірінің түрлі салаларында (технология, экономика, саясат, мәдениет) жаңа өзгерістердің болуы олардан жаңа бағыт алуға, тіпті білімі мен іскерлігін, түсінігін өзгертуге әкеледі. Үлкендердің білімі өзгермелі шынайы жағдайда дұрыс бағыт алуға көмектесетіндей болуы керек. Бірақ ол үшін оның өзі қажетті өзгерістерді қабылдай алуы керек. Ол дегеніміз, әлеуметтік өзгерістер үрдісі білім саясатын тұтастай немесе оның жеке компоненттерін қайта қарау болып табылады.

Әр салада нәтижелі жұмыс жасау үшін адам өзінің білімін қоршаған ортада болып жатқан жағдайлар мен құбылыстардың және үрдістердің арасындағы заңды байланыстарды түсінетіндей деңгейге дейін көтеруі керек, сонымен бірге білімін, іскерлігін, біліктілігін де кеңейтуі қажет. Қазіргі кезде білім жүйесіне құзыреттілік немесе жан-жақтылық керек пе деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені шешу үшін қазіргі кездегі сауаттылық дегеніміз не деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Бұл мәселе біраз кешігіп қарастырылып отыр, индустриалды дамыған елдерде аталмыш мәселемен бала өз ойын жеткізе алатын кезден бастап айналысады. Бұл жерде педагогикалық теорияның адамды қоғамда өмір сүруге дайындайтын және «Білім және қоғам» мәселесін түсінуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық ғылымнан алыстап кеткені үлкен рөл атқарды.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа деңгейіне өту қоғамдағы барлық салалардың өзгерісіне алып келеді, яғни әлеуметтік қарым-қатынас сипаты, тілі, мәдениеті өзгереді. Ақпараттық қоғамда қалыптасқан түсініктер жаңа мағынамен толығады, көптеген құбылыстар жаңаша қабылданады. Нақтырақ айтқанда, «сауаттылық» түсінігінің мазмұны қоғам талабына сай қайта қарастырылып, нақтылануды қажет етеді.

«Сауаттылық» гректің grammata – оқу және жазу деген сөзінен шыққан. Тікелей аударғанда ол жаза білу және оқи алуды меңгеру деген мағына береді. Бірақ «сауаттылық» мағынасы қоғамның экономикалық және саяси даму кезеңдеріне, яғни қоғам талабына сай тұлғаның дамуына байланысты өзгеріп отырады. Бастапқы кезде оқи алу, содан кейін оқу және жазу, ал кейіннен санай алу енді және т.б. сауаттылық болып саналды.

«Сауаттылық» түсінігі қоғам талабына сай тұлғаның білім деңгейінің өзгеруімен анықталып отырады. Бірнеше ғасырлар бойы, тіпті XIX ғасырдың соңына дейін оқи білетін және жаза алатын адамды сауатты деп санайтын, ал тек оқи алатын адамды жартылай сауатты деп атады. Бұл атау В.И.Дальдің сөздігінде көрініс тапты. Мұндай көзқарас ұзақ уақыт бойы сақталды: XX ғасырдың 80 жылдарына дейін жаза білу және оқи алу сауаттылық болып қабылданды. Орыс тілі сөздігі, педагогикалық анықтамалықтар, энциклопедиялық сөздіктерде сауаттылық терминінің мағынасы бірдей – оқу мен жазу іскерлігіне сәйкес ана тілінің заңдары мен ережелерін белгілі бір дәрежеде меңгеру.

XX ғасырдың 80 жылдарының соңында «сауаттылық» түсінігі кеңи түсті. 1987 жылы С.И.Ожеговтың сөздігінде «сауатты» сын есімін төмендегідей талдайды: «1. Оқи және жаза алатын, сонымен бірге грамматикалық тұрғыда қатесіз, дұрыс жаза алатын. 2. Қандай да бір сала бойынша ақпаратты, қажетті білімді меңгерген. 3. Істі білетін, қатесіз орындайтын». Екі онжылдықтан кейін қазіргі орыс тіліндегі «сауаттылық» терминіне ұқсас мағына С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведованың сөздігінде де (2006 ж., 4 басылым) берілген.

Педагогикалық ғылымда «функционалдық сауаттылық/сауатсыздық» түсінігі салыстырмалы түрде қарастырғанда жаңа болып табылады. Ол 60-жылдардың соңында дамыған елдерде халықаралық мәселе ретінде ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization — *UNESCO*— Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі ұйымы) құжаттарында талқыланып қарастырылды.

Халықаралық тәжірибеде «сауаттылық» түсінігінің анықтамасы, оның құрылымы және сипаттамасы XX ғасырдың ортасынан бастап статистика бойынша өткізілген жиналыстарда және халық санағы жоспарламаларында қарастырылған. ЮНЕСКО-ның басты конференциясы (XX сессия, Париж, 1958ж.) барлық елдерге халық санағын өткізген кезде оқығанын түсіне алатын және өзінің күнделікті өмірі туралы қысқа мазмұндама жаза алатын адамдарды сауатты деп санау керек екенін ұсынды. Ал тек оқи алатын адам жартылай сауатты болып саналады [6, 227 б].

1960 жылдардың басында ЮНЕСКО «өз өміріне қатысты қарапайым және қысқа хабарламаларды түсініп оқи алатын және жаза білетін адамды» сауатты деп есептеді.

XX ғасырдың ортасынан бастап сауаттылық мәселесі халықаралық ұйымдар назарына ілікті. 1990 жыл ЮНЕСКО ұсынысы бойынша Халықаралық сауаттылық жылы болып жарияланды, БҰҰ 2003-2012 жылдарды «Сауаттылық онжылдығы» деп жариялады.

Сауаттылық мәселесіне жаңаша қарауды қажет ететін әлеуметтік өзгерістер негізгі екі түрге бөлінеді олар:

- қандай да бір білім ошақтары қызметінің модернизациясына сәйкес жедел реакциясын талап ететін қоғамдық өмірдің жекелеген тұстарындағы күнделікті өзгерістер;
- мәдени-тарихи үрдістердегі ғаламдық тұрақты бағыттар, яғни ұзақ мерзімді білім стратегиясына қажетті барлық білім құрылымдарын келісімді түрде реформалау.

Біздің еліміздегі қазіргі әлеуметтік жағдайда экономикадағы нарықтық қатынастың құрылуы және әлеуметтік-саяси саладағы парламенттік демократия қағидаларының бекітілуі; екіншіден – өткеннен бастау алатын, қазіргі жағдайда болып жатқан және болашақты болжайтын қоғамдық дамудың ғаламдық бағыты.

Қазіргі жағдайда сауаттылық мәселесін көтеруге төрт фактор себеп болып отыр. Олар: а) қоғамдық өмірдің жалпы және жан-жақты күрделенуі; б) оның негізгі үрдістерінің жаңа мазмұны және олардың өзара байланысының жаңа сипаттамасы; в) осы негізде қоғамдық тұлға іс-әрекеті түрлерінің кеңеюі; г) бұрын меңгерілген құзыреттіліктің тез арада жарамсыздануы, оның қызмет ету мерзімінің қысқаруы.

Адамның қойған мақсатымен сәйкес келетін нәтижеге жету қабілеті сауаттылықты көрсетеді. Ол білім алу кезінде қалыптасады және сол алған білім нәтижесі болып табылады. Білім алу үрдісінің басқа екі жағы, яғни тәрбие мен даму сауаттылық мәселесіне тікелей қатысты емес. Дегенмен, олар болмаса нәтижелі іс-әрекеттің болмауы да мүмкін.

Қазіргі таңда адам қызметінің көп салалы болуы сауаттылық түрінің де көп екендігін көрсетеді. Қоғамда тұлғаның негізгі іс-әрекеті мына салаларда іске асырылады. Олар: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени салалар. Бұл аталған салалардың әрқайсысы белгілі бір дайындықты, жоғары деңгейдегі сауаттылықты талап етеді.

Сауаттылықтың толық мағынасын беретін жалпы анықтамасы әлі тұжырымдалмаған. Оның бірнеше себебі бар. Мысалы, педагогика ғылымымен байланысты салалар әлі күнге дейін қарапайым сауаттылық мәселесімен жұмыс жасауда десек те болады, себебі әлемде 1млрд. адам оқи да, жаза да алмайды. Сауаттылықтың жалпы анықтамасы мен оның тәжірибеде қажеттілігіне күмән келтіретіндер де бар. Оның соңғысы әлемдік дамудың біркелкі болмауын алға тартады, яғни әртүрлі деңгейде дамыған елдерде сауаттылықтың ұлттық стандарты бойынша біркелкі түсінік қалыптаспаған.

«Сауаттылық» категориясы білім саласының мақсаты оқу мен жазуды үйрету болған кезден бастап туындаған. Бірақ сол кездің өзінде оқу бағдарламасы арифметиканың төрт амалын орындауды меңгертуді қарастырған, ал ол сауаттылықпен еш байланыстырылмаған.

Жалпы айтқанда, сауаттылық мәселесі адамның табиғи және жасанды тілді меңгеруі арқылы құбылысты, табиғи/табиғи емес шынайылықты тануын қарастырады. Бұл тұрғыда сауаттылық адамға өзін қоршаған ортаны түсінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жеке өзінің және жалпы басқалардың да жетістікке жетуіне жағдай жасайды. Ол ана тілін меңгеру десек те болады. Бұл түсінік өте кең мағыналы – ол гуманитарлық және техникалық, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарын кешенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай мақсатқа жету жұмыстарын білім жүйесі ғана атқара алады.

Сонымен сауаттылық дегеніміз – адамның объективті логикаға сәйкес жасалатын іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Бұл анықтама сауаттылыққа әмбебап сипаттама береді, яғни оның түрлерінің жалпы белгілерін бейнелейді, оның ішіне оқи және жаза алу қабілеті де кіреді. Бұл жерде тілдік мәдениетті құрудағы, жүргізудегі және дамытудағы объективті заңдылықтарға жету үрдісіндегі белгілі бір ережелерге байланысты қалыптасқан қабілет қарастырылған.

Сауаттылық деңгейі туралы мәселе педагогикалық теорияда да, тәжірибеде де өзекті мәселе болып табылады: оның шешімі табылмайынша білім жүйесінің мақсатында анықтық болмайды. Аталған жағдайды өзекті мәселе ретінде қарастырмаған кез келген білім тұжырымдамасы тығырыққа тіреледі. Сауаттылықтың деңгейлерін талқылау барысында келесі кезеңдерді ұсынуға болады, олар: а) қарапайым немесе бастапқы сауаттылық – оқи алу, жаза алу, сонымен бірге арифметиканың төрт амалы арқылы есеп жүргізу, яғни әлеуметтік қызметтің қарапайым түрлеріне қатыса алу; б) базалық жалпы мәдениеттік сауаттылық – кәсіби немесе қандай да бір іс-әрекеттің теориялық негізін, сонымен бірге адам, қоғам және табиғат туралы ғылым мен білім негізін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді; в) функционалдық немесе тәжірибеге бағытталған сауаттылық – қазіргі заманғы түрлі іс-әрекеттерді терең түсінуге және қатысуға, өткеннен үлгі алып, қазіргі озық педагогикалық тәжірибелерді меңгеруге мүмкіндік береді; г) шығармашылық сауаттылық – жаңаны құра білу, өз тәжірибесін жетілдіре алу.

«Сауаттылық» түсінігінің маңызы тұлғаның білім деңгейіне қойылатын талаптардың тарихи жағдайға икемделуіне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен, сауаттылық түсінігінің нақты мазмұны тұлғаның дамуына қоғам талабының өсуіне қарай өзгеріп отырады. Мысалы: қарапайым оқу, жазу, санау және т.с.с. қоғамға қажетті білім мен біліктілік деңгейін меңгеруге дейін. Сауатсыздық мәселесі жаңа өлшемдерді қабылдады және ол географиялық тұрғыда да кеңи бастады. «Функционалдық сауаттылық» термині алғаш рет 60 жылдардың ортасында пайда болды және жалпы сауаттандыру бағдарламасын және жобаларын жасау

мен жүзеге асыру стратегиясымен байланыстырылады, ол оқуды, жазуды үйрету әдістемесіне және мазмұнына бағытталды.

Қазіргі таңда «функционалдық сауаттылық» түсінігінің мазмұны адамға әлеуметтік үрдістерге сапалы түрде қатысуға мүмкіндік беретін қоғамға қажетті білім мен білікті меңгеруге дейін кеңейді. Бұл білім мен біліктілік кешені, әлеуметтік, мәдени, географиялық, тарихи және т.б. факторларға байланысты әрдайым кеңіп отырады. «Функционалдық сауаттылық» терминінің жиі қолданылуына байланысты, сонымен бірге оның тәжірибелік тұрғыда бағалануы (мысалы, БҰҰ «2003-2012 жылдарды сауаттылықтың онжылдығы» деп жарияланды) отандық және шетелдік ғалымдардың бұл түсінікті кеңінен зерттеуіне әкеледі. Функционалдық сауаттылықтың бірнеше анықтамасы бар. Олар:

- адамның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алу қабілеті және ол ортада тез арада үйрене алуы мен жұмыс жасай білуі;
- нақты мәдени ортада тұлғаның өмір сүруі үшін қажетті әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіндегі қалыпты қызметін қамтамасыз ететін білім, іскерлік және біліктілік деңгейі (В.Манкевич, С.Крупник);
- адамның өмірінде кездесетін іс-әрекеттердің бәрін нәтижелі орындауына дайындық деңгейі, тұлғалық жетілуінің жиынтығы және адамның жеке басқа қасиеттерінің оның мамандығымен сәйкес келуі (htp/www.bz/minsk.by/index.php.article=11703);
- нақты жағдайы және белгілі бір тарихи жағдайларды өмірге қажетті қабілеттер мен білім, іскерлік, біліктілік деңгейі; ол қоғамдық өмірде, жұмыста және үйде тұлғаның әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қызметінен көрінеді;
- ұлттың халықтың немесе белгілі бір топтың мәдени немесе гуманитарлық даму өлшемі.

Ресей педагогикалық энциклопедиясында (1993 ж.) сауаттылық түсінігі адамның ана тіліндегі грамматикалық нормаларға сәйкес оқи және жаза алу деңгейімен түсіндіріледі. Тұрғындарды сипаттау бойынша сауаттылық олардың әлеуметтік-мәдени дамуының базалық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сауаттылық түсінігінің нақты мазмұны тарихи тұрғыда өзгеріп отырады, тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптардың өсуіне байланысты кеңіп отырады – қарапайым оқу, жазу, санай білуден қоғамдық қажетті біліктілікті меңгеруге (Функционалды сауатты болу) дейін.

Функционалды сауатты тұлға – ол қоғамдық құндылықтарға сәйкес бейімделетін және іс-әрекет жасайтын адам. Функционалды сауатты тұлғаның негізгі белгілері: ол көптеген авторлар жалпы білімдік іскерлік пен негізгі құзыреттілік деп атайтын белгілі бір қасиеттерді тани білетін және оларды меңгерген, өз күшімен жұмыс жасай алатын адам. Негізгі өзекті құзыреттілік – нақты қоғам жағдайындағы адамның таңдаған мамандығына тәуелді емес, жеке және кәсіби өмірінде жетістікке жетуіне және жағдайды түсінуіне мүмкіндік беретін жалпы қабілеті мен іскерлігі болып табылады. Жалпы білімдік іскерлік (өзекті құзыреттілік) барлық пәндерді оқу кезінде дамиды және төрт түрге бөлінеді: ұйымдастырушылық, іскерлігі (жеке бастың жетілу құзыреттілігі немесе іс-әрекетті реттеу) интеллектуалдық іскерлік (оқу-танымдық, ақпараттық, құнды-мағыналық құзыреттілік немесе танымдық әмбебап іс-әрекет); бағалау іскерлігі (құнды-мағыналық құзыреттілік немесе жеке бас іс-әрекеті); коммуникативтік іскерлік (жалпымәдениеттік, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі немесе коммуникативтік іс әрекет).

Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулерді, диссертациялық зерттеулерді қарастыра отырып және тәжірибелер негізінде мынадай қорытынды жасай аламыз, олар:

1. Функционалдық сауаттылықты қазіргі әлеуметтік субъекті білімінің қандай да бір деңгейі ретінде қарастыруға болады;
2. Функционалдық сауаттылық қазіргі кәсіби білімнің қажетті құраушысы болып табылады және құзыреттілікті дамытумен тікелей байланысады.
3. Функционалдық сауаттылық болашақ және қазіргі жұмыс жасайтын маманның құзыреттілігін дамытуға негіз болады.

4. Құзыреттілік тәсіл әлеуметтік субъектінің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі болып табылады.

5. Функционалды сауаттылық күнделікті іс-әрекеттердің әртүрлі өрісінде кездесетін түрлі мәселелерді тәжірибе жүзінде іске асатын білімдер арқылы шешуге қажетті және де ақпаратты қабылдау мен түрлендіру негізінде шешуге байланысты білім, біліктілік, дағдыларды, сонымен қатар, өз бетінше іс-әрекеттерді меңгеруді көрсетеді. Жоғарыда айтылғандар негізінде біз функционалдық сауаттылық анықтамасын тұжырымдай аламыз.

Функционалдық сауаттылық – ол субъектінің ақпаратты қабылдау, қайта өңдеуімен байланысты іс-әрекет үрдісінде, типтік оқу және кәсіби тапсырмаларды орындауда қолданатын пәндік, пәнаралық, интегративтік мәселелердің жиынтығын көрсететін қазіргі кәсіби білімнің қажетті құраушысы болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты./ Ана тілі, № 5. 2012. – Б. 7-8.
2. ЮНЕСКО. Акты Генеральной конференции/20-я сессия. – Париж, 1978 – т.1. Резолюция. Приложение 1. – Париж, 1979. – С.19.
3. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка [Текст]: в 4-х т. – М., 1978. Т1. – 390 с.
4. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка [Текст]. – М., 1987. – 960 с.
5. Крупник С.А. Функциональная грамотность в системе образования Белоруссия / С.А.Крупник, В.В.Мацкевич. – Минск: Акад.последипл.образования, 2003. – 125 с.


## РЕЗЮМЕ


***Бекболганова А.К.,*** *к.п.н., старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*
***Бекболганова М.Е.***
*(г. Алматы, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана)*


## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ


В статье рассматривается проблема функциональной грамотности в системе образования. Определена роль математики при развитии страны. А также функциональная грамотность анализируется как показатель уровня общений человека с внешней средой и быстрой адаптации его в этой среде.



***Ключевые слова:*** функциональная грамотность, компетентность, урок, теория, практика, математика, ученик, кластер.


## SUMMARY


***A.K. Bekbolganova***
*(Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty)*
***M.E. Bekbolganova***
*(c. Almaty, Kazakh Ablai Khan University of International Relations & World Languages)*


## THEORETICAL BASES OF FUNCTIONAL LITERACY OF PUPILS


The problem of functional literacy in the education system. The role of mathematics in the development of the country. Also, functional literacy is analyzed as an indicator of the level of human communication with the external environment and its rapid adaptation in this environment.



***Keywords:*** functional literacy, competence, lesson, theory, practice, math, student cluster.

**УДК 001:378**

# МЕТОДЫ И ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРОГРАММИРОВАНИЮ В ВУЗЕ

***Н.Д. Дархан,*** *магистр, преподаватель*
***З.К. Сабырова,*** *ст.преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** Настоящая статья посвящена анализу современных методов и организационных форм обучения программированию в вузовских курсах информатики применительно к возможности создания интегрированного курса, сочетающего в себе все известные подходы к разработке алгоритмов и программ.

***Ключевые слова:*** формы, обучения, программирование, информатика.

Одними из основных разделов современных курсов информатики, преподаваемых в большинстве казахстанских вузов, являются разделы, связанные с обучением программированию, формированием у обучаемых алгоритмического мышления, подготовке к оперированию с важнейшими инструментальными системами и средствами. Вместе с тем в ранее опубликованных работах неоднократно подчеркивалась необходимость совершенствования методических систем обучения программированию в связи с потребностью подготовки специалистов, владеющих процедурными, объектно-ориентированными, логическими и функциональными подходами к разработке алгоритмов и программированию [1,2]. Подробные подходы в информатике принято называть парадигмами программирования. Таким образом, становятся актуальными вопросы изучения существующих подходов к организации обучения программированию в вузе и развития курса информатики с целью подготовки специалистов, владеющих всеми парадигмами программирования [3].

Настоящая статья посвящена анализу современных методов и организационных форм обучения программированию в вузовских курсах информатики применительно к возможности создания интегрированного курса, сочетающего в себе все известные подходы к разработке алгоритмов и программ. Если говорить более точно, для подготовки студентов вуза в области информатики необходима система курсов, основанная на интеграции парадигм программирования, которая строится в соответствии с понятием информатики как научной дисциплины.

Рассматривая подходы к пониманию термина «информатика», надо отметить, что, с одной стороны, этот термин употребляется как суммарное обозначение всей сферы автоматизированной информационной техники и технологии. С другой стороны, информатика трактуется как область знания, отрасль науки. А.П.Ершов предлагает понимать информатику как фундаментальную науку, изучающую процессы передачи и обработки информации. С точки зрения А.А.Дородницина, состав информатики определяют три неразрывно и существенно связанные между собой части: алгоритмические, программные и технические средства, при этом акцент делается на прикладные аспекты информатики.

Сопоставляя определения предмета информатики и понятие программирования, можно сделать вывод, что программирование занимает одну из важнейших частей информатики. Поэтому при подготовке специалиста в этой области программированию должна быть отведена адекватная часть его доли, занимаемой в информатике как науке. В программировании концентрируются инженерные вопросы реализации алгоритма при заданных пространственно-временных ограничениях, средствами конкретного языка программирования с учетом всего жизненного цикла программного продукта.

Современный курс информатики должен дать знания, которые будут являться базой для понимания возможностей и ограничений использования персональных компьютеров и

программного обеспечения в жизни общества. Изучение курса предполагает получение фундаментальных знаний в области информатики. Введение нескольких языков, а тем более, парадигм программирования позволяет адаптировать полученные знания к быстро меняющейся обстановке в сфере новых информационных технологий, что, в свою очередь, позволяет на новом качественном уровне использовать информационные технологии в учебном процессе, предоставляет возможность реализовать требуемую модель подготовки студентов. Содержание информационной подготовки студентов отражается в двух ее структурных составляющих: компоненте образования и компоненте обучения. Причем компонента образования предназначена для формирования общих знаний об основных принципах информатики и обобщенных способах построения, функционирования и использования информационных технологий. Компонента образования составляет теоретическую часть содержания информационной подготовки. Компонента обучения должна формировать умения и навыки работы в конкретных условиях применения современных информационных технологий. Такая компонента содержит практическую часть информационной подготовки.

Курс программирования на основе изучения определенной методологии разработки алгоритмов отвечает, с одной стороны, требованиям, заложенным как в компоненте образования, так и в компоненте обучения. С другой стороны, он призван дать необходимые знания о языке программирования, который лежит в основе построения информационных технологий на современном этапе развития информатики. В настоящее время система курсов по информатике распределена на два этапа подготовки студентов (бакалавриат и магистратура). Курс программирования на основе изучения языка одной из парадигм программирования полностью охватывает общеобразовательную подготовку (нижнюю ступень бакалавриата) и вторую ступень (магистратуру) по направлениям науки. Основу методической системы обучения языкам программирования составляет теоретический и практический материал раздела «Языки программирования», обеспечивающий профессиональные знания в области информатики и компьютерной техники, которые необходимы студентам в их будущей деятельности.

Отбор содержания системы курсов информатики, основанных на интеграции парадигм программирования, должен осуществляться согласно специальных методических принципов, основные из которых перечисляются далее.

1. Научная строгость и последовательность курса, которая предполагает непротиворечивость и логическую последовательность изложения материала. Для практической реализации данного критерия отбора содержания определены критерии научной строгости и последовательности учебного материала: каждая тема должна быть изложена логически непротиворечиво, реализация каждой темы должна отвечать оценке научного уровня и характеристикам логической строгости.

2. Системность научных знаний. Основные положения этого критерия сводятся к тому, что каждое основное понятие должно иметь четко определенное место в системе понятий всего раздела, изложение основных идей и понятий должно быть произведено с использованием достаточного набора соответствующих факторов, методы, используемые в системе курсов информатики, должны обеспечивать рациональное решение практических задач.

3. Принцип доступности обеспечивается постепенностью перехода от простого к сложному, посильностью и целесообразностью терминологии и символики, соответствием имеющемуся запасу знаний, умений и навыков.

4. Принцип практической направленности теоретического материала. Данный принцип заключается в том, что должна существовать четкая связь теоретического материала с практикой, причем не только в качестве его использования при решении учебных задач, но и с практикой, как видом человеческой деятельности. Кроме того, содержание должно обеспечивать приобретение у обучаемых практических навыков использования полученных знаний в области программирования и алгоритмизации.

5. Принцип соответствия целям обучения, опирающийся на то, что каждое понятие или метод, входящие в содержание обучения информатике, должны соответствовать определенным целям, которых необходимо достичь в процессе обучения, а также быть ориентированными на приобщение обучаемых к программированию с использованием всех возможных парадигм.

6. Изучение материала в единстве теории, технологии и техники, что подразумевает использование взаимосвязи между различными аспектами информатики (теоретическим, технологическим и техническим), использование триады «модель–алгоритм–программа», которая лежит в основе применения методологии информатики в различных сферах человеческой деятельности.

Отметим, что при определении содержания обучения информатике необходимо учитывать сложную структуру соотношений между знаниями умениями и навыками, которые в учебной деятельности студента выступают в диалектическом единстве и характеризуют процесс формирования понятий. Содержание любого учебного предмета – это всегда определенная информация о явлениях или методах деятельности, характерных для данной области. Существенных исследований требует методика обучения информатике в случае базирования соответствующей методической системы на интеграции различных парадигм программирования. При этом под методом обучения в вузе понимаются упорядоченные способы взаимосвязанной деятельности преподавателя и студента, направленные на достижение поставленных целей обучения конкретной научной дисциплине.

Классификации методов обучения отличаются друг от друга критерием, положенным в основу каждой из них. Рассмотрим основные классификации методов обучения с точки, зрения применения этих методов при обучении курсу программирования.

По способу передачи информации от преподавателя к студенту различают вербальные, наглядные и практические методы обучения. При обучении курсам и разделам программирования используются вербальные (при изложении лекционного материала) и практические (выполнение лабораторных работ, практикумов, решение задач) методы, причем основной акцент делается на практические методы, в процессе применения которых студенты не только получают новые знания, но и приобретают практические навыки. Преподаватель при этом инструктирует, указывает цели работы, направляет и проверяет ход ее исполнения. В деятельности студентов преобладает практическая работа (вещественные и умственные действия), в ходе которой особую роль играет самостоятельный мыслительный процесс, позволяющий осуществить поиск данных и парадигмы решения задачи.

По основным видам дидактических проблем, решаемых на занятии, можно выделить методы приобретения знаний, формирования умений, применения знаний, методы творческой деятельности и методы проверки знаний, умений и навыков. Отметим, что все перечисленные методы приемлемы для использования при обучении системе курсов программирования на базе интеграции вышеупомянутых парадигм.

Следует отметить, что очень часто методика учебной деятельности представляет собой итерационный поступательный процесс. Такие выводы позволяют предложить метод, применение которого целесообразно при обучении описываемой системе курсов программирования. Речь идет об итерационном методе обучения.

Рассматривая итерацию как пошаговое приближение к определенной цели, можно применить метод итерации как при изложении лекционного материала, так и в процессе выполнения лабораторных работ по информатике. Тем более, что специфика заданий, предназначенных для выполнения на лабораторном практикуме, вполне соответствует поступательному итерационному процессу, который выражается в построении ряда алгоритмов и программ решения задачи, причем каждый следующий алгоритм является уточнением или расширением предыдущего. Таким образом, построение итоговой программы с применением одной из парадигм программирования представляет собой

итерационный процесс, на каждом шаге которого происходят некоторые изменения, что и позволяет нам применить итерационный метод обучения.

Согласно отмеченным положениям, последовательность изложения лекционного материала зависит от порядка практических и лабораторных работ. Учитывая их итерационный характер, изложение лекционного курса также имеет смысл строить на основе итерационного метода.

В случае практического применения подобной методики обучение реализуется не на основе постепенного изучения новых структур и операторов одной из возможных парадигм программирования, а с помощью поступательного итерационного процесса уточнения и расширения возможностей программной реализации моделируемой системы. Причем введение новых структур данных и возможностей языка программирования обосновывается с точки зрения их необходимости для решения новой задачи. Формы организации обучения – внешнее выражение совместной деятельности учителя и учеников, происходящей в определённом порядке и режиме.

Актуальность направления исследования. В настоящее время система отечественного образования находится в состоянии модернизации, которая обусловлена глубокими структурными изменениями, происходящими в современном мире, требующими развития новых подходов к построению общеобразовательной и профессиональной подготовки. Научная основа этой модернизации заложена в работах В.А.Болотова, В.В.Краевского, В.Г.Кинелева, В.В.Лаптева, В.С.Леднева, В.Д.Шадрикова, Г.П.Щедровицкого и др.

Одним из направлений модернизации образования является более широкое использование компетентностного подхода, что связано с расширением образовательного пространства за пределы формального образования в параллельные структуры системы непрерывного образования, с учетом индивидуальных интересов и возможностей обучаемых и формированием навыков деятельности в конкретных ситуациях. Компетентностный подход широко распространен в странах Западной Европы и США. Об этом свидетельствуют, например, рекомендации Совета Европы использовать набор так называемых ключевых компетенций (познавательных, общественных, информационных и др.) как основу для построения учебных планов и программ общего образования для всей Европы. Существуют различные подходы к понятию компетентности. Так, например, по мнению С.Л.Братченко, компетентность есть способность к осуществлению реального жизненного действия, по определению Б.Д.Эльконина, это квалификационная характеристика индивида, взятая в момент его включения в деятельность. Так как у любого действия существует два аспекта – ресурсный и продуктивный, то именно развитие компетентностей определяет превращение ресурса в продукт.

В настоящее время еще не сложилась общепризнанная и однозначная терминология: имеются разногласия в самих понятиях «компетентность», «компетенция», «ключевые», «основные» «базовые компетентности». В своих исследованиях мы в большей мере уделяем внимание содержательной, а не терминологической стороне проблемы формирования компетентности в образовательной практике. Мы не делаем различия между понятиями «компетентность» и «компетенция», связывая формирование компетентности с деятельностным подходом, готовностью проявления знаний, умений и способностей в конкретной ситуации.

Для реализации компетентностного подхода в системе образования необходима подготовка и переподготовка преподавательских кадров, способных в реальной жизненной и профессиональной практике применять ключевые компетентности. Среди универсальных (ключевых) компетентностей мы в первую очередь выделяем информационную и коммуникативную не только потому, что они являются инвариантными в любых существующих на сегодняшний день российских и зарубежных программах, посвященных компетентностному подходу, но и потому, что они служат естественным результатом широкого распространения и использования информационных технологий. При этом формирование вышеназванных компетентностей у будущих учителей имеет два аспекта:

общеобразовательный и профессиональный. Общеобразовательный аспект связан с готовностью использовать информационно-коммуникационные технологии в различных видах деятельности. Профессиональный аспект информационной коммуникативной компетентности мы связываем с готовностью применения этих технологий в учебном процессе. Исходя из этого вытекает проблема всестороннего анализа и прогнозирования изменений в профессиональной деятельности учителя в условиях перехода на компетентностный подход. Данный подход требует изменения учебного процесса, так как для формирования компетентностей необходимо создание определенных учебных ситуаций, которые могут быть реализованы в специальных учебных средах, позволяющих учителю моделировать, а также осуществлять эффективный контроль за деятельностью обучаемого в этой модельной среде.

Основной подход, принятый в нашей работе, заключается в том, что названную проблему можно решить, используя современные мультимедиа-технологии.

В дальнейшем под образовательным мультимедиа мы будем понимать дидактическое программное средство, предъявляющее образовательное содержание в интерактивной форме с помощью различных видов информации, интегрированное использование которых способствует повышению эффективности познавательных процессов. Мультимедиа-технологии как наиболее эффективное и многофункциональное средство, интегрирующее в себе мощные распределенные образовательные ресурсы, могут обеспечить среду формирования и проявления компетенций, к которым в первую очередь относятся информационная и коммуникативная.

Мультимедиа и телекоммуникационные технологии открывают принципиально новые методические подходы в системе как общего образования, так и профессиональной подготовки преподавателей в вузе. Интерактивные технологии на основе мультимедиа позволят решить проблему «провинциализма» сельской школы и на базе Интернет-коммуникаций, и за счет интерактивных CD курсов. Очевидно, что все эти проблемы особенно остро стоят перед будущими учителями, которые являются основными проводниками компетентностного подхода в учебный процесс.

Таким образом, в настоящее время становится актуальной проблема исследования, связанная с анализом условий и направлений изменения учебного процесса, которые необходимы для реализации компетентностного подхода и формирования информационной и коммуникативной компетентности будущих учителей, в частности на основе использования мультимедиа и гипермедиа-технологий.

Цель исследования состоит в том, чтобы определить дидактические модели и принципы формирования информационной и коммуникативной компетентности на основе мультимедиа-технологий для подготовки будущих учителей к реализации компетентностного подхода и разработать на их основе методическую систему в условиях открытого образования. Наиболее адекватной методикой использования мультимедиа-технологий для формирования компетенций служат активные методы обучения, к которым относится кейс-метод, метод управляемого открытия, метод проектов и портфельный подход.

Научная новизна и теоретическая значимость исследования состоит в следующем: в обосновании принципов построения методической системы формирования информационной и коммуникативной компетентности на основе мультимедиа-технологий; в определении содержания и структуры обучения будущих учителей основам мультимедиа-технологий в рамках информационной подготовки; в теоретическом обосновании целесообразности использования мультимедиа-технологий для освоения будущими учителями компетентностного подхода и применения его в практике преподавания; в обосновании принципов и моделей построения личностно-ориентированных мультимедиа-приложений на основе использования модели виртуальных программных агентов и мониторинга познавательного стиля обучаемых; в определении методических принципов использования

кейс-метода обучения на основе использования мультимедиа-технологий, позволяющих создавать учебные ситуации для формирования компетентностей.

Подготовка по предмету осуществляется в учебном процессе через образовательную составляющую этого предмета, которая, в свою очередь, реализуется через определенную систему знаний и компетенций, обеспечивающих студентов уникальным инструментарием для развития любого знания в действии а механизмом реализации данной функции образовательной системы могут служить мультимедиа-технологии. Информационные и коммуникативные компетентности в каждой предметной области реализуются через открытую методическую систему обучения, основу которой составляют личностно-ориентированные мультимедиа-технологии как универсальная среда моделирования реальных ситуаций, в которых реализуется данная компетентность.

Освоение и использование мультимедиа-технологии будущими преподавателями должно носить комплексный, системный характер и должно быть включено в блок профессиональной и методической подготовки, а также широко использоваться в практике высшей школы как инструмент познания и проектирования открытых образовательных систем. При построении методики обучения, в условиях ориентации на компетентностный подход в образовании наряду в общедидактическими принципами, целесообразно учитывать принципы: открытости, многомерности, демократичности, комплексности, универсальности, социокультурной проблемности, деятельностной основы и гибкости.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Жужжалов В.Е. Специфика обучения программированию при подготовке студентов-информатиков // Вестник МГПУ. Сер. Информатика и информатизация образования. – М., 2004, № 1 (2). – С. 56–61.

2. Жужжалов В.Е. Методология разработки учебных программ на основе процедурной парадигмы программирования // Вестник МГПУ. Сер. Информатика и информатизация образования. – М., 2004, № 1 (2). – С. 61–66.

3. Жужжалов В.Е. Интеграционные методы изучения программирования в вузовском курсе информатики // Вестник МГПУ. Серия информатика и информатизация образования. – М., 2003, № 1 (1). – С. 53–54.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Дархан Н.Д.,*** *оқытушы, магистр,*
***Сабырова З.Қ.,*** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПРОГРАММАЛАУДЫ ОҚЫТАТЫН ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Бұл мақалада жоғары оқу орындарының информатика курсында алгоритм мен программа құрудың белгілі барлық тәсілдерін қамтитын біріктірілген курс құрудың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, программалауды оқытатын заманауи әдістер мен ұйымдастыру формаларын талдау қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** форма, оқыту, программалау, информатика.

**SUMMARY**

***N.D. Darkhan,*** *lecturer, master,* ***Z.K. Sabyrova,*** *senior lecturer*
*(city Almaty, Kazakh state women's teacher training university)*

**METHODS AND ORGANIZATIONAL FORMS OF TRAINING TO PROGRAMMING AT THE UNIVERSITY**

This article is devoted to the analysis of modern methods and organizational forms of teaching programming in university computer science curricula in relation to the possibility of creating integrated course combining all known approaches to the development of algorithms and programs.

***Keywords:*** forms, training, programming, computer science.

**UDC 536.24.08**

## DEVICE FOR DEMONSTRATING THE ANOMALY OF WATER

***N. Ilyasov*** *cand. of ped.sc., professor*
***A. Shakarbekkyzy,*** *Master of physics, lecturer*
***N. Baitursyn,*** *Master of physics, lecturer*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

***Abstract*****:** The amount of water, unlike other liquids decreases with increasing temperature from 0°C to 4°C, water reaches its maximum density at 4°C. the article discusses the experimental work of students on the evidence of this pattern.

***Keywords:*** temperature, experiment, diagram, density, distillation, extrapolate.

The device for demonstration of thermal anomalies of water, the measurement of its thermal expansion and the definition of its maximum density. Includes vessel of borosilicate chemical laboratory glass inlet tube and two connecting devices with thread GLto install the vertical tube with a millimeter scale and a temperature sensor or thermometer. In the delivery set includes wand for mixing.

Water is unlike most other materials in that up to a temperature of about 4°C it initially contracts and only starts expanding at higher temperatures. Since the density is inversely related to the volume of a mass, water thus reaches its maximum density at about 4°C.

The experiment involves measuring the expansion of water in a vessel with a riser tube. The height *h* to which water rises up the tube is measured as a function of the water temperature *t*. Neglecting the fact that the glass vessel also expands at higher temperatures, the total volume of the water in the vessel and in the tube is given by:

$$v(t) = v_0 + \pi \cdot \frac{d^2}{4} \cdot h(t) \qquad (1)$$

*d*: Internal diameter of tube,

$v_0$: Volume of vessel

If the expansion of the vessel is taken into account, equation (1) becomes

$$v(t) = v_0 \cdot (1 + 3 \cdot \alpha \cdot t) + \pi \cdot \frac{d^2}{4} \cdot h(t) \qquad (2)$$

$\alpha$=3.3 $10^{-6}$ $K^{-1}$: linear expansion coefficient of glass

LIST OF APPARATUS

1 Apparatus for demonstrating the anomaly of water U14318
1 Magnetic stirrer U11876
1 Digital thermometer, single channel U11817
1 K-type NiCr-Ni immersion sensor U11854 or
1 Thermometer U16115
Figure 1: Vessel with riser tube for measuring the thermal expansion of water
Figure 2: Experiment set-up for determining the temperature of the maximum density of water
1 Plastic funnel, d = 50mm U8634700
1 Silicon tubing, 1m, 6mm U10146
1 Stand rod, 470mm U15002
1 Clamp with jaw U13253
1 Stand base, 150mm U13270
1 Plastic trough T52006
Distilled water, crushed ice, table salt



Figure 1



Figure 2

*SET-UP*

- First place the stirrers into the apparatus for demonstrating the water anomaly.
- Mount the riser tube onto the glass vessel and screw it on tight.
- Connect the immersion sensor to the digital thermometer, screw the GL screw cap with the small bore onto the threaded tube at the side and insert the immersion sensor.
- As an alternative, the experiment can be conducted by using a standard thermometer. To use such an instrument, slide the GL screw cap with the large bore over the thermometer and attach it to the threaded tube at the side.
- Connect the silicon tube to the hose clip and then to the funnel.
- Set up the stand rod in the stand base. Attach the jaw clamp to the stand rod.
- Suspend the funnel from the clamp.
- In order to fill the glass vessel, open the tap and let distilled water into the funnel till the water level has reached approximately the middle of the riser tube.
- Remove any air bubbles by gently shaking the glass vessel.
- Close the tap, remove the tubing and pour the excess water back into its bottle.

*EXPERIMENT PROCEDURE*

- Set up the experiment as in Fig. 2.
- Prepare a mixture of crushed ice and table salt, and fill the plastic tub with this mixture.
- Place the tub on the magnetic stirrer.
- Place the apparatus in the trough as illustrated in Fig. 2.
- Use a marker pen to mark the water level in the riser pipe. Note the water level and the temperature.
- Switch on the magnetic stirrer and set it to medium speed.
- Read off the water level $h$ in the riser tube and plot it as a function of temperature t on a graph.
- As soon as the temperature falls below 0.5°C, remove the experiment apparatus from the trough in order to prevent the water from freezing.

*SAMPLE MEASUREMENTS*

Table 1: Level of water *h* in riser tube measured as a function of temperature t

| t (°C) | *h* (mm) | t (°C) | *h* (mm) |
|---|---|---|---|
| 0.5 | 32.5 | 8.0 | 22.0 |
| 1.0 | 23.0 | 8.5 | 27.3 |
| 1.5 | 16.5 | 9.0 | 32.5 |
| 2.0 | 10.3 | 9.5 | 36.0 |
| 2.5 | 7.3 | 10.0 | 42.2 |
| 3.0 | 5.3 | 10.5 | 47.3 |
| 3.5 | 3.7 | 11.0 | 54.0 |
| 4.0 | 3.3 | 11.5 | 62.0 |
| 4.5 | 4.3 | 12.0 | 67.2 |
| 5.0 | 6.0 | 12.5 | 76.5 |
| 5.5 | 7.5 | 13.0 | 86.5 |
| 6.0 | 10.0 | 13.5 | 94.0 |
| 6.5 | 12.6 | 14.0 | 104.5 |
| 7.0 | 14.8 | 14.5 | 116.5 |
| 7.5 | 19.3 | 15.0 | 125.3 |

EVALUATION

Fig. 3 shows the curve resulting from the values in Table 1. The water level h in the riser pipe at 0°C is established by extrapolation. With this data, we get h(0°C) = 44.7mm. Using Equation (3), we can now calculate the relative density of water.







Figure 3 Figure 4

Figure 3: Water level *h* as a function of temperature t

Figure 4: Relative density of water as a function of temperature t

Water density ρ is derived from equation (1) and (2) as follows:

$$\frac{\rho(t)}{\rho(0^{o}C)} = \frac{v_0 + \pi \cdot \frac{d^2}{4} \cdot h(0^{o}C)}{v_0 \cdot (1 + 3 \cdot \alpha \cdot t) + \pi \cdot \frac{d^2}{4} \cdot h(t)} \quad (3)$$

The maximum value of this expression occurs when t = 4°C (see Fig. 4).

The volume of water decreases as the temperature rises from 0°C to 4°C. The volume of water only increases at temperatures above 4°C. Water attains its maximum density at approx. 4°C.

## REFERENCES

1. Матвеев А.Н. Механика и теория относительности. – М.: Высшая школа, 1986.
2. Сивухин Д.В. Обший курс физики. Т.1. Механика. – М.: Наука, 1989.
3. Хайкин С.Э. Физические основы механики. – М.: Физ-мат. Лит.1962.

## РЕЗЮМЕ

***Ильясов Н.,*** *к.п.н., проф.,* ***Шакарбеккызы А.,*** *магистр физики, преподаватель*
***Байтурсын Н.,*** *магистр физики, преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## УСТРОЙСТВО ДЛЯ ДЕМОНСТРАЦИИ АНОМАЛИИ ВОДЫ

Объем воды, в отличие от других жидкостей, уменьшается при повышении температуры от 0°C до 4°C, то есть вода достигает максимальной плотности при температуре 4°C. В статье рассматривается экспериментальные работы студентов для доказательства этой закономерности.

***Ключевые слова:*** температура, эксперимент, диаграмма, плотность, дистилляция, экстраполяция.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Ильясов Н.,*** *п.ғ.к., проф.,* ***Шақарбекқызы А.,*** *физика магистрі, оқытушы*
***Байтұрсын Н.,*** *физика магистрі, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## СУДЫҢ АНОМАЛДЫ ҚҰБЫЛЫСЫН ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ

Мақалада судың 0°C-дан 4°C-ға дейін, басқа сұйықтардан өзгеше, өзінің меншікті көлемін кемітетін, ал тығыздығын арттыратын қасиетін студенттер зертханалық жұмыстарды орындау арқылы (эксперименттік негізде) көз жеткізгендігі туралы айтылады.

***Түйін сөздер:*** температура, эксперимент, диаграмма, тығыздық, дистилляция, экстраполяция.

## ФИЛОЛОГИЯ – PHILOLOGY

**ӘОЖ 37.032**

# ТҰЛҒАНЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ӨСУІН ДАМЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Т.К. Ауелгазина,*** *саяси ғылымдарының докторы, доцент,*
*(Алматы қ., Педагогикалық білімнің халықаралық*
*Ғылым Академиясының академигі,*
*«ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы*
*акционерлік қоғамының филиалы «Алматы облысы*
*бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін*
*арттыру институты» директорының*
*ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары)*

***Аңдатпа:*** Акмеология – көне грек тілінен аударғанда akme – шың, биіктік, жоғарғы деңгей), logos – ілім, яғни, адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптілік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым саласы болып табылады. Акмеология – зерттеу нысаны (объектісі) өмірдің кез келген саласындағы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзінің қол жетер мүмкіндігін реттей алу динамикасындағы адам болып табылатын ғылыми білімнің жаңа облысы, ғылыми пәндердің кешені. «Акме» – бұл профессионализм шыңы – тұрақты жоғары нәтижелер, келешекке сенімділік.

Шығармашылық – профессионализмнің қажетті компоненті. Өзін-өзі дамыту дегеніміз – профессионализм шыңына жету жолы. Барлық білім алушылардың бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру қажет, бұл «акме» жағдайына жету факторларын құрайды.

***Түйін сөздер:*** Жеке тұлға, демократия, акмеология, акмеологиялық өсу, қоғам, әлемдік қоғамдастық, тәрбие, жаңа технологиялар, инновация, инновациялық білім беру, педагогикалық еңбектер, педагогикалық инновация, абилитация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықпен ықпалдаса отырып, білім беру мен тәрбие саласында ауқымды өзгерістерді жүзеге асыруда. Осы орайда, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабының 7-тармағында: «...оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [1]. Бұл ретте оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай инновациялық технологиялар мен әдістемелерді енгізу, тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту, тәрбие мәселесін күшейту бағыттарын іске асыруға басымдық берілуде.

«Инновация» ұғымы латын тілінен аударғанда «novus» – жаңалық және «in» – енгізу, яғни, «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Жалпы инновация термині ғылымға XIX ғасырда антропология және этнография ғылымдары арқылы еніп, «дәстүр» терминіне антоним ретінде мәдениет саласындағы өзгерістерді зерттеу үдерісінде және бір мәдениеттің кейбір элементтерін өзге мәдениетке енгізу мағынасында қолданыла бастады.

Инновация социология мен педагогика ғылымдарында жаңалық, жаңа әдіс, жаңа жоба түсінігінде XX ғ. 60-жылдарынан бастап қолданылып келеді. Инновациялық технологияны қолданудың негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жаңару, өзгеру мәнін береді. Ал, білім беру саласында инновациялық құбылыстар XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап кеңінен тарала бастады. Әдетте, инновациялық технологиялар бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты істі шешуге бағытталады, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруда оның үздіксіз біліктілігін арттыруын талап етеді. Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, қалыптастыру, яғни, инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұнын, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Ал, А.И.Кочетов «инновация» ұғымына «Көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы» деген анықтама береді. Алайда Р.Масырова мен Т.Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіріп, «Егер баратын деңгей» алдын ала көрсетілген болса, ол қандай инновация» деген тұжырымды ұсынады. В.Кваша мен В.Латинаның пікірлері бойынша «инновация – бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі» болып табылады [2].

Түрлі ғылыми-педагогикалық еңбектер мен энциклопедияларды саралай келе, инновация мәселесі ғылымның әртүрлі салаларында зерттелінгеніне көз жеткіздік. Мәселен, орыс ғалымы А.И.Пригожин инновациялардың мынадай жіктемесін ұсынады:

- таралу деңгейіне қарай: тұрақты, ішінара өзгермелі (диффузиялық);
- өндіріс циклiндегі орнына қарай: шикізаттық, қамтамасыз етуші (байланыстырушы), өнімдік;
- нарықты қамту үлесіне қарай: жергілікті, жүйелік, стратегиялық;
- инновациялық әлеуеті мен жаңалық деңгейіне қарай: радикалдық, комбинаторлық, жетілген.

Ал, зерттеуші П.Н.Завлин инновацияларды 12 қасиеті бойынша, атап айтқанда, маңыздылығына; бағыттылығына; салалық құрылымына; өзгеріске ұшырау деңгейіне;

әзірлемелерге деген байланыстылығына; таралу ауқымына; өндіріс үдерісіндегі орнына; қанаттандыратын қажеттіліктерінің сипатына; жаңалық дәрежесіне; нарыққа шығу уақытына; пайда болу себебіне; қолданылу аясы мен пәніне қарай жіктеу керектігін алға тартады [3].

Д.М.Степаненко ТМД елдері үшін озық үлгідегі жаңалықтар мен инновацияларды келесідей тізбекпен топтастырудың орынды екендігін айтады:

1.Инновацияның жаңалық деңгейіне қарай: радикалдық инновациялар; жақсартушы инновациялар.

2. Инновацияның жаңалық ауқымына қарай: әлемдік ауқымдағы жаңа инновациялар; республикалық ауқымдағы жаңа инновациялар; республикадағы салалар үшін жаңа инновациялар; кәсіпорындар үшін жаңа инновациялар.

3. Инновацияның сипатына қарай: өнімдік инновациялар; процестік инновациялар; ұйымдық инновациялар; экономикалық инновациялар; әлеуметтік инновациялар.

4. Инновацияның қолданылу жиілігіне қарай: бір реттік инновациялар; қайталанбалы инновациялар.

5. Инновация ендірілетін халық шаруашылығы салаларына қарай: материалдық өндірістегі; ғылымдағы; қызмет саласындағы; әлеуметтік саладағы инновациялар.

6. Инновацияның қолданылу саласына қарай: кәсіпорын ішінде қолданылатын инновациялар; кәсіпорында жинақталатын инновациялар; сатуға арналған инновациялар.

7. Инновация түрлеріне қарай: ашылымдар, жаңалықтар, патенттер; оңтайландырушы ұсыныстар; ноу-хау; тауар белгілері, тауар төсбелгілері және эмблемалары; технологиялық, өндірістік және басқарушылық үдерістерді, құрылымдарды, әдістерді, құрылыстарды сипаттайтын жаңа құжаттар.

8. Инновацияны ендіру нәтижесінде алынатын әсер (эффект) түріне қарай: экономикалық; экологиялық; ғылыми-техникалық; әлеуметтік; интегралдық [4].

Қоғамда болып жатқан түбірлі өзгерістермен байланысты педагогика саласында да инновацияларды енгізу талабы туындады. Осы орайда XX ғ. 80-ші жылдарында аталған терминнің педагогика ғылымына түпкілікті енуіне орай біздің заманымызда бұл термин педагогика ғылымының теориясы мен практикасында кең түрде қолданылуда. Өз кезегінде ғалым Н.Р.Юсуфбекова педагогика ғылымына «білім берудегі инновациялар» мен «педагогикалық инновация» терминдерін енгізіп, ғылыми негіздемесін жасады. Н.Р.Юсуфбекова педагогикалық инноватиканы өзінің жеке нысанасы (объектісі), пәні және зерттеу әдістері бар педагогика ғылымының жеке саласы ретінде қарастырады [5].

Қазіргі таңда инновациялық білім беруді ұйымдастыруда мәндік көзқараспен тығыз байланыста акмеологиялық көзқарас та кең түрде қарастырылады. Оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту мақсатымен оқытудың сапасын арттыру мен тәрбие үдерісін жетілдіру үшін оқытушының инновациялық білім беру технологияларын пайдалануы ерекше мәнге ие болуда. Акмеология – көне грек тілінен аударғанда akme – шың, биіктік, жоғарғы деңгей), logos – ілім, яғни, адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптілік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым саласы болып табылады. Акмеология – зерттеу нысаны (объектісі) өмірдің кез келген саласындағы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзінің қол жетер мүмкіндігін реттей алу динамикасындағы адам болып табылатын ғылыми білімнің жаңа облысы, ғылыми пәндердің кешені [6].

«Акме» – бұл профессионализм шыңы – тұрақты жоғары нәтижелер, келешекке сенімділік. Шығармашылық – профессионализмнің қажетті компоненті. Өзін-өзі дамыту дегеніміз – профессионализм шыңына жету жолы. Барлық білім алушылардың бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру қажет, бұл «акме» жағдайына жету факторларын құрайды. Ол үшін оқытушы тарапынан кереметтей қозғаушы себептер болуы керек. Бұл себептер жетістікке жетудің түрткілері (мотивациясы) болуы мүмкін. Оқытушылардың міндеті – білім алушылардың мотивтері мен қажеттіліктерін қалыптастыруға көмек көрсету. Осылайша, инновациялық білім беру өз

құрамына – жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың іргелі негіздерін, мәндік және акмеологиялық көзқарастарды, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

Сонымен қатар, қазіргі кезең оқытушысына өз қызметінде тұлғалық және кәсіби абилитация қажет (абилитация – француз тілінен «habile» – өнерлі, іскер деп аударылады). Бұл ретте акмеологияның міндеті – іс-әрекет субъектісін кез келген әрекетте, сондай-ақ, өзі таңдаған мамандықта үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім және технологиямен қамтамасыз ету болып табылады [7]. Міне, осылайша акмеология жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндер тоғысында пайда болған, белгілі бір іс-әрекет саласында адамның жоғары дәрежеде акме дамуы жөніндегі ғылым. Кемелденуді өздігінен білім алу, өзін-өзі түзету, өзін-өзі басқару құралдары арқылы өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілік деп қарастырады.

Елімізде тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту жолында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану ісі педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігіне де жоғары талаптар қоюда. Себебі жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, оқытушының біліктілігін көтеру мен педагогикалық әрі шығармашылық әрекетін жетілдіруді талап етері сөзсіз. Сонымен қатар, оның ұтқырлық пен жеке қабілеттерін дамытуын, жаңа тарихи кезеңнің болмысына сәйкес әрекет етуін де міндеттейді. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгендей, мұғалім имиджін көтеру, оның жағымды бейнесін қалыптастыру және тұрақтандыру мәселесі өзекті мәселелердің қатарында. Осыған байланысты елімізде педагог кадрларға арналған білім жетілдіру курстарының жаңа форматта ұйымдастырылуы, аттестациялаудағы тестілеуден өтуі, мұғалім жалақысының өсуі, іс-тәжірибелерінің таратылуына мүмкіндік алулары, интернет желісінде ұстаздарға арналған арнайы сайттардың ашылуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерту шараларының жүргізілуі, онлайн режиміндегі сабақтардың өткізілуі, мектептердің компьютер, интерактивті тақта, электронды оқулық сынды т.б. құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі сияқты орын алған өзгерістер парасы ұстаздар қауымына үлкен міндеттер жүктейтіні анық. Міне, сондықтан да оқытушы білім алушылардың акмеологиялық өсуін дамыту ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, өз бетінше жұмыс істей білуге үйретуі тиіс. Бұл жай оқу-тәрбие жұмысының барлық бағыттарында жан-жақты жолға қойылуы шарт. Мәселен, мектепте мұғалім оқушының білімге, өнерге деген қызығушылық ынтасын, спорт ойындарына құштарлығын анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеуге жүргізілетін жұмыстардың тақырыптарын ақыл-ой, құлық, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен ұштастырып жүзеге асырады. Баланың өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін жетілдіруде оны қызықтыратын қоғамдық жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы дамытуға болады. Мысалы: сынып старостасы, тазалық комиссиясының төрағасы болу және т.б. Осындай тапсырмаларды сапалы әрі дер кезінде орындап отыруға балаларды үнемі жаттықтыру мен дағдыландыру мұғалімнің және тәрбиешінің төл ісі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, барлығын тапсырмалармен, яғни, түрлі қоғамдық іс-әрекеттермен қамтамасыз етудің маңызы зор. Егер тапсырма балаға бұйрық есебінде немесе көтеріңкі дауыспен берілсе, онда ол іштей наразылық білдіріп, тапсырманы орындамай немесе аяқсыз қалдыруы да мүмкін. Сондықтан мұғалім әр уақытта өзінің ілтипатты және ұстамды болуын естен шығармай, тапсырманы тыңғылықты орындау үшін балаға рухани күш беріп, сенім білдіруі шарт. Кейбір баланың еріктік қасиеттері тұрақсыз болуы да ықтимал. Ол бірінші қиыншылықты сезісімен-ақ, қоғамдық тапсырманы орындаудан бас тартуы да мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалім сангвиник балаға көмек бере отырып, оның намысына тимей, тапсырманы орындауын табандылықпен талап ете білуі керек. Сонда ғана баланың ісінде жаңа қарқын туып, ол алдына қойған мақсатын орындаудың қажет екенін сезінеді.

Ал, орта және жоғары оқу орындарында оқытушылар мен эдвайзерлер студенттердің өзін-өзі дамыту, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын дамыту әрекеттерін одан әрі

жетілдірумен айналысуы керек. Ол үшін әр студенттің қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды белсенді іс-әрекетке бағыттауы тиіс. Орта және жоғары білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру, білім алушылардың өз бетімен білім алу жағдайын қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастыру, инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады. Осы орайда оқытушылардың өзіндік жұмысты шығармашылық үдеріске айналдыру мақсатында студентті қажетті әдістемелік материалдармен, дидактикалық құралдармен қамтамасыз етуінің маңызы ерекше. Сонымен қатар, әр өзіндік жұмыстың мақсаты айқын, түсінікті, оның көлемі мен мазмұны оқу мақсатына сай, студентті орындауға ынталандыратындай жасалуы тиіс. Сол сияқты студенттің өзіндік жұмысының тапсырмалары оның танымдық қабілеті мен қызығушылығын арттыратындай болуы қажет.

Қазіргі кезде республикамыздың оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты ұстаздар қауымы өздерінің қалауына сәйкес кез келген педагогикалық үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдалынып, оларды тәжірибеде сынаудың маңызы зор.

Алайда, тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту жолында сабақ үдерісіне инновациялық технологияларды енгізудің жөні осы деп түрлі технологиялар мен халықаралық бағдарламаларды жаппай сабақта қолдану көпшілігімізге тән құбылыс болып кетті. Кейбір әріптестеріміз жаңа технологиялардың мазмұнын, тұтастығы мен жүйелілігін жеткілікті түрде меңгеріп алмай, таза еліктеушілікпен оның тек сыртқы формасын ғана қолдануда. Міне, сондықтан, ұстаздар бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан сан алуан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу, сұрыптау, нәтижелерін талдап алып барып, оқу-тәрбие үдерісінде қолдануы қажет.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясын тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту үшін пайдалану педагогикалық аса зор тәжірибені талап етеді. Бұл ретте өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын педагогтың еңбегі сұранысқа ие. Себебі әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында ең алдымен өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Міне, сондықтан ең алдымен тұлғаның акмеологиялық өсуін дамыту ісіне жауапты ұстаз қауымының бәсекеге қабілетті, жаңашыл, интеллектуалдық кадр болуы шарт. Еліміздің білім беру мен тәрбие саласындағы сындарлы саясатының арқасында қазақстандық қоғамда инновациялық үдерістерге негізделген білім мен тәрбие беру ісі жолға қойылып, тұлғаның акмеологиялық өсуін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында басты мақсат етіп қойылғандай: «сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың» [8] маңызы ерекше. Осы орайда, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдаланудың мәні зор.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы // http://nkaoko.kz/kz/documents/law of education/.

2. Ақбергенова К. Инновациялық оқыту технологиясының оқу процесінде қолданылу ерекшеліктері // *Вестник Казахского государственного женского педагогического университета. 2009. №4(4). - 29-б.*

3. Завлин П.Н., Васильев А.В. Оценка эффективности инноваций. – СПб: Бизнес-пресса, 1998. – С.27.

4. Степаненко Д.М., Назарчук А.Н. Инновационный менеджмент. Учебное пособие. – СПб: Наука, 2000. – С.31.

5. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Білім. 2009. – Б. 44.

6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б.

7. Албытова Н.П. Білім қоғамында инновациялық оқытудың қажеттілігі // http://www.rusnauka.com/36_PVMN_2012/Pedagogica/6_121895.doc.htm.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // http://kz.government.kz/resources/docs/doc18.

**РЕЗЮМЕ**

***Ауелгазина Т.К.,*** *доктор полит.наук, доцент*
*(г. Алматы, академик Международной Научной Академии педагогического образования)*

**РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ КАК СРЕДСТВО АКМЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ**

В статье рассматривается роль инновационных технологий, как средство акмеологической развитии личности. А также в статье освещаются понятие и основные принципы инновации. Автор дает научный анализ теоретических подходов к изучению данной проблемы.

***Ключевые слова:*** личность, демократия, акмеология, акмеологическое развитие, общество, воспитание, инновация, инновационное образование, педагогическая инновация.

**SUMMARY**

***T.Auelgazina,*** *doctor of polit. sciences*
*(city Almaty, Academician of the International Academy of Science of Pedagogical Education )*

**THE ROLE OF INNOVATION AS A MEANS OF AKMEOLOGICAL PERSONALITY DEVELOPMENT**

The article examines the role of innovation as a means of akmeological personality development. Also the concept and basic principles of innovation are described in the article. The author provides a scientific analysis of theoretical approaches to the study of this problem.

***Key words:*** personality, democracy, akmeology, akmeological personality, society, education, innovation, innovative education, pedagogical innovation.

**ӘОЖ 82:398**

## БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ КӨНЕ ЭПОСТАН ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСҚА ДЕЙІНГІ ӨЗГЕРУЛЕРІ

***А.А. Көшекова,*** *ф.ғ.к., қауымд.проф.м.а.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада қазақ эпосындағы батыр бейнесінің көне архаикалық эпостардан кейінгі дәуірдегі қаһармандық эпостарға дейін үлкен өзгерістерге ұшырағаны байқалады.

Архаикалық эпостардың мәтіні мен батырлық эпостарды салыстыра отырып, ондағы бас қаһарман үлкен даму жолынан өтіп, түбегейлі басқа мәнге ие болғаны туралы сөз болады.

***Түйін сөздер:*** Архаика, эпос, мотив, идея, утопия.

Қазақ эпосындағы батыр бейнесі көне архаикалық эпостардан кейінгі дәуірдегі қаһармандық эпостарға дейін үлкен өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Архаикалық эпостардың мәтіні мен батырлық эпостарды салыстыра отырып, ондағы бас қаһарман үлкен даму жолынан өтіп, түбегейлі басқа мәнге ие болғанын көреміз.

Қаһармандық (батырлық) эпосты жалпы эпос жанрының шыңы, халықтың әділетті, бай-дәулетті, бақуатты қоғам жөніндегі, қаһармандық, батырлық туралы, адамгершілікті қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар туралы идеалдарын бойына жинақтаған ең құнды бөлігі деуге болады. Әрине, қаһармандық эпосқа жататын барлық шығармалардың бәрі бірдей кемелденген, аса көркем, тамаша туындылар емес екені анық. Оның стадиялық жағынан бұрынырақ туындаған, архаикалық эпостың, мифтің сілемі әлі де жойылмаған, қалдық көне мотивтері тым көп сақталып қалған ескілеу нұсқалары бар, орташа дамыған шығармалар да, сондай-ақ классикалық қаһармандық эпостың ең озық үлгілері дейтіндей аса көркем, көлемді де, төрт аяғын тең басқан келісті туындылары бар.

Алдымен ескеретін жайт – қаһармандық эпостың Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сияқты батырлары халықтың батырлық идеалын бойына жинақтаған тұлғалар «... халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялық әңгіме, аңыз шығарады. Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері – өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар әпсана-хикаятқа айналады. Осыдан барып мессияндық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында әпсана-хикаят қалыптасады» деп жазады С.Қасқабасов [1, 175 б.].

Бұл жерде әлемдік эпоста батырлардың төмендегідей екі типі бар екенін атап өту керек:

а) біріншісі, асқан күш-қуаттың, қажыр-қайраттың иелері, мыңдаған жауды жалғыз өзі баудай түсіріп қырып салатын, жаудың ең мықты батырларын аса қиын жекпе-жекте жермен жексен тізе бүктіретін алып тұлғалар. Бұлар, әдетте, адуын мінезді, ешуақытта қулық-сұмдыққа бармайтын, олай істеуді өздеріне ар санайтын, тіпті, тұтқынға түсіп қалғанның өзінде жау алдында басын имейтін, өр тұлғалар. Бұлардың жүрек жұтқан бірбеткейлігімен қатар, тым асыра қимылдап, аса қаталдық танытатыны да бар;

б) екіншісі, күш-қуаты аздау, көп жағдайда жауын қулықпен, алдау-арбаумен жеңіп кететін батырлар (Одиссей, «Қобыланды» эпосындағы Қараман т.б.).

Міне, жоғарыда аталған батырлар бірінші типке жататын қаһарлы да, құдіретті тұлғалар.

Архаикалық эпостың «қырық биенің етін» қырық асап жеп, «сүйегін мұрнынан шығарып» отырған Желкілдек [2, 109 б.] сияқты немесе «жеті жүз ұста жидырып», «жетпіс арба көмір алдырып», сол оттың үстіне отырып, ішіндегі найзаның сынығын артынан түсіріп тастаған Ер Қосай [2, 167 б.] тәрізді батырларын елге, өскелең ұрпаққа, жастарға үлгі етіп ұсына қою қиын. Ал, қаһармандық эпостағы қазақтың батырлық, ерлік туралы, елді, жерді, Отанды қорғау, халық қамқоршысы болу жөніндегі ұғым-түсініктерінің жиынтық көрінісі, халықтың идеалы болған Қобыланды, Алпамыс, Ер Сайын, Ер Тарғын тәрізді батырлар жастарға, өскелең ұрпаққа Отанға шексіз берілген ерлердің үлгісі ретінде ұсынуға әбден лайық тұлғалар. Сол сияқты архаикалық эпостың бірде аспан әлеміне, бірде жер астына сүңгіп, бірде түрлі аң-құсқа айналып, түрліше мың құбылып тұратын атымен салыстырғанда, қаһармандық эпостың батырға жан-тәнімен берілген, ерен жүйрік, асқан шыдамды, ақылды-есті, сырт пішіні келісті сұлу тұлпарын қазақтың ат туралы түсінігінің квитэссенциясы десе артық емес.

Архаикалық эпос пен қаһармандық эпостың бір-бірінен осындай айырмашылықтары бар екенін атап көрсете отырып, қазақ эпосының батырларына және олардың тұлпарларына тән кейбір қасиеттерді кеңірек қарастырмақпыз. Бұл үшін атақты жырау Мұрын (шын аты – Тілеген) Сеңгірбекұлынан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» топтамасына

енген эпостардың мәтініне назар аударуға болады. Алдымен, батырлар не үшін күреседі, қандай мақсаттарды орындау үшін батырлық әрекеттер жасайды, қазақ батырының өз жанын шүберекке түйіп жауға аттанғандағы мақсат-мұраты не деген тәрізді сауалдарға жауап іздеп көрейік. Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» топтамасының «Асанқайғы, Тоған, Абат» эпосындағы Абат батыр:

Ерегескен дұшпанға
Соғыс салып қарайын.
Алыс сапар шегіп жол,
Әуелі халқым, екінші
Ата менен ана үшін
Дұшпанға бермей кегімді,
Төгілмес беттен ар үшін,
Қатын мен бала үшін,
Жерге тамар қан үшін,
Желге кетер мал үшін,

– деп толғанады. Бұл жерде батыр күресетін құндылықтардың өзіндік иерархиясын көруге болады. Оның ең бастысы – халық, одан соңғылары – ата мен ана, ар-намыс, батырдың әйелі мен баласы, қаны, малы. Бұл иерархиялық тізбекте малдың соңғы орында тұруы жайдан-жай емес, көп эпостардың мәтінінен батырдың өз жанын салып тапқан малын жетім-жесірге, кедей-кепшікке аямай үлестіріп бергенін байқаймыз. «Шора» эпосында Шораның әкесі Нәрік батырға:

Иесіз малды аларсың,
Олжаға батып қаларсың,
Қалмақ кетсе жоғалсын,
Ноғайлыға хабар сал,
Аш-арық барып олжа алсын [3, 343 б.]

– дейді. Жалпы, қазақ батыры тек қана елді жаудан қорғап қоймайды, оның басты міндеттерінің бірі – аш-арықты тойдыру, малсызға мал беру, «жарлыны байға теңеу» (біздің пікірімізше, бұл қазақ эпосының тағы бір өзіндік ерекшелігі, себебі, мұндай мотив батыс, славян эпостарында кездеспейді). Бұл міндетті орындамаған батырдың нағыз батыр атануы қиын. Және бұл мотив эпикалық шығармаларда үнемі дерлік қайталанып отырады:

Ноғайлының аш-арық
Ол да келді шетінен
Олжа сұрап аларға,
Сауға сұрап барарға [4, 221 б.].
(«Алау батыр» эпосы).

Асыл туған ер еді,
Артық туған төре еді,
Қызықсын ба олжаға,
Ноғайға бөліп береді [3, 285 б.].
(«Тама» эпосы)

Қызықсын ба олжаға
Құлыншақ пен ер Шора
Ноғайға бөліп береді (Бұл да сонда, 384 б.).
(«Шора» эпосы).

Алпыс үйлі арықтың,
Тоқсан үйлі тобырдың
Ашыққанын тойғызды,
Батыр туған Қамбардың
Тимеді жоққа зияны [5, 13 б.].
(«Қамбар батыр» эпосы)

Билеушінің (яғни, батырдың, себебі, көне тарихта түрік халқының билеушілері батырлар болып, үнемі елі үшін соғыс жүргізгені әмбеге аян – А.К.) туған халқын қорғауы, оған қамқорлық жасауы идеялары түркі әлемінде өте ежелден келе жатқан пайым-түсініктердің бірі. Білге қаған ескерткішінде: «Шығайды (кедей) бай қылды, азды мол қылды... Ата-бабам тұтқан жер-су иесіз қалмасын деп аздаған халықты құрап, ұйыстырып... Соғыстық... қайтарып бердік... Түркі халқы аш еді. Оларға жылқы алып беріп, тойдырдым» деген сияқты жазулар үнемі ұшырасады [6, 145,147 бб]. Ал, «Айсаның ұлы Ахмет» эпосында батырлардың өздері тапқан малдарын «аш-арыққа» бөліп беруі арқылы «жарлының байға теңелуі» «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дәулетті де, мамыражай заманның белгісі ретінде суреттеледі:

Әуелі алған малдарын
Ноғайлының аш-арығы,
Жетім менен жесірге
Сонда бөліп беріпті.
Жарлысы байға теңеліп,
Ақ Еділдің бойында
Асан қайғы, Айсаның
Елдері дәурен сүріпті [4, 209 б.].

Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылым үшін, жайлы қоныс үшін талас-тартыс елдің тағдырына тікелей әсер ететіні белгілі, бұл да батырдың жауға аттануының басты себептерінің бірі болды:

Жерін алып қалмақтың
Ноғайға қоныс етем деп,
Дүниеге етіп табиғи
Қалмақты жеңіп кетем деп [3, 366 б.].
(«Шора» эпосы)

Батырдың жауға аттануының ең басты себептерінің бірі ар-намысының тапталуы, ар-намысына нұқсан келгенде шыдап тұратын батыр болмайды:

– Айналайын атамыз,
Сенен тудым мен, – деді,
– Асанның ұлы ер Абат,
Солардан мен кем бе едім?!
Кемітіп сөз айтқаны
Мылтықпенен атқаны.
Жүрегіме найзадай
Әр сөзінің батқаны [4, 199 б.].
(«Айсаның ұлы Ахмет» эпосы).

Сонымен, қазақ батырын жауға аттануға мәжбүрлейтін жайттер көп. Архаикалық эпостың батыры көбіне жеке басының түйткілдеріне байланысты жауға аттанса, қаһармандық эпостың батыры қалың ноғайлы қауымының мүддесі үшін шайқасқа шығады. Бұл жерде «Эпостың қазақ пен ноғай жұртын бір санауы тарихи шындық» [4, 179 б] екенін ескеру қажет, яғни ноғай дей отырып қазақ халқын ұғынатынымыз белгілі. Эпостағы «тоқсан баулы ноғайлының» әркилы түркі тайпалары мен руларынан құралғаны белгілі. Бірақ, эпостық дәстүрде руға бөлінушілік жоқ, барлық ноғайлы бір ел деп, оның жаулары (қалмақ, ындыс, қызылбас) бүкіл ноғайлыға ортақ жау деп ұғынылады.

Жалпы қазақ батырының ең кемелденген түрі – тек білек күшімен ел қорғаған тұлға ғана емес, терең ақыл-парасатты, елдің бүгіні мен ертеңін тең ойлайтын, бүкіл елге басшылық жасап, қамқорлық жасап, ел-жұртты жаугершілікке ұрындырмай бейбіт сақтай білетін, жарлысын байға, азын көпке теңгеріп жүретін әділ билеуші-батыр:

Ерегіссе ел алған,
Дұшпанын басып кек алған.
Атаң таққа мінген соң,

Ноғай мен халқың демалған.
Аға да жоқ, іні жоқ,
Ерліктен басқа міні жоқ,
Астана жұртты меңгерген,
Азын көпке теңгерген,
Артық туған хан еді,
Асылы артық жан еді [4, 232 б.].
(«Шынтасұлы Төрехан» эпосы)

Әрі әділ хан, әрі қаһарлы батыр болған Шынтасхан осылай суреттеледі. Эпос дәстүрінде халық ешқашан ханды батырдан артық қоймайды, керісінше, көбіне хан батырға тәуелді болады. Ер Тарғын Ханзада ханға өкпелеп елден кетпек болған кездері хан да, халық та батырдан кешірім сұрап, жалынады. Демек, біздің ойымызша, қазақ эпосындағы батыр бейнесі тек елді қорғау, оған қамқорлық жасау идеясын бейнелемейді, сонымен қатар елдікті, халық болып бірігу, қоғамдық әділдік, парасатты билік идеяларын да қамтиды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
2. Ел қазынасы – ескі сөз. (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.
3. Батырлар жыры. 5-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
4. Батырлар жыры (Мұрын жыраудан жазылған мұралар) 6-том. – Алматы: Жазушы, 1990. – 272 б.
5. Батырлар жыры. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1964. – 540 б.
6. Сартқожаұлы Қ. Білге қағанның ескерткіші // «Жұлдыз» журналы. 2004. № 2. – Б. 144-153.

## РЕЗЮМЕ

***Кошекова А.А.,*** *к.ф.н., и.о. ассоц. профессора*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗА БАТЫРА С ДРЕВНЕГО ЭПОСА ДО ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА

В статье замечаются образ героя в казахском эпосе большие изменения после древних архаических эпосов по героических эпосов. Сравнивая текст архаических эпосов с героическими эпосами, главный герой проходит большой развивающий путь, говорится о полностью измененном смысле.

***Ключевые слова:*** Архаика, эпос, мотив, идея, утопия.

## SUMMARY

***A. Koshekova,*** *associated professor*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## TRANSFORMATION OF AN IMAGE OF BATYR FROM ANCIENT EPOSES TO THE HEROIC EPOSES

This article deals with the image of the hero in the Kazakh epic big changes after the ancient archaic epics on heroic epics. Comparing text archaic epics with the heroic epic, the protagonist goes more developing path refers to the completely altered sense.

***Key words:*** archaic, epic, motiv, idea, utopia.

**ӘОЖ 372.65**
**Н86**

# КОММУНИКАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

***А.Б. Нұртаева,*** *магистр, аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар*
*педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Халықаралық қатынастардың кеңеюінің нәтижесінде және халықаралық байланыстың даму жағдайында әртүрлі тілде ақпарат алмасу кеңінен жолға қойылып отырғандығы мәдениетаралық коммуникацияның Қазақстан сияқты дамушы елдегі маңыздылығын көрсетеді. Коммуникация адамдардың өзара түсінісуі, бір-біріне әсер етуі, ақпарат алмасу кезінде негізгі қызмет атқарады. Коммуникация қатынас жасау, ой-пікір алмасу деген мағынада қолданылып жүр. Мәдениетаралық коммуникация мәдени ерекшеліктерді айыра білу, жеке тұлғалар және топтық өзара қатынас жасауға негізделген.

***Түйін сөздер:*** коммуникация, мәдениетаралық, тұлға, ой-пікір, ерекшеліктер, негізгі, теория.

Қазіргі замандағы қоғамның талабына сай шет тілдерін оқып үйрену – адам білімінің тек ағартушы-тәрбиелік компоненті ретінде ғана қарастырылып қоймай, адамның кәсіби және тұлғалық тұрғыдан қоғамда лайықты орын алуға ұмтылысын да қарастырады. Халықаралық қатынастардың кеңеюінің нәтижесінде және халықаралық байланыстың даму жағдайында әртүрлі тілде ақпарат алмасу кеңінен жолға қойылып отырғандығы мәдениетаралық коммуникацияның Қазақстан сияқты дамушы елдегі маңыздылығын көрсетеді. Коммуникация адамдардың өзара түсінісуі, бір-біріне әсер етуі, ақпарат алмасу кезінде негізгі қызмет атқарады. Коммуникация қатынас жасау, ой-пікір алмасу деген мағынада қолданылып жүр [2].

Коммуникация немесе қатынас жасау дегеніміз – қоғамдық субъектілердің (жеке адамдардың, қоғамдық топтар мен таптардың т.б.) өзара байланысу және қатынасу процесі; түрліше іс-әрекеттер, хабарлар мен тәжірибе, қабілеттілік пен дағды-шеберлік және сондай-ақ өндіріс нәтижелерін алмасу; қоғам мен жеке адамның қалыптасуының және дамуының қажетті де ең жалпы шарттарының бірі. Коммуникация – латын тілінен енген «communico» байланыс жасаймын немесе қарым-қатынас жасау деген ұғым. Коммуникация сөзінің басқа мағынасы транспорттық байланысты білдіреді. Әрине «коммуникация» терминінің бірінші мағынасы қолданылады, себебі зерттеуіміздің пәні адамдар арасында қарым-қатынас, байланыс болып табылады. О.Я.Гойхман және Г.М.Надеин лингвистикалық энциклопедиялық сөздіктен алған ұғымдарын ғылыми анықтамамен байланыстыра отырып «коммуникация – іс-әрекетте, қызметте өзін-өзі тану процесінде адамдар арасында ерекше байланыс жасау формасы» деп анықтама береді. Мәдениет жеке этносқа тән белгілі табиғи әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс екенін айта келе, академик Ә.Т. Қайдар өмір – тіршілік салты ортақ, ортақ дүнетаным, ортақ психология сияқты этносқа тән белгілердің бәрі сол этнос мәдениет ниетінен көрініс табатынын, ал соның бәрін танып-білу құралы тіл екенін мәдениеттану ғалымдарының тегіс мойындайтынына тағы бір оралады, өйткені «мәдениет» – жеке адамның басына тән қасиеттерден басталып, бүкіл ұлттық тілді, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым [2].

Тіл – ұлт мәдениетінің тірегі. Ол мәдениеттің айнасы, құралы ғана емес, ұлт болмысынан, дүниетанымынан хабар беретін ұлттық рух. Тіл арқылы мәдениеттану негізінде ұлтқа тән психологияны, оның ойлау жүйесіндегі танымдық сана-сезімді анықтауға болады. Мәдениет пен тілдің ара-жігі туралы алғаш сөз еткендердің бірі американдық дискриптивті

мектептің ірі ғалымы Эдуард Сепирдің пікірінше «мәдениет – халықтың ойлауының, іс-әрекетінің көрінісі, ал тіл – қалай ойлаудың көрінісі» [9, 26 б.].

Тіл мен мәдениет – бір-бірінен ажырамайтын екі бірдей әлеуметтік құбылыс. Қоғамның өзі адамнан, ал адам жеке тұлғаның қалыптасуы тіл мен мәдениет бірлігінің тұтастығынан тұрады. Адам санасындағы шын өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шын өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл мәдениетпен бір бүтін тұтастық құрып, ажырамас бірлікте өмір сүреді: ол мәдениеттің өн бойында қалыптасып, оның дамуындағы алғышарттардың міндетті түрдегі басқышы қызметін атқарады, осылайша қайсыбір уақытта қандай да бір жерде өмір суретін халық мәдениетінің маңызды бөлігін құрайды [9]. Күнделікті өмірде мәдениет сөзінде«еңбек мәдениеті», «ойлау мәдениеті», «сөйлеу мәдениеті», «тіл мәдениеті» тағы басқа ондаған сөз тіркестерін жиі қолданамыз. Олардың ішінде біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты сөйлеу мәдениеті, ойлау мәдениеті, тіл мәдениеті, жазу мәдениеті деген сөз тіркестеріндегі «мәдениет» ұғымының мазмұны мен мағынасы нені білдіреді және оның тілге қандай қатысы бар – осы мәселеге біраз тоқталып өтелік [2].

Мәдениет сөзі түрік тіліндегі «medeniyet» деген сөзден алынған болуы керек. Ол адамның қолымен және ақыл ойымен жасалған дүниені білдіретін сөз. Ал орыс тіліндегі «культура» сөзінің төркініне келсек, ол сөз орыс тілінде XIX ғасырдың орта шенінде пайда болыпты. Батыс Еуропалық авторлардың еңбектеріне қарағанда «культура» сөзі XVIII ғасырдың екінші жартысында Германияда қолданыла бастапты, ал мәліметтерге қарағанда ертедегі Рим философы – Цицерон (біздің эрамызға дейінгі I ғ.) культура души сөз тіркесін қолданыпты. Демек культура сөзі ертедегі латын тілінен «culture» (өңдеу, тәрбиелеу деген мағына береді) сөзінен шыққан. Содан бері ол сөз лексикалық жағынан түрліше өзгерістерге ұшырап, қазіргі заманғы мағынасына жетіпті [2]. Сонымен мәдениет дегеніміз – қоғамдық дамудың нәтижесі, қоғам өмірінің аса маңызды бөлігі. Міне осыдан келіп туындайтын мәдениаралық коммуникация қағидаларына сәйкес шет тілін оқып үйрену оқушыны сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге төселдіруі тиіс [3].

Адамның мәдениетаралық қарым-қатынасы төмендегідей үш жолмен іске асады: 1) әрбір адам өзі туып өскен тарихи дәуірдің мәдениетін игеру арқылы адам болады; 2) мәдени ортада мәдени байлықтардың бір иесі ретінде әрекет етеді; 3) белгілі бір дәрежеде мәдениетті жасаушы. Күнделікті өмірде «мәдениет» ұғымы үш мағынада қолданылады. Біріншіден, мәдениет дегеніміз – қоғам өмірінің белгілі бір саласы, олар мекемелер мен ұйымдар түрінде өмір сүреді де, рухани байлықтарды өндірумен және таратумен айналысады (қоғамдар, клубтар, театрлар, мұражайлар т.б.). Екіншіден, мәдениет дегеніміз – үлкен әлеуметтік топтарға, қауымдарға, халық пен ұлттарға тән (элитарлы мәдениет, орыс мәдениеті, жастар мәдениеті т.б.) құндылықтар мен нормалардың жиынтығы. Үшіншіден, мәдениет дегеніміз – адамның қандай да бір әрекетіндегі тұрмыс мәдениеті, тәрбиелі және білімді мәніндегі мәдениетті адам т.б.) жетістіктердің жоғары дәрежедегі көрінісі [5].

Мәдениет туралы қарапайым түсініктер оны көркем мәдениетке немесе адамдардың білімділігі мен тәрбиелілігіне ұқсатады. Алайда «мәдениет» ұғымының аса кең тараған мәні оны тарих дамуы барысында адам жасаған бейнелердің, нысандардың материалдық заттардың жиынтығы ретінде түсіну. Осы түсіндіруде мәдениет дегеніміз адамзаттың барлық жетістіктерінің қорытындысы сияқты, адам жасаған «екінші табиғат» сияқты немесе жабайы табиғаттан ерекше нағыз адами әлемі. Кез келген мәдениеттің ядросы дәстүрлердің көмегімен тарайтын идеялар мен ерекше құндылықтар. Осылайша, адам мәдениетін әртүрлі жергілікті мәдениет құрайды, оларды таратушы халықтар. Әр халық өз алдына этникалық қауымдастықтың формасында көрінеді немесе басқаша айтқанда этнология, жеке этнос деп аталады. Кез келген мәдениеттің өзгешелігі оның әлемнің мәдени көрінісінде аяқталуы, ал бірте-бірте сол мәдениеттің пайда болуы мен өмір сүруінде қалыптасады. Мәдени қарым-қатынастың ең жоғары күрделі құралы тіл болып табылады. Мәдениетсіз тіл өмір сүре алмайды. Тіл – адамзат өмір көріністері топтасқан сиқырлы айна. Тіл – мәдениет қазынасы.

Тіл – мәдениет қаруы. Тіл өмір сүріп отырған кезде сол елдің мәдениеті де өмір сүре береді [3].

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін сөздің мағынасын және грамматикалық ережелерін біліп қана қою жеткіліксіз. Шетел тілін оқыту барысында тек қана тілді үйреніп қоюға ғана емес, сонымен бірге сол тілде ойлай білуге үйрету қажет [9]. Мәдениаралық қарым-қатынас ұлттар мен мәдениеттер арасындағы өзара байланысты түсіну құралы ретінде қарастырылады. Е.М.Верещагин және В.Г.Костомаров көзқарасы бойынша екі ұлт өкілінің қарым-қатынас жасау барысында өзара түсінісуі мәдениетаралық коммуникация болып табылады [4]. Мәдениаралық коммуникация өзінің қалыптасу барысында пәнаралық дисциплина түрінде пайда болады. Мәдениетаралық коммуникацияға үйретудің алғашқы оқу бағдарламалары мен оқу әдістемесі әртүрлі ғылым салаларынан алынып отырды. Оны оқытудың американдық және батыс Европа университеттерінің тәжірибесі негізінде оқу бағдарламалары жасалынды [5].

Мәдениетаралық коммуникацияның зерттеу саласында және мәдениет туралы барлық ғылым салаларында теоретикалық, методологиялық білімдер мен практикалық іс-тәжірибенің ең көлемді бөлігі фольклорлық және этнологиялық бағытта жинақталған. Осыдан мәдениетаралық коммуникацияның екі зерттеу бағыты қалыптасты. Оның біріншісі – фольклорлыққа негізделген бағытты сипаттау ерекшелігіне ие және атқаратын міндеттері адамдардың күнделікті мінез-құлқына түсініктеме бере отырып оның терең себептерін және мәдениетінің негізгі факторларын анықтау. Мәдени антропологиялық сипатқа ие екінші бағыты өзінің зерттеу пәні ретінде әртүрлі әлеуметтік топтар мен қауымдардың мәдени қызметтерін, олардың ерекшеліктерін, қағидаларын және құндылықтарын алған. Оларды меңгеру мәдениетаралық түсініспеушіліктерді, жедел және нәтижелі шешуге, көп ұлттық коллективте жақсы жұмыс барысын қалыптастыруға көмектеседі. Оқу барысын ол белгілі бір мысалдарды таңдау барысы деп түсіндіре келіп, оқушыға басқа ел мәдениетін үйрену кезіндегі құндылықтарды жеңу арқылы мәдениетаралық құзырлылық қабілетін дамытады. Батыс ғалымдары (Г.Кольс, В.Гудикунст және Р.Хациер, М.Педж және Дж.Мартин, М.Хупс, М.Беннет т.б.) мәдениетаралық коммуникацияны оқыту жайында өздерінің жеке модельдерін ұсынған [5].

Басқа ұлт өкілдерін және олардың мәдениетін түсінуге ұмтылыс, мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау адамзаттық мәдени және этикалық әртүрлілігі барлық уақытта өмір сүріп келген. Оның синонимдері мәдени түйісу, этникоаралық коммуникация және де мәдениетаралық интеракцияны түсіндіру [6].

Мамандардың басым көпшілігі мәдениетаралық коммуникация жайлы егер адамдар әртүрлі мәдениеттің өкілдері болса және өз мәдениетіне жатпайтынның барлығын жат деп қабылдаған жағдайда ғана мәдениетаралық коммуникация жайлы айтуға болады деп санайды. Қарым-қатынас жасаушылар өз салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, өздерін ұстай білу тәртібіне жүгіну орнына бөтен/жат ел ережелері мен күнделікті мінез-құлық тәртібімен танысқан жағдайда қарым-қатынас мәдениетаралық болып табылады [5].

Мәдениетаралық коммуникация ұғымы бірінші рет 1954 ж. Г.Трейгер және Э.Холлдың жұмыстарында тұжырымдалды. Бұл жұмыста мәдениетаралық коммуникация адам өз қалауынша қоршаған ортаға мүмкіндігінше жақсы нәтижелі қалыптасу жайлы тамаша мақсатқа негізделген. Содан бері зерттеушілер бұл феноменді теоретикалық зерттеулерінде жеткілікті алға жылжытты. Шындығында егер түрлі мәдениет өкілдері қарым-қатынас қандай да бір қиындыққа кездессе, мәдени ерекшеліктерінің салдарынан бұл күмәнсіз мәдениетаралық коммуникация болды. Бұл қиындықтар әртүрлі мәдениетте ойдан шығу, иландыру, нандыру әрбір адамға тән табиғи ерекшеліктермен байланысты. Мәдениетаралық коммуникация мәдени ерекшеліктерді айыра білу, жеке тұлғалар және топтық өзара қатынас жасауға негізделген. Мәдениетаралық коммуникация термині коммуникативті біліктіліктің әртүрлі жағдайында коммуникативті оқиғаның соңында бейнелеуін білдіретін жағдайға жатады. Барлық деңгейдегі және мәдениетаралық коммуникацияның жалпы сипаты, белгілері оның қатысушыларының мәдени айырмашылығын сезінбеуі болып табылады.

Қазіргі таңда мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер осы айырмашылықтардың салдарынан зардап шеккен және тілдік қызметтің айырмашылығына соқтыққан адам мінезін зерттеуде. Мәдениетаралық коммуникацияны түрлі мәдениет өкілдерінің жеке тұлғааралық және топтық өзара байланыс және қатынасының түрлі формаларының жиынтығы деп есептеу қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва. МГУ, 2004.

2. Садохин А.Г. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – Москва: Высшая школа, 2004.

3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – Москва: МГУ.

4. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентированное личности в условиях информатизации общения. – Алматы, 2004. – С. 311.

5. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедений в системе образования. – Алматы, 2001. – С. 321.

6. Сейтешов А.П. Научные основы формирования профессионалов – М.: Высшая школа, 1989. – С. 196.

7. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 168.

8. Нәби Ы.А. Графика негіздері, 2010.

9. Өстемиров К.Ө. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – Б. 144.

## РЕЗЮМЕ

***Нуртаева А.Б.,*** *магистр, ст.преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ТЕОРИИ КОММУНИКАЦИИ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

В статье рассматриваются основные принципы теории коммуникации межкультурной коммуникативной компетенции.

***Ключевые слова:*** коммуникация, межкультурная, личность, мнение, особенности, основной, теория.

## SUMMARY

***A.Nurtayeva,*** *master, senior teacher*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE BASIC PRINCIPLES OF COMMUNICATION THEORY OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE

This article deals with the basic principles of communication theory of intercultural communicative competence.

***Key words:*** communication, intercultural, personality, opinion, peculiarities, main, theory.

# ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

**ӘОЖ(9(С)55 А 54**

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК ТАРИХИ МӘНІ

***Ж.Б. Аширбекова,*** *т.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада бұрынғы Кеңес Одағының және басқа да бостандық сүйгіш халықтардың жеңісі халықаралық жағдайға түбегейлі өзгерістер алып келгені, бұл жеңістің бүкіләлемдік тарихи мәні бар екендігі айтылған.

***Түйін сөздер:*** мобилизация, Ұлы Отан соғысы, жеңіс, бүкіләлемдік.

Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес халқы күштерінің негізгі көздері жұмысшылар және шаруалардың одақтары болды. КСРО экономикасы Кеңес әскерлерінің жауынгерлік қуатының шешуші материалдық негізі болып табылды.

Соғыс жеңістері үшін бастапқы аса маңызды мәнге барлық халық шаруашылығының тірегі болатын елдің өнеркәсібі, бәрінен бұрын ауыр өнеркәсіп ие болды. Жеңіс өнеркәсіпті шикізатпен, әскерлерді азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз еткен Қазақстанның экономикасынсыз мүмкін емес еді.

Соғыс жылдарында жұмысшылар, ғылым және мәдениет қызметкерлері, колхозшылар, жұмысшылар майдан үшін жанқиярлықпен еңбек етті. Тылдағы кеңес адамдарының бұл батырлық еңбектері Отан соғысының тарихына өз Отанын қорғаудағы халықтың қайталанбас ерлігі ретінде жазылып қалды.

КСРО халықтарының мызғымас достығы мен еңбекшілердің тең құқықтарын орнатқан еліміздің кеңес мемлекеттік құрылысы біздің жеңістеріміздің орасан зор көздері болып табылады.

Кеңес Одағы халықтарының достығы фашистік басқыншылармен күресте одан әрі шынықты және күшейді. Кеңестік көпұлттық мемлекет абыроймен соғыстың қатал сынағына шыдап төзді.

Шайқастардың өртіне шыңдалған Кеңес әскерлері, өздерін биік моральдық-жауынгерлік қасиеттерге ие болған біздің уақытымыздың ең үздік әскерлері ретінде көрсетті. Ұлы Отан соғысында Кеңес Әскерлері өздерін алдыңғы қатарлы әскери ғылымның таратушысы ретінде көрсетті.

Ең мықты да орнықты тылға арқа сүйегені Кеңес әскерлерінің күшіне айналды. Майдан бірлігі және әскер мен халықтың қалың түнегі біздің жеңістеріміздің шешуші шарты болып табылды. Соғыс жылдары кеңестік отансүйгіштік сияқты біздің халқымыздың және оның әскерлерінің орасан зор күштерінің көзі ашылған болатын. Миллиондаған патриоттар майданда және тылда бұрын болмаған ерліктер жасады. Отан соғысында 7 млн-нан астам кеңес жауынгерлері, матростар, офицерлер, генералдар және адмиралдар көрсеткен ерліктері мен қаһармандықтары үшін СССР Одақтық ордендері және медальдарымен марапатталды.

11 мыңдай кеңес жауынгерлері Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған болатын. Жүз мыңдаған кеңес партизандарының жау тылындағы батыл да өлшеусіз жанқиярлық күрестері жалынды кеңес отансүйгіштігінің жарқын көрінісі болды. Жау оккупациялаған территорияда қалған кеңес адамдары Кеңес мемлекетінің жеңісіне деген өз сенімдерін еш жоғалтпады.

Әскери тұтқындарға арналған фашистік лагерьлердің адам төзгісіз тәртіптері кеңес адамдарының сағын сындыра алмады. Олар астыртын ұйымдар құрды, өкіметтердің

әрекеттеріне қарсы шықты, көтерілістер жасады, тұтқыннан қашуды ұйымдастырды. Фашистік зындандарында мерт болған Д.М.Карбышев, Муса Джалиль сияқты кеңес патриоттарының және жау ұшағымен тұтқыннан қашып шыққан ұшқыш М.П.Девятаевтың ерлік істері барлық әлемге танымал болды.

1945 жылы 24 мамыр Қызыл Армия әскерлерінің қолбасшыларына арналған Кремльдегі қабылдауда сөйлеген сөзінде И.В.Сталин, жеңімпаз соғыстағы кеңес халқының ерен еңбегіне тоқтала отырып былай деді: «Біздің үкіметіміздің жіберген қателері де аз емес еді, біздің әскеріміз шегінген кезде, 1941-1942 жылдардағы жанкешті жағдайлар, Украинаны, Белоруссияны, Молдавияның ауылдары мен қалаларын, Ленинград облыстарын, Прибалтика, Карель-Фин республикаларын тастап кеткен сәттер болды, басқа амал болмағандықтан тастап кеткен уақыттар болды. Басқа халық болса Үкіметке: Сіздер біздің үмітімізді ақтамадыңыз, әрі қарай барыңыз, біз Германиямен келісім жасайтын және бізге тыныштықты қамтамасыз ететін басқа үкіметті орнатамыз деп айтар еді. Бірақ ... халық Германияны талқандауды қамтамасыз ету үшін құрбандыққа барды».

Соғыс жылдары ұрысқа бара жатып мыңдаған кеңес жауынгерлері Коммунистік партияның қатарына қабылдау туралы өтініштерін беріп жатты. Соғыстың ең ауыр кезеңінде партияға жазылу ағыны орасан еді. 1941 жылы партияда 3,8 млн. мүшелері және кандидаттары болған еді, ал шайқастарда мыңдаған коммунисттердің қаза болғанына қарамастан, 1945 жылы 1 сәуірде партия қатарында ендігіде 5,8 млн. мүшелер мен кандидаттар есепке алынды. Ауыр әскери сынақтар жылдарындағы партияның ауқымы өсті. Мұның өзі идеологиялық үгіттің ықпалының күштілігін көрсетеді. Партиялық механизм өзінің құрылымдары арқылы бұқараға зор ықпал етті.

Фашистік Германияға қарсы соғыста кеңес әскерлерімен иық тіресе Кеңес Армиясының құрамында әрекет еткен поляк және чехословак бөлімдерінің өжет әскерлері ерлікпен шайқасты. Соғыстың соңғы кезеңдерінде Кеңестік Армияға гитлершілдердің қаруланған күшін түбірімен жоюға Румыния мен Болгария жауынгерлері көмектесті. Фашистік басқыншылармен күресте Югославияның партизандары мен әскерлері ерлікпен жанқиярлық көрсетті.

Фашизмге қарсы өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жанқиярлықпен Франция, Италия, Польша, Чехословакия, Норвегия, Албания, Греция, Болгария және басқа да Еуропа елдерінің батыл патриоттары күресті.

Қиыр Шығыстағы империалистік Жапония күштеріне қарсы Кеңес Армиясымен және одақтастардың әскерімен қатар күресте Қытай Халық-азаттық армиясының әскерлері, даңқты қытай партизандары, Корея, Вьетнам және басқа да азиялық елдердің халық-азаттық қозғалыстарының күрескерлері айбынды соғыс жүргізді. Фашистік басқыншыларға қарсы соғыста КСРО-мен бірге одақтас державалардың әскерлері – Англия, Франция және АҚШ әскерлері де соғысты.

1945 жылғы 9 майдағы ұлы жеңіс ең үлкен бүкіләлемдік тарихи мәндегі айғаққа айналды.

Қол жеткен жеңістері нәтижесінде Батыста және Шығыста өз шекараларының қауіпсіздігін нығайтты, одан әрі бейбіт құрылысқа арналған одан да қолайлы жағдайды қамтамасыз етті. Украина, Белоруссия, Молдавиялар оларға тиесілі тарихи жерлерді толығымен қайта біріктірді және барлық өз халқын біртұтас жанұяға жинады. Литва халқына күшпен тартып алынған Клайпеда облысы қайтарылған еді.

КСРО Балтық теңізіндегі қабысып жатқан облысымен бірге қатпайтын Кенигсберг портына (бүгінде Калининград) ие болды. Финляндиямен шекара 1940 жылғы кеңес-Финляндия келісімшартына сәйкес қалпына келтірілген еді, Кеңес Одағына ескі орыс облысы – қатпайтын Печенга (Петсамо) портымен бірге Печенгская қайтарылды.

Кеңес Одағына Қиыр Шығыстағы Оңтүстік Сахалин және Курил аралдары қайтарылды. Кеңес Одағы шекараларының Батыс пен Шығыстағы қауіпсіздігі бұрынғыдан да едәуір сенімді қамтамасыз етілді.

Батыстағы гитлершіл Германияны және Шығыстағы империалистік Жапонияны талқандаумен екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған болатын. Кеңес Одағы фашистік зорлық-зомбылықтан шошынған Еуропа халықтарын құтқаруда шешуші рөл ойнады.

Фашизмді жеңу Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа халықтарын азат етті. Азияда бұл жеңіс Қытай, басқа да халықтардың ұлт-азаттық күрестерінің жеңісі үшін қолайлы жағдайлар жасады, ұлттық тәуелсіздіктер мен демократиялық даму жолына түсуге көмектесті.

Неміс халқының тарихында фашизмді жеңіп шығуы ерекше мәнге ие болды. Фашизмнің қирауы Германия тарихында жаңа жол ашты. Фашизмге қарсы жеңіс күні Германияның жаңа демократиялық күшінің тууына себепші болды.

ІІ дүниежүзілік соғыстағы жеңіс халықаралық жағдайға түбегейлі өзгерістер алып келді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сталин И.В. О Великой Отечественной войне Советского Союза. – С. 196-197.

2. Ильинский И.М. Великая победа: наследие и наследники. – М., 2005. – С.5-18.

3. http://publicist.n1.by/history/1940/history_1940-07-31_1.html

4. Лұқпанов Е. От кешу. Болашақ-Баспа, 2005. – 164 б.

5. Асылбеков М.Х. Великая Отечественная война Советского Союза 1941 – 1945 гг. и Казахстан / Кеңес Одағының Батыры гвардия генерал-майоры Сабыр Рақымовтың 110-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Шымкент, 2012. – 112 б.

## РЕЗЮМЕ

***Аширбекова Ж.Б.,*** *кандидат исторических наук, доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ВСЕМИРНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОБЕДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

В статье рассматривается победа советского народа в Великой Отечественной войне (1941-1945 гг.), которая явилась фактом величайшего всемирно-исторического значения.

***Ключевые слова:*** мобилизация, великая отечественная война, социализм, победа.

## SUMMARY

***Zh.B. Ashirbekova,*** *candidate of historical sciences, associate professor*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## WORLD-HISTORIC SIGNIFICANCE OF THE II GREAT PATRIOTIC WAR

The article deals with the victory in the Great Patriotic War (1941-1945.), Which was a fact of the greatest world-historical significance.

***Keywords:*** mobilization, The Great Patriotic War, socialism, victory.

**УДК 33.621 (574)**

# РАЗВИТИЕ МАШИНОСТРОЕНИЯ В УСЛОВИЯХ СТРУКТУРНОЙ ПЕРЕСТРОЙКИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

***Ш.З. Заманбеков,*** *к.э.н, и.о. профессора,*
***К.Г. Жунусов,*** *к.э.н, доцент,*
***Б.Н. Сихымбаева****, старший преподаватель,*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье рассматриваются проблемные вопросы развития отечественного машиностроения, его современное состояние и условия перевода этой отрасли на инновационную основу. Большое внимание уделяется структурной перестройке экономики страны, где важную роль играет машиностроение, определяющее развитие отраслей как добывающей, так и обрабатывающей промышленности. В связи с этим вскрыты резервы роста производства машиностроительной продукции с обоснованием необходимости осуществления реструктуризации действующих машиностроительных предприятий в целях производства новой или модифицированной продукции.

***Ключевые слова:*** структура, инновация, диверсификация, перестройка, технология, комплекс, модернизация, оптимизация.

В современный период Казахстан как страна с открытой рыночной экономики получила широкое признание мирового сообщества. Он на сегодняшний день имеет торгово-экономические связи 195 странами мира, которые видят в нем динамично развивающуюся страну. За годы независимого развития, составляющий исторически кратчайший период, Казахстан создал достаточный ресурсный потенциал и совершил характерный для центральноазиатского барса рывок и вошел в число пятидесяти конкурентноспособных стран мира. В подтверждение следует отметить, что в 2013 г. валовой внутренний продукт (ВВП) страны составил более 220 млрд. долл. США, а в расчете на душу населения – 14 тыс. долл. США. Для сравнения отметим, что этот последний показатель в 1993 г. составлял всего лишь 700 долл. США.

Достигнутой на сегодня уровень экономического развития страны основана на традиционных технологиях добычи и обработки сырья, особенно нефти и газа. Сырьевые отрасли еще продолжают занимать доминирующее положение в экономике страны, имея высокую долю в экспортной торговли. Они приносят стране довольно большой доход, необходимый для инвестирования производства в несырьевых отраслях и преодоления в последующие годы посредством интенсивного развития их технологического отставания ее от развитых стран рыночной экономики. Пока отрасли обрабатывающей промышленности не вышли на траекторию устойчивого роста, доходы сырьевого экспорта еще будут продолжать играть важную роль в формировании доходной части бюджета государства и обеспечивать запланированные темпы роста ВВП на вторую пятилетку индустриально-инновационного развития страны до 2020 года.

Как указал Президент РК Н.А.Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», что «в ближайшей перспективе нефтегазовый сектор остается в республике пока еще основой развития экономики и сохранится его экспортный потенциал» [1]. Однако минеральное сырье является невозобновляемым ресурсом, что в отдаленной перспективе может не обеспечить дальнейший экономический рост страны. К тому же использование механизма роста экономики, основанного на потоке дешевых денег, полученных от вывоза природных ресурсов, не позволяет также рассчитывать на устойчивое стабильное экономическое развитие страны и ставить состояние ее экономики в зависимость от мировой конъюктуры цен на сырье. Поэтому основным и единственным направлением, обеспечивающим создание

возможностей для ускоренного экономического роста в перспективе, является диверсификация экономики, проведение которой предполагает относительное снижение доли добывающих отраслей в структуре экономики при опережающим развитии отраслей обрабатывающей промышленности. Это позволит стране превратиться из поставщика сырья и материалов в экспортера товаров с высокой долей добавленной стоимости на мировых рынках.

Для осуществления структурной перестройки экономики на основе ее диверсификации необходим переход на инновационный путь развития, что является сегодня для индустриально развитых стран главным лейтмотивом их экономического развития [2 стр. 85]. Казахстан располагает достаточным ресурсным потенциалом, чтобы перейти на такой путь развития, а также необходимой правовой базой инновационной деятельности. В республике приняты ряд законов и нормативных актов, а также государственных программ по развитию инновации и реализации прорывных инновационных, индустриальных и инфраструктурных проектов, обеспечивающих диверсификацию структуры экономики для отхода от ее сырьевой направленности.

За последние четыре года в стране, несмотря на самый трудный период мирового кризиса, реализовано 162 проекта с общим объемом инвестиции в 6,5 триллиона тенге. В соответствии с Картой индустриализации Казахстана до 2020 года планируется реализовать еще 294 проекта с общим объемом инвестиции в 8,1 триллиона тенге. В течение первой пятилетки индустриально-инновационного развития страны введено 780 новых предприятий и создано 160 тысяч рабочих мест. В текущем завершающем году этой пятилетки будет запущено еще 130 предприятий [3]. В результате в стране появятся более 250 видов новой продукции, значительная часть которых будет представлять собой конкретный вид продуктовой инновации инновационно активных предприятий, доля которых будет составлять почти 10% от общего числа действующих в стране. Как указал глава государства Н.А.Назарбаев в своем выступлении на форуме «Инновационный Казахстан- 2020», который состоялся летом 2011 года в городе Алматы, что к 2020 году Казахстан должен уже иметь все признаки и атрибуты работающего государства инновационного типа.

В связи с этим большую часть ресурсного потенциала страны необходимо направлять на структурную перестройку экономики на инновационной основе, что предусматривает среди других задач по диверсификации и модернизации производства создание многопрофильной современной базы машиностроения. Ассортимент и качество изделий, выпускаемых этой отрасли, составляет техническую основу материального производства и в значительной степени определяет развитие экономики, её добывающей и обрабатывающей отраслей промышленности. Поэтому машиностроение является ведущей отраслью экономики и играет важную роль в её структурной перестройке, способствуя становлению и развитию ключевых отраслей обрабатывающей промышленности, производящих конечную продукцию из сырьевой базы химии, нефти и газа, а также углеводородного сырья.

В настоящее время в связи с реализацией программы индустриально-инновационного развития страны машиностроение в Казахстане возведен в ранг приоритетной отрасли обрабатывающей промышленности и его приоритетное развитие стало сейчас новой отправной точкой интенсивного роста промышленного производства и улучшения его отраслевой структуры в рамках структурной перестройки сфер и секторов экономики. В этих условиях возрастает необходимость осуществления процесса модернизации в самой отрасли машиностроения, чтобы улучшить её общее состояние путем технологического обновления основного капитала и увеличения ресурсного потенциала на новой технологической основе. Это позволяет увеличить долю машиностроительной продукции в ВВП страны, которая сейчас на много меньше той 20% её доли при бывшем союзе. В советское время в Казахстане было более трех тысяч разного рода машиностроительных предприятий, многие из которых в переходный период к рыночной экономике из-за разрыва хозяйственных связей после распада союза и недостатки финансовых средств приостановили свою деятельность или изменили свой профиль. Это была одной из основных причин

увеличения завоза машиностроительной продукции в страну для удовлетворения её потребностей из ближнего и дальнего зарубежья. В связи с этим потребности страны в этой продукции за счет отечественного производства с учетом поставки её на экспорт покрывается только на 20%.

В настоящее время на долю машиностроительного комплекса приходится менее 5% промышленно-производственных основных фондов (далее ППОФ), лишь 2% от объема инвестиций в основной капитал производственного назначения и около 1% от стоимости вводимых ежегодно ППОФ, 13% от общей численности промышленно-производственного персонала, степень износа достигла 55%, в том числе их активной части 85%. На большинстве предприятий коэффициент обновления основных фондов составляет не более 3%, а коэффициент их выбытия доходит до 9,6%. Вследствие этого стоимость ППОФ в последние несколько лет ежегодно сокращается на 7-8% и как его результат для машиностроительного комплекса в общем объеме промышленной продукции составляет всего лишь 4,1%.

На сегодняшний день единственно рациональный путь реструктуризации и модернизации производства в машиностроении − это использование зарубежных технологий и опыта для создания собственной модели развития этой отрасли, эффективных по критерию цена-качество, стоимости обслуживания и ремонтопригодности в условиях Казахстана [4, стр. 15]. Это дает стране выигрыш в виде экономии денежных средств и времени, отводимый для структурной престройки машиностроения и осуществления модернизации его производства.

Как результат применения этой модели в отечественном машиностроении начало уже проявлятся положительный сдвиг, связанный с его развитием и переходом к более экономичным и экологичным моделям машин и расширению их номенклатуры на базе унифицированных платформ и новых методов компьютерного проектирования. При этом появилась возможность реализовать сквозную автоматизацию процессов проектирования, конструктирования, подготовки и функционирования производства, изготовления и сопровождения новых изделий машиностроения. На такой основе можно значительно сократить стоимость и сроки разработки, а также производство новой продукции. С внедрением в производство машиностроительной продукции новых технологий с использованием компьютерного проектирования в Казахстане за последние годы получили развитие такие виды производства, как производство транспортных средств (железнодорожных, автомобильных, легких самолетов), солнечных батарей и ветроустановок для использования энергии солнца и ветра. Наряду с этими видами производства в республике продолжают развиваться производство нефтепромыслового и бурового геологоразведочного оборудования, сельскохозяйственной техники и оборудования для переработки сельскохозяйственной продукции, электрической и бытовой техники. Все эти виды продукции машиностроительного производства, включая транспортные средства, в Республике Казахстан являются продукцией инновационного процесса, происходящего в машиностроении, его приоритетных направлениях развития.

Приоритетные направления машиностроения республики состоят из трудоемких, металлических и наукоемких отраслей, каждый из которых в свою очередь состоят из подотраслей: тяжелое машиностроение, среднее машиностроение, точное машиностоение, производство металлоизделий и заготовок ремонта машин и оборудования. При таком большом разнообразии видов машиностроения возникает необходимость оптимизации его отраслевой структуры одновременно с реструктуризацей действующих на старой технической основе машиностроительных предприятий, преобладающих сейчас в этой отрасли. Проведение оптимизации структуры машиностроения предусматривает перевод этой отрасли на новую ресурсоберегающую, высокотехнологичную и экологически разумную модель функционирования в целях обеспечения конкурентнооспособности машиностроительных предприятий [5, стр. 1032].

При этом большое внимание уделяется созданию условий для опережающего развития приоритетных отраслей машиностроения, от динамики роста которых зависит степень самообеспеченности страны машиностроительной продукцией, в.т.ч. инновационной продукцией, замещающей импортную. В связи с этим особой значимостью обладает осуществление реструктуризации действующих машиностроительных предприятий, направленных на оснащение их производства высокопроизводительной техникой и оборудованием, обеспечивающим снижение энерго- и материалоемкости продукции и повышение ее качественных характеристок.

Оптимизацию отраслевой структуры машиностроения Казахстана необходимо сопровождать процессом совершенствования этой структуры путем создания и развития новых видов производства инновационной продукции. Для этого в Казахстане имеются необходимые ресурсы и технологии, заимствованные из зарубежных стран. Например, в республике есть листовая сталь и качественный медь, что позволяет организовать производство электродвигателей. В Казахстане переработка углеводородного сырья ограничивается с операцией нефти и газа без дальнейшего эффективного использования нефтехимического сырья. Организовав глубокую переработку этого сырья можно создать производство пластиковых деталей для машинного оборудования. Казахстан имеет также возможность организовать производство машин для атомной энергетики путем создания совместных предприятий с зарубежными партнерами на основе эффективно действующих таких предприятий на территории республики.

Развитие отечественного машиностроения на основе его приоритетных направлений должно быть основана также на оптимизации межотраслевых эффектов, инициированных инновационно-технологическим перевооружением. Методы разработки и внедрения инновационных программ в рамках межотраслевых комплексов ориетированы на согласованное и сбалансированное развитие производственного аппарата и выпуск на основе инновационных технологий конкурентоспособной продукции по всей технологической цепочке. Использование этих методов позволит формировать направление промышленной политики в области машиностроения, ориентированной на создание с участием этой отрасли эффективно работающих межотраслевых комплексов в качестве основы инновационно-технологического перевооружения отраслей промышлености.

В результате реализации отраслевой программы по развитию машиностроения в Республике Казахстан на 2010-2014 годы, разработанной в рамках Программы форсированной инновационной индустрилизации в стране, будет освоено 56 инновационных проектов в машиностроительной отрасли, многие из которых уже запущены в машиностроении [6]. Это начинает мультипликативно влиять на все другие отрасли экономики страны. За последние четыре года, как указано выше, в стране введено в действие 780 предприятий, оснащенных новой техникой и технологией, в том числе 350 различных производств, положивших начало серъезным структурным изменениям в экономике Казахстана.

К концу 2014 годы объем годовой добавленной стоимости в республике увеличится на 7 триллионов тенге, что примерно составит 17,5% произведенного ВВП, а доля обрабатывающей промышленности в структуре ВВП около 12%. При этом доля несырьевого экспорта в общем объеме экспорта страны составит не менее 40%. За период реализации первого этапа государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития объем производства продукции машиностроения увеличился более чем в 2,5 раза, т.е. с 300 до 854 млрд. тенге к 2013 году [7]. Эти весомые показатели подверждают, что в Республике Казахстан успешно осуществляется диверсификация экономики, приближающая ее к стандартам, характерным для развитых индустриальных стран мира.

По нарастающему темпу диверсификации, особенно в машиностроении, может препятствовать архаичная структура действующих машинострительных предприятий страны. Средние размеры казахстанских предприятий машиностроения во много раз меньше, чем в развитых странах Европейского сообщества и США. Причем в производственную

структуру этих предприятий входят кроме основных (обработка и сбора), заготовительные цехи (литейные, кузнечные, прессовые, раскройко-заготовительные) и другие цехи (инструментальные и ремонтные), участки и обслуживающие хозяйства. При такой производственной структуре предприятие становится трудно управляемым и неконкурентноспособным не только на внешнем, но и на внутренном рынке.

Если эти предприятия для изготовления своих изделий будут получать необходимое сырье (сортовой прокат, отливки, разные материалы) централизованно от специальных заготовительных предприятий, например, литейных и кузнечных заводов, то это приведет к упрощению их структуры и повышению экономической эффективности производства. Развитие на этой основе организационной структуры машиностроения требует относительно меньше инвестиций для реструктуризации предприятий и модернизации производства в этой отрасли. Использование при этом корпоративного вида управления путем консолидирования сил представителей науки, образования и практики при регулирующей роли государства создает необходимые условия для ускорения инновационного процесса в производственной и коммерческой деятельности машиностроительных предприятий. Создание в машиностроении крупных корпоративных объединений, как в отраслях добывающей отрасли (КазМунайгаз, Казахмыс, Казцинк, ТНК Казхром) способствует структурой своего управления развитию машиностроения на инновационной основе и повышению его конкурентноспособности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».

2. Инновационная экономика.// Под. ред. А.А.Дынкина, Р' Н.И.Ивановой. – М.: Наука, 2001. – 293 с.

3. Информация о ходе реализации Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы. www.mint.gov.kz.

4. Беседин А. JI. Реструктуризация промышленных предприятий: теория и методология. Автореферат докт. диссертации. – М., 2007.

5. Zamanbekov S.Z. Cluster Development Concept of Kazakhstan Engineering on Innovative Basis. Life Science Journal, USA, 2013, 10(4), 1030-1035.

6. Программа по развитию машиностроения в Республике Казахстан на 2010-2014 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2010 года № 1002.

7. Газета «Казахстанская правда» от 11 октября, 2014 г.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Заманбеков Ш.З.,*** *э.ғ.к., профессор м.а.,* ***Жунусов К.Г.,*** *э.ғ.к., доцент,*
***Сихымбаева Б.Н.,*** *аға оқытушы,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАШИНА ЖАСАУДЫ ДАМЫТУ

Мақала Қазақстанның машина жасау саласын дамыту проблемаларына арналған. Мұнда осы саланың бүгінгі таңдағы жағдайына сипаттама беріле отырып, оны инновациялық негізге өткізу қажеттілігі дәлелденген. Осыған байланысты экономиканың салаларына қажетті жаңа техника мен жабдықтарды өндіру мақсатында жұмыс істеп жатқан машина жасау кәсіпорындарының құрылымын қайта құру мәселесі қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** құрылым, инновация, әртараптандыру, қайта құру, технология, кешен, жаңғырту, оптимизациялау.

**SUMMARY**

***Sh.Z. Zamanbekov**, candidate of economic sciences, associate professor,*
***K.G. Zhunusov**, candidate of economic sciences, associate professor,*
***B.N. Sikhimbayeva**, senior lecturer,*
*(Almaty city, Kazakh state women's teacher training university)*

**DEVELOPMENT OF ENGINEERING IN CONDITIONS OF STRUCTURAL REORGANIZATION OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN**

Problematic issues of domestic engineering industry development, its current state and transfer conditions of this branch on innovative basis are considered in the article. Much attention is paid to restructuring of national economy where engineering plays an important role, so it defines development of such branches as extracting and manufacturing industry. In this regard reserves of increasing production of engeneering products with indication of necessity to implement restructuring of the operating machine-building enterprises for production of new or modified production are exposed.

***Key words:*** structure, innovation, diversification, reorganization, technology, complex, modernization, optimization.

**ӘОЖ 316.4 (574)**

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***М.С. Қабылжан,*** *магистрант,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Қазақстан Республикасындағы халықты әлеуметтік қорғау мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ еліміздегі ана мен баланы қорғау әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақы жүйесін реформалау мәселелері де қамтылған. Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесінің мақсаты мен құрылымы даму болашағы туралы айтылады.

***Түйін сөздер:*** Әлеуметтік қорғау, қоғамдағы әлеуметтік топтар, мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнетақы жүйесі, дамыған елдер, әлеуметтік құрылым.

Анықтамалық әдебиеттерге сүйенсек, әлеуметтану сөздігінде әлеуметтік қорғау – бұл қолайсыз жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылуы) байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты еңбекақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған [1]. Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері экономикалық даму деңгейімен анықталса, ал адамдар арасындағы ынтымақтастық, мемлекеттік институттардың қатысу дәрежесі мен еңбекке ынталандыру деңгейі таңдалған әлеуметтік-экономикалық модельмен өзара байланысты болады. Әлеуметтік қамтамасыз ету «адам капиталына» әсер етеді. Бұл міндетті түрде денсаулық сақтауда, өнімді азайтуда, денсаулық жағдайын қайта қарауда және жұмысқа қабілеттікті қайта қарауда байқалады. Сәтсіз оқиғаларды алдын алу тоқтату шаралары осы іс-шарада маңызды фактор болып табылады. Әлеуметтік қамтамасыз ету сонымен бірге жұмыспен қамту деңгейіне және сәйкесінше жұмыссыздыққа әсерін тигізеді. Еңбек нарығындағы жұмыспен қамту орталығы халыққа, жұмысқа орналастыру, жәрдемақы беру арқылы жағдай жасайды. Қазіргі кезде көптеген батыс елдерде мынадай ойлар жүріп жатыр: әлеуметтік қамтамасыз ету шығындар еңбек факторын «өте қымбат» қылады. Олар еңбекақы шығындарының бір бөлігі болып

табылады, сонымен бірге бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді және жұмысбастылық саласындағы саясатқа әсер етеді. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін белгілі әлеуметтік топтарды экономикалық және әлеуметтік әрекетті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығы деп айтуға болады. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болып, зейнетақыны сақтандыру, ауырған кездегі сақтандыру, сәтсіз оқиғалардан сақтандыру және жұмыссыздықтан сақтандыру саласындағы әлеуметтік қорғаудың негізгі блогы сияқты әлеуметтік қолдау болып табылады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесі – әлеуметтік еңбек саласындағы реттеуші механизмдерінің бірі.

Барлық әлеуметтік сақтандыру жүйесінің басты мәселесі болып, оны қаржыландыру болып табылады. Тек қана әлеуметтік сақтандырудың барлық түрлерін анықтау маңызды, жұмыс берушінің, жұмысшының, мемлекеттің, сақтандырудың маңызды бөлігі болып көрсетілген көмекті төлем есебінен қаржыландыру және төлем мен әлеуметтік қызмет көлемінің арасындағы тығыз байланысы болып табылады. Көмек көлемі сақтандырылған жеке адамның алдын ала салымына қарай бөлінеді. Әлеуметтік көмек – тіршілік жағдайын қолдауда объектіге көмекті қамтамасыз ету міндетін мемлекеттің мойындауы, ал керекті кезде жағдайды дамытуда мемлекеттің мойындауы [2]. Әлеуметтік көмек принципі бойынша шаралар бюджеттен қаржыландыруы және алушының жеке қажеттілігіне ыңғайлануды қалайды. Бұндай көмек көлемі алдын ала төленген төлемдерге тәуелді емес. Бірақ көмек көрсету кезінде екі жағдай ескерілу керек. Біріншіден, көмек алушы адамдар арасында өз белсенділігін көрсету керек. Екіншіден, көмек көрсетудің басқа жолы қалмағанда әлеуметтік саясат іске араласады. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде әлеуметтік қорғау жүйесінің құрылымы ұсынылады. Толық ынтымақтастыққа негізделген жүйеде жарна мен төлемнің арасында өзара байланыс болмайды. Және төлем алу құқығы қатерлі жағдай орын алған сәттен туындайды да, оның деңгейі адамның жүйеге қосқан үлесіне тәуелді болмайды. Мұндай жүйелерді қаржыландыруды бүкіл салық төлеушілер мойнына алады да, әлеуметтік қорғау жүйесінен төлем алу құқығына барлық азаматтар ие болады. Мұндай жүйеде табыстарды қайта бөлу тетігі және қаржыландырудың бірден бір көзі мемлекеттік бюджет болып табылады, ал реттеуші ретінде мемлекет әрекет етеді. Толық ынтымақтастыққа негізделген жүйеде барлық азаматтарға әлеуметтік қорғаудың бірдей, әдетте, ең төменгі деңгейін ұсынады. Ал шектеулі ынтымақтастыққа негізделген жүйеде төлемдерді алу құқығы адамның жарнасына байланысты болады. Әдетте мұндай жүйе еңбеккерлер мен жұмыс берушілердің аударымдары есебінен қаржыландырылады, ал жарнасына қарай төлемдерді алу құқығына аударымдар жасаған (немесе олар үшін жұмыс беруші аударым жасаған) азаматтар ғана ие болады. Мұндай жүйелер, әдетте, халықтың белгілі бір тобына, мысалы, ресми жұмыс істейтін еңбеккерлер немесе белгілі бір еңбек ұжымының еңбеккерлерін әлеуметтік қорғаудың қосымша көзі болып табылады. Бұдан басқа, дербестендірілген жүйелер, яғни ынтымақтастық белгісі жоқ, әр азамат өмірдегі қатер жағдайына қаражатты дербес жинайтын әлеуметтік қорғау жүйелері де бар.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде мемлекеттік институттардың қатысуы ең жоғары елдер арасында Францияны, Италияны, Бельгияны, Германияны, Австрияны, Жапонияны атауға болады. Мемлекеттің ең аз қатысуы, әлеуметтік қорғау құралдарының көбін жекеменшік институттарында беру Латын Америкасының бірқатар елдерінде таралған. Бірақ, мемлекеттердің көпшілігінде, мысалы, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Аргентинада, Голландияда, Данияда, Швецияда, Польшада, Латвияда аралас жүйе, яғни, мемлекеттік те, жекеменшік институттар да қатысатын аралас жүйе пайдаланылады. Әдетте, толық ынтымақтастық жүйелері – мемлекеттік, жинақтаушы сипатындағы дербестендірілген жүйелерде жекеменшік басым, ал шектеулі ынтымақтастықта, көбінесе, мемлекеттік те, жекеменшік те институттар қатысатын аралас жүйе қолданылады. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғанындай, мемлекеттік институттардың қатысу дәрежесі халықтың әлеуметтік қорғаумен қамтылуы және әкімшілік шығыстар деңгейі сияқты негізгі көрсеткіштерге әсер етеді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін ұстаудың неғұрлым жоғары әкімшілік шығыстары – жекеменшік жүйелерге, неғұрлым төмені – мемлекеттік және аралас жүйелерге тән. Еңбекке

ынталандыру тұрғысынан алсақ, жарнаны аудару дербестендіруге негізделген жүйеде барынша жоғары, ал толық ынтымақтастыққа негізделген жүйеде – төмен болады. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі жағдайына тоқталатын болсақ, мүгедектігіне, асыраушысынан айрылуына байланысты, жұмыссыздығы мен жасы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі толық ынтымақтастық қағидасына негізделген [3]. Қазақстанның барлық азаматтары өмірдегі қатерлі жағдайлар туындаған кезде еңбек үлесіне және жүйеге қосқан жарнасына қарамастан, бірдей деңгейде мемлекеттік жәрдемақылар алады. Азаматтың еңбек үлесі ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінде ішінара ғана ескеріледі. Әлеуметтік төлемдерді есептеудің экономикалық негізделген нормативтері мен еңбекақы жүйесінде өзара байланыс болмауының салдарынан жұмыс істейтін халықтың табыс деңгейі мен әлеуметтік төлемдер арасындағы тиісті байланыс болмай отыр. Нәтижесінде, жұмыс істейтін халықтың бір бөлігі әлеуметтік еңбек үлесі болмаған азаматтардың да алатын әлеуметтік жәрдемақы мөлшерінен де аз жалақы алады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі – қартайған шақтағы қамсыздандырудың қатысушылар арасында ынтымақтасусыз, жинақтау қағидасына негізделген жүйеге қатысуға пәрменді ынталандыратын бірден-бір түрі. Әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі қаржыландыру көзі мен жалпы реттеушісі мемлекет болып табылады. Біздің еліміздегі тәжірибемізде мемлекет басқаратын жүйедегі халықтың қамтылу деңгейі жоғары және әкімшілік шығыстар төмен, ал жекеменшік институттары қатысатын жүйеде халықты қамтудың төмендігі мен әкімшілік шығыстар жоғары болатыны халықаралық тәжірибедегі тұжырыммен дәлелденіп отыр. Әлеуметтік проблемаларды шешуде нарықтық қатынастарға негізделген кешенді моделі іске асырылады. Жаңа жүйе халықты өмірде тап болуы мүмкін негізгі қатерлерден әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге арналған ынтымақты және дербестендірілген жүйелердің, міндетті және ерікті сақтандырудың элементтерін қамтитын аралас жүйе болады. Әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері экономикалық өсуді қолдау элементтері, қатерлі жағдайлар туындаған кезде барлық азаматтарға қорғау көрсетуде әділ; пәрменді де тиімді жұмыс істейтін және халықты неғұрлым толық қамтитынын ескере отырып, қалыптастырылуы тиіс. Жүйе әділ болуы тиіс. Кейбір елдерде әділдікті барлық азаматтар үшін адамның салымына қарамастан, әлеуметтік төлемдердің мөлшері бірдей болатындығы деп біледі. Басқа бір елдерде әр адамның әлеуметтік қорғалуы оның еңбек үлесін, аударымдардың мөлшері мен ұзақтығына байланысты деп ұғады. Әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесі ұсынылған екі көзқарасты ұштастыруға негізделетін болады. Әлеуметтік қорғау құқығын іске асыру азаматтар үшін қолжетерлік болуы тиіс. Мемлекет кепілдік берген ең төменгі жәрдемақылар әлеуметтік қатер туындаған кезде барлық алушылар үшін төлемдердің бірдей деңгейін ұсынуы тиіс. Сонымен бір мезгілде, қосымша қорғау деңгейі әрбір нақты адамның еңбек үлесіне байланысты болуы керек. Әлеуметтік қорғау жүйесі әрбір азаматтың мемлекетке тәуелділігін емес, оның жеке жауапкершілігін ынталандыруы тиіс. Тұтастай алғанда, барлық еңбекке қабілетті азаматтар өзінің жеке басының болашағы мен өз отбасының әл-ауқаты үшін жауапты болуы тиіс. Жүйе пәрменді, жәрдемақылар атаулы болуы керек, яғни оны алуға құқығы бар және оған аса мұқтаж адамдарға беріледі. Қазақстанның ерекшелігін, халықаралық тәжірибені ескере отырып, әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдастыру негізін қараған кезде мемлекеттік және сол сияқты жекеменшік институттардың мүмкіндіктері тиімді пайдаланылатын аралас жүйеге артықшылық берілуі тиіс. Әлеуметтік төлемдерді неғұрлым тиімді басқару үшін әрбір азаматқа дербес код бере отырып, осы код негізінде барлық әлеуметтік төлемдерге бақылау жасайтын мемлекеттік жүйе мен ұлттық дерекқор жасалуы тиіс [4]. Ана мен баланы кең ауқымды әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттің бүкіл әлеуметтік қорғау жүйесінің басымдықтарының бірі болады. Келешекте әлеуметтік қорғау жүйесінің жетілдірілуі барысында жүктілігінің алғашқы кезеңінде медициналық ұйымда диспансерлік есепке тұрған әйелдерге бір жолғы жәрдемақы төлеу мүмкіндіктерін іздестіру және басқа да көмек түрлері сияқты бала тууды арттыруға ықпал жасау тәсілдерін енгізу жолымен демографиялық процестердің оң үрдістерін қолдауды ынталандыру шаралары қалыптастырылады.

Әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ жүктілікке және бала тууға байланысты, тікелей перзентханадан бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) тағайындалады. Зейнетақы дегеніміз – азаматтарға заңда белгіленген жағдайларда мемлекет немесе өзге де субъектілер тарапынан өмір бойы үздіксіз беріліп отыратын ақшалай төлем. Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау мәселесі гуманистік бағытта жүргізіледі. Әр жыл сайын өтілетін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Оксфорд сөздігі. – Алматы, 2010. – Б.303-304.
2. Хлостова Е.И. Социальная работа теория и практика. – М., 2001.
3. Фирсов М.В. Теория социальная работа. – М., 2001.
4. Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. – Павлодар, 2006.
5. Энциклопедия. Социология. – М., 2012.


## РЕЗЮМЕ


***Кабылжан М.,*** *магистрант*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


## ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА


В статье рассматривает вопросы социальной защиты населения Республики Казахстан. Также охвачены вопросы социального обеспечения матери и ребенка и реформирования системы пенсионных выплат. Затрагивается вопрос о задачах социальной защиты насления и перспективах ее развития.



***Ключевые слова:*** Социальная защита, социальные группы общества, люди с ограниченными возможностями, система пенсионных выплат, развитые страны, социальная структура.


## SUMMARY


***M.Kabylzhan,*** *master*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*


## QUESTIONS OF SOCIAL DEFENCE OF POPULATION OF KAZAKHSTAN


In the article examines the questions of social defence of population of Republic of Kazakhstan. The questions of public welfare of mother and child and reformation of the system of pension payments are also overcame .Question about the tasks of social defense of and prospects of her development.



***Key words:*** Social defense, task forces of developed countries, social structure society, people with limit possibilities


**ӘОЖ 364**

# ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ


***В.С. Нурланова,*** *п.ғ.к.,*
*қауымдастырылған профессор м.а.*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті )*



***Аңдатпа:*** Бұл мақала тұлғаны әлеуметтендіруде қоғамдық ұйымдардың атқаратын рөліне арналған. Мақалада тұлғаны әлеуметтендіру, қоғамдық ұйым, қоғамдық бірлестік

ұғымдары ашып көрсетілген. Сонымен бірге әлеуметтендіру мәселесіне отандық және шетелдік ғалымдардың берген анықтамалары талданған. Сондай-ақ бұл мәселе бүгінгі күнде өзекті екені бөліп көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** тұлға, қоғамдық ұйым, әлеуметтендіру, қоғамдық бірлестік.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы жөніндегі негізгі стратегиялық бағыты «халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздерін салиқалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды, сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі», деуі қоғамдық ұйым, бірлестіктердің құрылып, дамуына мүмкіндік ашып отыр [1]. Олай болса, жастардың білім, білік, дағдыларын қоғамдық іске бейімдейтін, саясаттан тысқары ерікті қоғамын құрудың мектептердегі оқу-тәрбие ісін бір жүйеге келтіруде белгілі ықпал ететіні сөзсіз.

Қазақстандағы балалар қозғалысының даму үрдісіне тоқталатын болсақ, үкіметіміз соңғы жылдары балаларды қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеуге және ұрпақтарымыздың нағыз азамат болып қалыптасуына аса көңіл бөлуде. Балалардың әлеуметтік бастамаларын дамытуда түрлі ұйымдар, одақтар және қозғалыстарды құру маңызды орын алады. Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктері атқаратын қызметтер жас ұрпақтың жеке басын әлеуметтендіру, оның қабілетін іске асыру және қоғамдағы өз орнын анықтау үшін маңызды институт болып табылады. Ол өскелең ұрпақтарға қазіргі қоғам өмірінде демократиялық тұрғыда қалыптасуына жағдай жасайды. Тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері бойынша Р.Әбсаттаров, М.Дәкенов, З.У.Кенесарина, И.С.Кон, Г.Ж.Меңлібекова, Ж.Меңлібаев, А.В.Мудрик, Ж.Нұсқабаев, А.В.Петровский, Р.Г.Гурова т.б. еңбектерін атауға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітіліп, республиканың үздіксіз білім беру ұйымдарына ұсынылған «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында» балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік мүмкіндіктерінің тиімділігінің төмендігіне баса назар аударылған [2].

Себебі, елімізде бұрыннан қалыптасқан комсомол, пионер ұйымдарының ыдырауымен оқушылардың қоғамдық белсенділіктері біршама әлсіреді. Қоғамдық ұйымдардың жабылуы оқушы-жастар арасындағы тәрбие жұмысының нашарлауына, тұлғаның өзін-өзі әлеуметтендірілуіне кері ықпалы болды. Оқушылардың қоғамдық ұйымдарын басқарудың бірыңғай ғылыми-әдістемелік кешенінің жасалмауы да оларды қоғамдық іске деген белсенділіктерін арттыруға кедергі болып келді.

Осы жағдайлардың барлығы мектептерде белгілі бір жүйеге қалыптасқан оқушылардың қоғамдық ұйымының әлеуметтік мәртебесін айқындаудың, сол арқылы оларды қоғамдық іске тартып әлеуметтендірудің ғылыми жүйесін жасаудың қажеттігін туғызды.

Тұлғаны әлеуметтендіру – әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды меңгеру үдерісінде оқушының қоршаған ортамен әрекеттесуі, сондай-ақ өзі өмір сүретін қоғамда өзін-өзі дамытудағы табыстылығы, әлеуметтік белсенділігі мен іс-әрекетті жүзеге асырудағы дайындығы. Әлеуметтендіру тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік топтарға тұлғаның ену үдерісін қамтиды. Мектептегі балалар қоғамдық ұйымдарының тұлғаны әлеуметтендіруі аксиологиялық-танымдық, мәдениеттану, тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырлары тұрғысынан зерделенді.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес, қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік

қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады», – деп атап көрсетеді. Негізгі міндеттерге жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағын қоғамның түсінуін актуалдандыру; балалар мен жасөспірімдердің және жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым-қатынасты реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістік құруды ұйымдастыру; балалар мен жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауды ұсынады [3].

Тұлғаны әлеуметтендіру әлеуметтік ортада өтеді. Зерттеу нысанымызға алып отырған мектептегі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар оқушылардың өз еріктерімен құрылатын әлеуметтік орта деп қараймыз. Көбіне мектептерде қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық бірлестіктерге қарағанда қоғамдық ұйымдар қалыптасқанын зерттеу барысында көре білдік.

Философиялық тұрғыда әлеуметтену ұғымы дәстүрлі «білім» және «тәрбие» ұғымдарымен салыстырғанда кең ауқымды, терең мағыналы ұғым. Әлеуметтендіру өзіне білім беру мен тәрбиені бірлікте қарастырады. Сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін ешкім жоспарламаған тосын жағдайларды да, әлеуметтік топтарға тұлғаның еркін кіргізу үдерісін қамтиды», – деп атап көрсетеді [4, 32 б.]. Тұлғаның әлеуметтенуі әртүрлі әлеуметтік ортада, кеңістікте оқушылардың еркін сезінуі. Қоғамдық ұйым, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық бірлестіктер – бұл тұлғаны қалыптастыратын әлеуметтік орта. Әлеуметтік кеңістікте тәрбиені жүзеге асыру – бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа көшіп жүретін баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ тәрбиелік пікірге жол көрсету.

Тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі құралына: тіл, тұрмыстық жағдайлар, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, қарым-қатынас түрі және мазмұны, тұлғаның өмірлік әрекеттерге, қарым-қатынастарға бейімделуі т.б.

Ю.В.Василькова тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына аса мән берген ғалымдардың бірі. Тұлғаны әлеуметтендіру ұғымына төмендегідей түсініктеме береді: «Тұлғаны әлеуметтендіру дегеніміз – олардың тілі, тұрмыстағы іс-әрекеті, тәртібі, шығармашылыққа қабілеті, өз халқының мәдениетін қабылдауы тұрғысынан, тұлғаны әлеуметтендіруді әлеуметтік тәрбиемен байланыстыра қамтиды. Әлеуметтік тәрбиенің негізгі міндеттеріне: әр тұлғаға жекелей көмек – отбасында, мектепте әртүрлі кризистік жағдайлардан шығу, құқығын қорғау, денсаулығын сақтауға жағдай жасау, өз өмірлерін қалыптастыруға көмекке келу т.б. [5].

Әлеуметтік тәрбиенің негізгі ұстанымы: табиғи сәйкестілік – баланың қабілетін білу және соған лайықты ықпал ету; халықтық ұстаным – ұлттық мәдениет, тіл, салт-дәстүрді ескеру; ізгілік ұстанымы – дене, рухани-адамгершілік т.б. жекелей ықпал ету; әлеуметтік жауапкершілік ұстанымы – тұлғаның шығармашылық дамуын іске асыру, дарынды балаларға жағдай жасау, дене мәдениетінің кемістігі бар балаларға қолдау көрсету т.б. тұжырымдайды [5, 55 б.]. Әлеуметтендіру – әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік тәжірибеге байланысты тұлға өмір сүрген ортада, топта, әлеуметтік қауымдастықта тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені, мәдениетті меңгеруі арқылы тұлғаның қалыптасу үдерісі», – деп тұжырымдайды [6, 43 б.].

Мектептегі қоғамдық ұйымдарда тұлғаны әлеуметтендіру бүгінгі күнгі негізгі педагогикалық мәселелердің бірі болып отырғанын жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерінен нақты көруге болады. Зерттеу барысында мектептегі оқушылардың қоғамдық ұйымдары тұлғаны әлеуметтендіруге жағдай жасайтын, балалар мен жастар тәрбиесінің болашағын, саяси және әлеуметтік маңыздылығын өзектілендіретін, интеллектуалдық ұйымдастырушылық, ашық ақпараттық, коммуникативтік, тұлғалық-әлеуметтік кеңістікті құруға бағыттайтын, интеллектуалдық және ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыратын әлеуметтік институт болып табылады. А.С.Макаренко ұжымды қалыптастыру теориясы мен тәжірибесіне орасан зор еңбек сіңірді. Ол ең алғаш ұжымның

тәрбиелік қызметін тұжырымдап, оны гуманистік идеялармен толықтырды. Педагогикалық ұжым қалыптастырудың принциптерінен туындайтын ұжым міндеттері мен құқықтарын, әр ұжым мүшесінің әлеуметтік ұстанымын анықтады [7].

Қазақстанда қалыптасқан «Жұлдыз», «Атамекен», «Скаутинг», «Болашақ», «Мың бала» т.б. мазмұнына ғылыми теориялық талдау жасау барысында аталған ұйымдар тұлғаны әлеуметтендіруде негізгі орын алады. Аталған бағдарламалардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар және бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне қандай ықпалы бар дегенге келетін болсақ, олардың кез келгені болашақ ұрпақтың мәдени құндылықтарын қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, ұлттық негіздегі бағдарламалар пайда болды.

Мәселен, Зейнеп Ахметованың «Кәусар бұлақ» бағдарламасына келетін болсақ, мектеп оқушыларына ұлттық салт-дәстүрлерден жалпылама мағлұмат береді. Бағдарламада оқушының жас ерекшелігі ескерілмейді. Тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі құралына: тіл, тұрмыстық жағдайлар, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, қарым-қатынас түрі және мазмұны, тұлғаның өмірлік әрекеттерге, қарым-қатынастарға бейімделуі т.б.

Әлеуметтік тәрбиенің негізгі ұстанымы: табиғи сәйкестілік – баланың қабілетін білу және соған лайықты ықпал ету; халықтық ұстаным – ұлттық мәдениет, тіл, салт-дәстүрді ескеру; ізгілік ұстанымы – дене, рухани-адамгершілік т.б. жекелей ықпал ету; әлеуметтік жауапкершілік ұстанымы – тұлғаның шығармашылық дамуын іске асыру, дарынды балаларға жағдай жасау, дене мәдениетінің кемістігі бар балаларға қолдау көрсету т.б. тұжырымдайды [5, 55 б.].

Қорыта келе, балалар қоғамдық ұйымдарын, бірлестік және қозғалыстардың мазмұнына теориялық талдау балалар ұйымы туралы ғылымның қазіргі таңдағы дамуына қатысты негізгі қорытындыларды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қоғамдық ұйымдар оқушы-жастардың жеке тұлға ретінде дамуына, қоғамдық қатынаста өз ойын еркін айта алатын, шығармашыл тұлға қалыптастыруға болатыны тәжірибелік-эксперимент жұмыстары барысында дәлелденді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы. – Алматы, 1998.
2. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығы. – Астана, 2009.
3. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2000. – С. 47.
4. Коменский Я.А. Ұлы дидактика / аударған, алғы сөзін жазған Ә.Қоңыратбаев. – Алматы, 1993. – 100 б.
5. Василькова Ю.В. Социальная педагогика. – М.: Академия, 2008. – С. 448.
6. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. – М.: Гардарики, 2008. – С. 269.
7. Макаренко А.С. Педагогические сочинение // В 8 т. – М., 1983. – Т. 4. – С. 248-255.


## РЕЗЮМЕ


***Нурланова В.С.,*** *к.п.н., и.о ассоцированного профессора*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


## РОЛЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИИ В СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ


Статья посвящена роли общественных организации в социализации личности. В статье раскрываются такие понятия, как социализация личности, общественные организации, общественные объединения. Вместе с тем, проанализированы взгляды различных отечественных и зарубежных ученых к проблеме социализации. А также автором выделена актуальность этой проблемы.

***Ключевые слова:*** лицо, организация, социализация общественных объединений.

**SUMMARY**

***V.S. Nurlanova,*** *Candidate of pedagogical sciences, Associate professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**THE ROLE OF PUBLIC ORGANIZATIONS IN THE SOCIALIZATION OF THE INDIVIDUAL**

The article is devoted to the role of public organizations in the socialization of the individual. The article describes concepts such as socialization, social organization, social unification. However analyzed views of various domestic and foreign scientists to the problem of socialization. And also highlighted the relevance of the author this problem.

***Key words:*** person, organization, socialization of public associations.

## ПЕДАГОГИКА - ПСИХОЛОГИЯ
## PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

**УДК 38.4**

# ИГРА КАК СРЕДСТВО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

***Алимжанова Г.Б.,*** *воспитатель*
*(г. Алматы, ДОО №122 Турксибского района)*

***Аннотация:*** В статье рассматриваются проблемы экологического воспитания дошкольников средствами дидактических игр. Статья содержит конкретные разновидности игр, которые используются в старших группах детского сада в развитии экологического воспитания.

***Ключевые слова:*** Экологическое воспитание, дидактические игры, классификация игр, эстетическое воспитание, дошкольный возраст.

Одной из важнейших задач образовательной системы Республики Казахстан является экологическое воспитание, которое включает в себя формирование экологической культуры на основе единства экологических знаний, положительного эмоционально-ценностного отношения к природе и реальной действительности в окружающей среде. Поэтому большая ответственность в области экологического воспитания ложится на все звенья образования, начиная с дошкольного. Именно в этом возрасте закладываются основы мировоззрения человека, его отношение к окружающему миру. Дети особенно чутко, эмоционально относятся к природе, они восприимчивы к добру, любознательны. Именно в эту пору следует закладывать нравственные основы, развивать у них умение видеть красоту природы, испытывать эстетическое наслаждение от общения с ней.

Огромное значение ознакомлению подрастающего поколения с природой уделяли такие известные педагоги и просветители как Я.А.Каменский, И.Г.Песталоцци, Д.Локк, Ф.Фребель, М.Монтессори, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, Абай Кунанбаев, И.Алтынсарин и др.

Так, Я.А.Коменский указывал на необходимость с раннего детства формировать средствами природы культуру ребенка. Известный казахский поэт-просветитель Абай Кунанбаев призывал формировать представления у детей об окружающем мире, родной природе: «Дитя человеческое не рождается на свет разумным. Только слушая, созерцая,

пробуя все на ощупь и на вкус, оно начинает познавать разницу между хорошим и плохим. Чем больше видит и слышит дитя, тем больше узнает»[1].

Проблемам экологического воспитания дошкольников посвящены исследования таких отечественных ученых как Каримбаевой Р.К., Манкеш А.Е., Салиевой А.Ж., Сайлауовой Н.С. и др. Так, в исследовании А.Е. Манкеш раскрываются пути экологического воспитания детей старших групп детских садов средствами ознакомления с окружающей средой. Формирование основ экологической культуры у детей предшкольного возраста посвящено исследование Н.С. Сайлауовой.

Следует отметить, что содержание экологического воспитания нашло отражение в Государственном общеобязательном стандарте образования Республики Казахстан по дошкольному воспитанию и обучению, в республиканских вариативных программах для дошкольных организаций.

Под формированием экологической культуры в современной педагогике подразумевается формирование:

- интереса в природе;
- знания о природе и ее охране;
- эстетических и нравственных чувств к природе;
- позитивной деятельности к природе.

Реализация данного содержания в детских садах осуществляется посредством различных форм и педагогических технологий (экологические экскурсии, уроки доброты, самопознание, экологические тропы, экологические конкурсы, КВН, экологические праздники, выставки детских работ на экологические темы, экологические сказки, инсценировки и т.д.).

Вместе с тем, многолетний опыт работы в детском саду убедительно доказывает, что одним из эффективных средств экологического воспитания дошкольников является игра. Сущность игры как ведущего вида деятельности состоит в том, что дети отражают в ней разные стороны жизни, уточняют свои знания об окружающей действительности. Важность использования игр, особенно национальных, в экологическом воспитании отмечали этнографы, историки, путешественники, педагоги, просветители прошлого: А.Гумбольд, Н.Кульжанова, М.Жумабаев, И.Жансугуров, М.Ауэзов, С.Муканов и др. Использование казахских национальных игр в воспитании детей стали предметом исследования в трудах М.Таникеева, Ж.Тулегенова, Т.Бекбатгаева и др.

Т.С.Комарова указывает, что, передавая в игре впечатления об окружающей жизни, дети заново переживают жизненные ситуации, свое отношение к происходящему. Их впечатления углубляются, уточняются и по-новому воздействуют на детей. Таким образом, в игре ребенок получает эмоционально важный опыт. При правильном руководстве игровой деятельностью игра содействует обогащению природы ребенка, развитию образных форм познания (образное мышление, воображение), упрочению его интересов, развитию речи, творческих способностей, познавательных процессов, воспитанию нравственных качеств [2].

Организация игровой деятельности в детском саду осуществляется в соответствии с возрастными особенностями детей, связанными с недостаточной устойчивостью, непроизвольностью психических процессов, преобладанием наглядно-образного мышления, несформированностью познавательной мотивации.

В процессе экологического воспитания детей широкое применение получили дидактические и творческие игры.

К дидактическим играм относятся игры с правилами, специально создаваемые воспитателем для воспитания и обучения детей. Так, в старших группах организуются такие дидактические экологические игры, как:

- *игры-путешествия* (при помощи технических средств дети «оказываются» на Каспийском море, на озере Балхаш, на Джайлау, в степи и т.д.). У детей формируются представления о растительном и животном мире, труде людей различных регионов Казахстана;

- *игры-рассуждения* (дети рассуждают, обсуждают, делают выводы. Например, игра «Где ночуют птицы?»);
- *игры-проигрывание* ситуаций экологического характера: ягоды в лесу собирать долго. Проще наломать веток с ягодами. Можно ли так поступать? Почему? Грибы-мухоморы очень ядовитые, и поэтому их следует растаптывать ногами. Правда ли это?
- *экологические тропы* (в парках и скверах есть строго определенные места для пешеходного движения и игр. В условиях детского сада целесообразно определить вместе с детьми экологические тропы);
- *игры-поручения* (определение оттенков осенних листьев различных деревьев; группировка овощей и фруктов);
- *предметные игры* – игры на соревнование, узнавание по частям («Определи на вкус с закрытыми глазами фрукт или овощ», «От какого дерева лист?);
- *настольно-печатные игры*. Это игры типа лото, домино, разрезные картинки («Дикие и домашние животные», «Четыре времени года»). Большое внимание уделяется играм, где дети делают обобщение, классифицируют («Летает – не летает», «Что сначала, что потом?»);
- *подвижные игры природоведческого характера* («Кошки и мышки», «Ұшты-ұшты» и др.).
- Важная роль отводится и творческим играм, связанным с экологическим воспитанием. С огромным желанием дети играют в игрушки, сделанные совместно ребенка и взрослого (куклы из соломы, животные из желудей, мячики из шерсти). Они строятся на представлениях, полученных в процессе организованной учебной деятельности, наблюдений, экскурсий, просмотра видеоматериала:
- *игры с природным материалом* (шишки, желуди, семена растений, ракушки, камушки, орехи, початки кукурузы и др.). Творческие игры экологического характера обеспечивают процесс познания ребенком своих творческих способностей, связанных с выполнением творческих заданий, созданий условий для выполнения различных по статусу ролей («знаток природы», «защитник природы», «друг птиц и животных»). Разработанные воспитателями авторские игры создают также условия для проявления потребности быть самостоятельным, умным, знающим, как взрослый; эмоциональный характер игр позволяет усиливать познавательный интерес и желание участвовать в природоохранительной деятельности (делать кормушки и кормить зимой птиц, ухаживать за цветочными клумбами и т.д.).
- *ролевые экологические игры*. Это игры помогают познать свойства и качества материалов, совершенствуют чувственный опыт («строительство необходимых компонентов «Морское царство», «Космос»).
- Для успешности осуществления экологического воспитания
- дошкольников педагоги детского сада стремятся:
- как можно чаще привлекать родителей к совместному решению данной задачи. Организуют заседание круглых столов, консультации, рекомендуют литературу краеведческого характера и игры по экологическому воспитанию в соответствии с возрастом детей;
- обеспечивают условия для развития самостоятельности, инициативы, творчества; постоянно создают ситуации, побуждающие детей активно применять свои знания и умения; ставят перед ними определенные задачи, поддерживают стремление к охране окружающей природы;
- знакомят с экологическими играми, учат строго соблюдать правила игры, взаимодействовать в коллективе [3].

Сегодня общество испытывает потребность в новой экологической культуре. Актуальной становится проблема экологического воспитания детей. Только посредством чувственного восприятия прекрасного можно осуществить экологическое воспитание, которое включает не только заботу о природе, но и межличностные отношения.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абай. Книга Слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсембаевой. – Алма-Ата, 1992. – С 176.
2. Соломенникова О.А. Экологическое воспитание в детском саду. – М, 2005.
3. Губанова Н.Ф. Игровая деятельность в детском саду. – М, 2006.

## ТҮЙІНДЕМЕ

***Г.Б. Әлімжанова,*** *тәрбиеші*
*(Алматы қ., Түркісіб аудандық №122 балабақша)*

### ОЙЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ

Мақалада, мектепке дейінгі балаларға ойын іс-әрекетінде экологиялық тәрбие беру құралдарын пайдаланудың тиімділігі, олардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін оята отырып, жағымды өзара қарым-қатынасты дамытатыны туралы айтылған.

***Түйін сөздер:*** Экологиялық білім беру, дидактикалық ойындар, жіктелу ойындары, эстетикалық тәрбие, мектеп дейінгі жас.

## SUMMARY

***G.B. Alimzhanova,*** *educator*
*(Almaty city, DOW №122 Turksib district)*

### GAME AS A MEANS OF ENVIRONMENTAL PRESCHOOL EDUCATION

In the article the problems of ecological education of preschool children are examined by facilities of didactic games. The article contains the certain varieties of games that is used in the senior groups of kindergarten in development of ecological education.

***Keywords:*** Environmental education, educational games, classification games, aesthetic education, preschool age.

**ӘОЖ 373.1.02:373.3:372.8:[91+54]**

# ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

***Ш.Н. Альдибекова,*** *п.ғ.к., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялар арқылы білім сапасын арттырудың жолдары қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** білім сапасы, оқу үрдісі, педагогикалық технологиялар, ізгілендіру.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой-өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты жастарды тәрбиелеу.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды математиканы оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Ұрпақ тәрбиесі мен болашаққа берілетін білімнің қай кезде де халықтық мәселе болғаны анық. Сондықтан, ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді.

В.Кларин технология сөзінен қандайда болсын істегі шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы, ал педагогикалық технология (тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, оқыту технологиясы) «педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеудің реті» – деп түсінік берді. Олай болса, педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Кез келген елдің рухани-мәдени және экономикалық дамуы сол елдегі оқыған білімді тұлғалар деңгейімен анықталады. Ал жеке тұлғалардың білімділігі, кеңінен ойлану, талдай білуі алатын біліміне тікелей байланысты. Яғни білім ордалары, сол болашақ деп аталатын үлкен құрылыстың кішкене кірпіштерін дайындап шығарып жатқан өндіріс орындары сияқты.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін ақпарат көлемі кеңеюде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан, білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде оқытушы басты рөл атқарған болса, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуге тиіс, яғни оқытушы көбіне кеңесші, бағдарлаушы рөл атқаруға тиіс. Қазіргі кезеңде оқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан колледжде оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын игеруге тиіс. Жалпы біз педагогикалық технологиялардың педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланатын барлық әдістемелік құралдардың қолдану ретімен жиынтық жүйесі деп қарастырсақ, оның тиімділігін былай көрсете аламыз:

- *Білім алушының өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;*

- *Білім алушының жеке қабілеті анықталады;*
- *Білімге деген тырысы жоғарылайды;*
- *Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес білім алушының ойлау, орындау қабілеті артады;*
- *Өзін-өзі тексеру мен бағалауға дағдыланады;*
- *Мұғалім жекелеген білім алушыға көмектесуге мүмкіндік алады;*
- *Жеке жұмыс пен орындаған тапсырмасына қарай бағаланады.*

Жоғарыда аталған жетістіктерге қол жеткізу үшін білім берушінің жоғарғы деңгейі мен шеберлігі қажет. Мұғалім білім мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда – оқу үрдісін дамытуы. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Қазіргі таңда бес бағыттан бағдарланған 50-ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс. Ал, осы мұғалімдер білім сапасын артыуда үнемі ізденісте болуы керек. Оқытуда білім сапасын арттыру деп білім алушы мен білім берушінің уақыт шығынын аз жұмсап, білім алудың, тәрбиелеудің және дамытудың қорытындыларын ең үлкен мүмкіндігінше жеткізетін оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру жүйесін айтады. Оқытуды оңтайландырудың әдістемелік негізі, оқу процесін басқарудың диалектикалық – материалистік жүйесімен әдіс-амалын таба біліп, оның нақты жағдайлардағы ең жақсы нұсқаларын таңдау. Бұндай таңдаулар нақты шындықтың әдістемелік сапалылығына жүгінеді. Оқытушы оқытудың заңдылықтары мен принциптеріне сүйеніп, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін талдауды үйреніп, оқу процесінің қорытындылық және үнемділік тұрғысынан ең жақсы нұсқасын таңдайды. Оқытудың жан-жақты ең жақсы нұсқасын негіздеуді, тек қана бүтіндей жүйені әдіс-амалдар қолданумен іске асады. Оңтайландыру еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды принципі болып табылады. Оқытушы оқу процесін, оңтайландыру ептілігін меңгермеген болса, онда педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың сыртқы белгілерімен ғана шектеліп қалады. Олар – техникалық құралдарды қолдану, дидактикалық материалдарды жетілдіру. Міне, сондықтан да оқытушы еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуы оңтайландырусыз мүмкін емес.

Оқытудың білім сапасын арттыру нұсқаларын құрастыру кезінде оқыту технологиясының негізгі принциптері есепке алынады. Оқыту «жақындағы даму қарқынына» қалыптасуы керек, оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылуы, бірақ оларға бейімделумен емес, ал оқушылардың жаңа іс-әрекеті мен жаңа даму деңгейлерін жоспарлау жолымен іске асуы керек. Оқыту мен білім беру, іс-әрекетті және операцияларды меңгерумен шектеліп қалмай, оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыруға басты мән беріп, оның өзін ұстау қасиеттерін дамыту. Дамытушы мен тәрбиелеуші тиімділіктерді барлығы бере бермейді, тек оқу іс-әрекетін қалыптастырумен іске асады. Оқытудың білім сапасын арттырудың теориясы мен әдістемесі жоғарыда аталған заңдылықтармен және дидактикалық, психологиялық, колледж гигиенасы принциптерімен тұрақты шектелмей, оқытушының жүйеленген және өзара байланысқан іс-әрекет, тәсілдерін ашып көрсетеді.

Оқытушының күші мен уақыт шығын мөлшерінің жоғарылауын ескертетін және тәрбиелеу тиімділігін жоғарылатуға апаратын оқытушының негізгі іс-әрекет тәсілдерінің қатарына жататындар: оқыту міндеттерін таңдау мен шешуге, оның мазмұнын, әдістерін, іс-әрекет құралдары мен түрлеріне кешенді ықпал ету.

Бар шарттар мен мүмкіндіктерді ескеріп, оқытушы іс-әрекетінің міндетін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, түрлерін нақтылау.

Іс-әрекеттің міндетін, мазмұнын, түрлерін, әдістерін жоспарлау кезінде басты мәнді анықтау.

Оқытудың білім сапасын арттыру келесі тәсілі басты мәнді анықтау болып табылады. Басты мәнді анықтаумен біз оқу процесінің негізгі міндеттерін шешуді қамтамасыз етіп қоймай, мұғалім мен оқушылардың уақыты мен күшін үнемдейміз. Оқу процесінің мазмұнын талдауда, әрбір тақырыптың басты түсінігін, заңдарын, теориялық негіздері мен фактілерін анықтайды.

Оқытудың білім сапасын арттырудың ең басты тәсілі оқытудың әр түрлі нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты нақты жағдайға байланысты ең жақсысын таңдау.

Оқытушы нұсқаларды салыстырып, ең жақсысын таңдауды үйрену үшін, оқытудың бар байлығын – мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру түрлерін жақсы меңгеру керек.

Оқытудың әртүрлі нұсқаларының тиімділігін салыстыру кезінде (әдістерді, құралдарды, түрлері және т.б.) мынаны есте сақтау керек, яғни тиімділікті әдетте іс-әрекеттің соңғы қорытынды мақсатымен сәйкестену дәрежесімен есептейді. Тиімділікті іс-әрекеттің соңында бағалайды, ал оны салыстыруды іс-әрекеттің алдында өткізеді. Салыстыру кезінде алдымен іске аспайтын жақтарын алып тастайды, содан соң нұсқаларын екіден бірге дейін тарылтып, екі нұсқаның біреуін нақты жағдайда іске асатынын таңдайды.

Білім – ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір ұстаз – өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, оқушының білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс-тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Мұнда оқушылар оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетінін есепке алу керек, бұл бөліктерде қысқаша, сыйымды түрде тұтас тараудың (тақырыптың) мазмұны беріледі.

Пысықтауды қажет ететін материалды мұғалім үш күрделілік деңгейінде (қарапайым, орташа дәреже, күрделі) дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын таңдайтынын әр оқушы өзі шешеді.

Бұның бір маңызы – күрделі ізденушілік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кез келген күрделілік деңгейіндегі бағдарламалық материал тапсырмаларын орындаған оқушыға, яғни іс жүзінде бәріне де беруге болады.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда мұғалім оқушылардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл бөледі.

Деңгейлік тапсырмалар мен жұмыс жасау арқылы оқушының өзіндік жеке жолы, темпі, даму динамикасы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы, оқу сапасы арта түседі. Әр оқушының ой-өрісі кеңейеді. Оқушылардың бағалануы да ерекше, ол рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс істей алатындығында.

Бірінші деңгейдегі тапсырмалар білімнің минималдық шегі, ол мемлекеттік стандарт талабына сай оқушының жас ерекшелігіне сай болады. Бұл деңгеймен сынып оқушылары толықтай жұмыс жүргізе алады. Бірінші деңгейде оқушыларға өте оңай сұрақтар беріледі. Яғни тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес жалпы сұрақ, сипаттама түріндегі тапсырмалар беріледі. Бұл сұрақтар көп ойлануды, ізденуді талап етпейді. Сондықтан оқушылар жедел түрде орындай алады.

Екінші деңгей кезінде тапсырмалар күрделене түседі. Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға көшеді. Оқушы бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды. Оқушылар сол тапсырманы сипаттауға көшеді.

Үшінші деңгей оқушылардың тапсырмаға деген мотивтерінің айқын көрінуі мен логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, өз ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайға пайдалануымен сипатталады. Оқушы талдау,

жинақтау, салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді. Эвристикалық (танымдық-іздену) түріндегі жұмыстарды мұғалім көмегінсіз өз бетімен орындайды. Эвристикалық сатының ерекшелігі – оқушылар белгілі бір бейнеге ену арқылы сол тапсырмалардан кейбір мысалдар келтіріледі. Кейде оған күрделендіру енгізеді.

Төртінші деңгей – қабілетті, дарынды, ізденгіш, талантты оқушыларға арналған саты. Бұл сатыға сыныптағы өз бетімен жұмыс жүргізетін ұшқыр ойлы оқушылар ғана көтеріле алады. Кейде оқушылар бұл тапсырмаларға ғылыми жұмыстар да жазуы мүмкін. Осы сияқты түрлі тапсырмалар беріп, әр оқушының деңгейін біліп алуға болады.

Деңгейлеп оқытуға қойылатын шектеулер:

1. Мектептің деңгейлеп оқытуды ұйымдастырудағы мүмкіндігі.
2. Әрбір топтар үшін талаптардың нақты болуы.

Мұғалімнің бір деңгейдегі оқушылармен жұмыс жүргізуі барысында топтың даму динамикасын меңгеру

Білім – ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір ұстаз – өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш, жаңашыл болып, оқушының білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс-тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде, 1999.
2. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы.// Қ.М,28 қазан, 2000.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қ.М, №1, 2004.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: «Педагогика»,1989. – Б.21-38.
5. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК:СО, 1999.
6. Таубаева Ш.Т., Лактмонова С.Н., Педагогическая инновация как теория и практика нововедений в системе образования: научный фонд и перспективы развитие. – /Книга 1/ – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым» 2001.
7. Керимбаева М. Р. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск, – Алматы, 1995.
8. Сабыров Т.А. Оқушылардың өз белсенділіктерін арттыру жолдары. – Алматы: «Мектеп», 1978. – Б.110.
9. Қараев Ж.А. Педагогическая технология дифференцированного обучения. Алматы, 1999. – Б.5-17, – Б.17-21.
10. Кларин М.В. Технология обучения: идеал и реальность. Рига, Эксперимент, 1999, – Б.180.
11. Таубаева Ш.Т., Барсай.Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. //Бастауыш мектеп №3-4 ,1999.
12. Оқытудың жаңа технологиялары//Халық тәлімі арнайы басылым. №1 2002, – Б.3-7.
13. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы //Бастауыш мектеп №3 2000, – Б.25-30.
14. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. – М., 1984.

**РЕЗЮМЕ**

***Альдибекова Ш.Н.,*** *к.п.н., старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ЧЕРЕЗ НОВЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ**

Качество образование – богатство страны, богатство нашего народа. Требованиям времени образования необходимо использование методов обучения для того, чтобы по-новому. Качество обучения, зависит от степени основных знаний учащихся. Поэтому каждый наставник – мастер своего дела, то есть, и соблазн образование новых педагогических технологий образования по процесса обучения в целях повышения у школьника, было инициировано всестороннего пытливый человек новаторский. Структура и метод способов повышения качества и занятий необходимо вноситься.

***Ключевые слова:*** качества образования, учебный процесс, педагогическая технология, гуманизм.

**SUMMARY**

***Aldibekova Sh.N.,*** *cand.ped.sci., senior lecturer*
*(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION OF EDUCATION THROUGH NEW TECHNOLOGIES TEACHING**

Quality education – richness of the country, wealth of our people. Requirements of time of education need use of methods of training in order that in a new way. Quality of training, depends on degree of the main knowledge of pupils. Therefore in everyone the mentor - the expert, that is, and temptation formation of new pedagogical technologies of education on process of training for increase at the school student, was initiated comprehensive the inquisitive person innovative. Structure and method of ways of improvement of quality and occupations it is necessary to be brought.

***Keywords:*** quality of education, educational process, educational technology, humanism.

**ӘОЖ 378**

## ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ...

***А.Б. Асилбаева,*** *биология пәні мұғалімі*
*(Ақтау қ., №10 жалпы білім*
*беретін орта мектеп)*

***Аңдатпа:*** Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 12 шілдедегі №566 бұйрығымен бекітілген «Өзін-өзі тану» курсы жобасын әзірлеу және апробациялау бойынша эксперимент табысты іске асырылуда. Жеті жылдық эксперименттік апробациядан кейін «Өзін-өзі тану» бағдарламасы республиканың барлық өңірлерінде педагогикалық және ата-аналар жұртшылығының белсенді қолдауына ие болды.

***Түйін сөздер:*** білім, тірбиесіз берілген білім, өзін-өзі тану, тұлға, адамгершілік тәрбие беру.

Тәуелсіз Қазақстан үшін жалпы адамзаттық мәселе, рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік-рухани қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет.

Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруде уақыт талабына сай болу С.А.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» атты білім жобасының негізінде оқу жоспарына жаңа пәннің енгізілуінің қажеттілігін айқын аңғартып отыр.

Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның туған кезінен-ақ басталады, ал рухани-адамгершілігі қоршаған орта, адамгершілік тәрбиесінің тәрбие міндеттері мен мазмұнына байланысты жетіледі. Адам қоғамы пайда болғаннан бастап оның мүшелерінің мінез-құлық, мүдде, тілек т.б. жақтан бір-бірімен санасуға тура келгені анық. Бұл қажеттілік әрі қарай адамдардың отбасылық, қоғамдық, діни және салт-саналық парыз-міндеттерін орындауымен ұштасқан.

Біздің бүгінде әдеп-инабат нормалары деп жүргеніміз, сайып келгенде, адамдар арасындағы осынау күрделі өзара қарым-қатынастарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік-имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Осыларды тұтас күйінде атайтын әдеп ұғымы келе-келе философия ғылымының адамгершілік құлық (нравственность) жөніндегі саласы – әдептанудың (этиканың) арнайы зерттейтін пәніне айналды. Бұл термин (этика – ethika грекше etnos – ғұрып деген сөзінен шыққан) тұңғыш рет осы мағынада ғылымға ежелгі заманның Ұлы философы Аристотель (б.з. бұрынғы 484 жылы туған – 322 жылы қайтыс болған) тарапынан енгізілген. Соған дейін де, одан бері де қоғамдық сана мен қарым-қатынастың, мінез-құлықтың аса маңызды формасы ретінде әдеп жайында төрткүл дүниенің шар тарабында – ежелгі Мысыр мен Грецияда, Үндістан мен Қытайда, Тұран елі мен Иранда, орта ғасырлық Еуропада... талай-талай әдеби, дидактикалық жәдігерліктер дүниеге келген. Мысалы, антикалық дәуіріне жататын скандинавиялық «Эддес» кітабында дастарқан басында сақталатын әдептерге тәптіштеп тоқталса, 1204 жылы испандық Петрус Альфонс жазған мінез-құлық жөніндегі алғашқы нұсқау құрал «Клерикалис тәртібі» деп аталады. Одан бермен қарай сарай маңындағылар мен жалпы көпшілікке арналған мұндай құрал-ережелер жинақтары көптеп жарық көреді. Солардың бірі – мазмұны атынан-ақ аңғарылатын 1716 жылы Гамбургте шыққан «Сыпайы да, әдепті әңгімелесуге және өмір сүруге өзінен жоғары бекзадалармен, өзі теңдестерімен және әйелдермен араласуға арналған, сондай-ақ әйелдердің сыпайыгершілігіне керек жол-жосындар» атты кітап. Ал Шығыста туған әдеп, мінез-құлық, «адамгершілік туралы трактаттар» тіптен көп және олардың тарихы да әріден басталады. Әрі олардың нақылдар түріндегі тамаша үлгілері баяғыда-ақ Батыс пен Шығыстың ортақ мұрасына айналып кеткен. Мәселен, солардың ішінен Үнді жерінде дүниеге келген әдеп кодексі «Ману бақтарын» (б.з. бұрынғы II ғ.) немесе Каутилье жазған дейтін «Саясат ғылымын», Ватсьяянаның «Махаббат ғылымын» (үй-жай ұстау, тазалық, бойын күту, инабаттылық нышандары, қыз баланың меңгеретін 64 түрлі өнер, білім, іскерлігі т.б. жайында баяндалған), біздің заманымызға дейін V-VIII ғасырда өмір сүрген дәрігерлер Чарка мен Сурсируттың мигерлер әдебі жайындағы еңбектерін, ұлы эпос «Махабхаратаны» (тәрбиелік нақылдары әлемге кең тараған) атауға болады. Осы аталған жәдігерліктер сияқты, араб, парсының данышпан ойшылдары мен ақындары тудырған ұлы мұралардың әдеп-инабаттық бағыты басым болып келеді.

Мұсылман Шығысына, соның ішінде біздің түркі мұсылмандарына жете мәлім Ұлықпан Хакім есіміне қатысты әдептілік-имандылық жайындағы терең мәнді әңгімелер де ерекше маңызды. Ал Мұхаммед пайғамбарымыздың үмбеттеріне өсиет етіп қалдырған «Мың бір хадис» ислам дінін танытуға қоса, жақсылық-жамандық, адалдық-арамдық, ар-иман, обал-сауап т.б. әдеп нормалары жайындағы ұлы өнеге-нұсқау болып табылады. Осы орайда XI ғасырда өмір сүрген парсы жазушысы Қабустың (толық аты-жөні Кей Кавус Унсур Әл-Маали) біздің халықтарымыздың төл мұрасындай болып кеткен, осы соңғы 3-4 жыл шамасында өзбек, қазақ, қарақалпақ т.б. тілдерінде басылып шыққан нағыз шығыстың өнеге кітабы «Қабуснаманы» ерекше атап көрсеткен жөн.

Адамгершілік пен мораль мәселелерін қарастыруға философтар ерте кезден-ақ ерекше назар аударған. Мәселен, И.Кант өзінің «Практикалық сананы сынау» этикалық шығармасында адамгершілік жүйесін емес, адамгершілік шындығының тұжырымдамасы жасалған, алдыңғы этикалық дәстүрді қатты сынға алады.

Гегельдің еңбектерінде мораль теориясы одан әрі дамытылды. Ол мораль мен адамгершілікті бір-біріне ұқсамайтын ұғым деп қарастырды. Адамгершілікті, Гегель бір жағынан солардың көмегімен адамдардың тәртібін реттейтін әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, екінші жағынан, моральға жанама адамның нақты міндеттері деп түсінді. Оның пікірі бойынша, мораль адамгершілікке қарағанда неғұрлым кең ұғым болып саналады.

Шығыс философы әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі», – деген. Соның ішінде: «...адам ынтымағының маңызын...» баса айта отырып, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына баса көңіл аударғанын көреміз. Мәселен, «Ержүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін біршама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық жасау арқылы жетуге болады дейміз. Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал, батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал бұл – жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады», – деп аңғартқан (3).

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысып бағады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтық қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше дараланған тұлға. Адамдар тұлға болып бірден дүниеге келмейді. Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Тұлға дегеніміз – адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Адамдардың қоршаған табиғи ортадағы құбылыстарды қабылдап түсінуі әртүрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Өзін-өзі тану пәнін жүргізудің мақсаттары:

1. Өзіндік рухани дүниені саналы түсінуге жақындату.
2. Өз көзқарастарын қорғауға және дәлелдеуге үйрету.
3. Әртүрлі көзқарастар орын алған жағдайда қарым-қатынас жасау дағдысын дамыту.

«Өзін-өзі тану» пәнін жүргізу барысында өзіндік бақылау әдістерін қолданды. Мысалы, сабақтар бойынша әр тапсырманы талдау жасалынып отырды. «Өзін-өзі тану» сабақтары оқушылардың білімдерін, дағдыларын, құндылықтар жүйесін дамытуда өте тиімді. Жалпы барлық сабақтарда дискуссиялық сұхбат тәсілі қолданылды. Сыныптарда парталар топпен жұмыс жасау ыңғайлы болатындай етіп қойылған. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды

сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

When choosing a place for corporate parties, it is important to understand the concept of the event, so better to start with the selection of topics, and then select the site for the event.

*Types of company parties.*

In the place of all the corporate parties are divided into the following types:

*Banquet*

This is the most common type of corporate events. Normally, it is rented banquet hall, where employees get together to dine and have fun. In the process of corporate events can be held interesting games and contests, as well as the head of rewards employees if they have any achievements. Perhaps this is the most affordable way to teambuilding, both financially and psychologically.

*Countryside measures*

During warmer months, there are popular trips out of town. You can simply go to the forest "in the kebabs" or rent a country guesthouse on the weekend - it all depends on the financial possibilities of the organizers of the corporate party. In general, this type of holiday is characterized by the fact that the time to prepare an entertainment program spent less, because in nature you can walk, play volleyball, tennis and organize their leisure time differently. However, it is more expensive pastime.

*Family events*

At family gatherings are invited not only employees but also their families. You can spend them for a tour of the company, to organize fun games and contests. Often family corporative allow to raise the prestige of the company in the eyes of the family members of subordinates and the least¸ in turn, receive a huge portion of the motivation to work for the company.

*Presentations*

Such corporate events are often held in honor of an event which is significant for the company. For example, it signed an agreement with an important partner, the opening of the new unit. Entertainment program is required. Sometimes it can be combined with the advertising action, if present at corporate customers and partners, which often happens today**.**

*What is Live Quest?*

*Live Quest* is a parlor game of detective. Participants live quests try themselves in a situation in which they face a common goal - the search for the killer, the battle for the treasure, the disclosure of secrets, saved from disaster. Each participant receives an individual role in this situation as well as their individual goals, sometimes even contrary to the common - for example, return lover or find out about the betrayal, justice, or, conversely, the traces of the crime.

Persuasion is a useful skill for a player to live quest

Having multiple objectives provides multilevel games. The player himself can determine what the goal for his short-term priority.

The essence of the game is to perform as much as possible goals.

To do this, players need to communicate among themselves, to analyze information about the other characters, known to them in their role, to obtain additional information, search for clues, think about the motives, join unions, bluff, intrigue and persuade.

The outcome of the game is usually entirely dependent on the actions of the players.

The idea of the entertainment came from America and Europe, where widespread Murder mystery games, parlor games detective.

Live Quest is designed not for the role of representatives of the subculture, and a wide range of people, often for the first time participating in such a pastime

*Team building* is a term commonly used in the context of business and applied to a wide range of actions to create and improve the efficiency of the team. The idea of team work methods borrowed from the sports world and has been actively implemented in the practice of management in the 60 - 70 years of XX century.

Currently, company party is one of the most promising models of corporate management, to ensure the full development of the company, and is one of the most effective tools of personnel management. Team building is directed to a peer group of specialists of various specializations, collectively responsible for the results of its operations and equally engaged in the division of labor within the team.

*Master of ceremonies*

The creation of a good scenario is a half work. There can’t be successful results without master of ceremony, who carries on the party, presents quests, celebrities and performances.

*Organization of show programs*

Organization of show programs requires large experience, skills, professionalism and creativity. It is very important to match scenario for various performance and preference of people, and the show program must be conducted in the excellent level.

## LITERATURE

1. Barsukov A.P. Management of creative collective. – M., 1990
2. Dudukov E.V. Analysis of modern mechanisms. Functioning of the state, non-state, theatrically spectacular enterprises. – M., Inform. Culture. 1994
3. Zharkov A.D. Welfare bases of variety art history, theory, technology. Manual. 2003
4. Zharkov A.D. Theory and technology of cultural and leisure activity.
5. Zuyev S.E. Some remarks to concept the market. Min. Cultures. 2004

## ТҮЙІНДЕМЕ

***А.М. Қаржаубаев****, аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### ШОУ-БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шоу бағдарламаларының ұйымдастыру ерекшеліктері жалпы көркем өнер саласында маңызды орын алады. Түрлі әдіс-тәсілдері, формалары арқылы бұқара халыққа өнер түрлері арқылы заманауи бағдарламаларды ұйымдастырудың жолдары ашылып көрсетіледі.

***Түйін сөздер*****:** Шоу бағдарлама, корпоратив, демалыс, іс-шара.

## РЕЗЮМЕ

***А.М. Каржаубаев,*** *ст. преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### РАЗВИТИЕ ШОУ-ПРОГРАММ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ОРГАНИЗАЦИИ

Шоу – мероприятие развлекательного характера, демонстрирующееся публике и имеющее постановочный характер. В современном мире социально-культурные условия требуют создания новых форм программ для духовного и культурного роста общества. Довольно-таки часто встречается, что аудитория холодно реагирует на любые проявления досуговой деятельности: эстрадные концерты, пластико-хореографические постановки, вечера отдыха, общенародные праздники и мероприятия и т.д.

***Ключевые слова:*** Шоу программа, корпоратив, отдых, мероприятия.

**ӘОЖ 82'255.2**

# ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

***Р. Садықова,*** *ф.ғ.к.*
*(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада қазақ және иран халықтары әдет ғұрыптарындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктері жайында айтылған, сондай-ақ ондағы екі елдің элементтерінің бір-біріне жақындығы жайында берілген.

***Түйін сөздер:*** мейрам, рухани, мәдениет, элемент, әдет-ғұрып.

Қазіргі заманымыздың негізгі талабының бірі – жан-жақты дамыған, яғни білімді де тәрбиелі, мәдениетті және өз мемлекетінің мәдениеті мен тарихын жақсы білетін, оған жаны ашитын жастарды даярлау. Бұл қазіргі еліміздің мәдени саясатының басты бағыттарының бірі. Соңғы жылдары осы бағытқа байланысты жастардың шет елдерде білімдерін толықтыруларына, тәжірибе алмасуына байланысты көптеген іс-шаралар өткізілуде. Елімізді әлемге таныту мемлекет тарапымен қоса сол шет елдерде білім алып, жұмыс істеп жатқан қандастарымыздың да үлесі зор. Солар арқылы шет елдер қазақ жұртының мәдениетінің қандай екенін біледі, таниды. Сондай-ақ шет елдерде білім алып, тәжірибе жинақтап, қазақ мәдениетін танытумен қатар, өз мәдениетіміздің тарихын білу керек.

Мәдениет ұғымының ауқымы кең екенін баршамыз білеміз. Мәдениетте әртүрлі үрдістер: материалдық, саяси әлеуметтік, көркемдік, моральдық құбылыстар қарастырылады. Сол себептен де әр салада жұмыс жасап жүрген маман иелері әртүрлі сала бойынша

мәдениетке өз үлесін қоса алады. Мысалы, біз тіл мамандары шет тілдерде жазылған мағлұматтармен таныс бола, өзіміздің мәдениетімізге қатысты жайттарды жинай, салыстыра зерттей аламыз. Осылайша, мемлекетімізге өз үлесімізді қосамыз, өз халқымыздың мәдени мол қазынасын толықтырамыз.

Парсы мәдениеті – Азия аумағына кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Тарих қойнауына қарасақ, Иран мен Тұран бұрынғы заманнан бері көрші болған, кейде дауласып, кейде достасып келген. Дегенмен, бұл екі ел татуласу жақтарына аса мән берген. Қазақстан мен Иранның арасындағы мәдени байланыстар екі елдің өткенін еске түсіреді. Авеста және Шаһнама кітаптарында осы екі елді байланыстыратын дәлелдер берілген [1, 75 б.]. Шығыстың не батыстың өзіне тән мәдениеті бар екені хақ. Алайда, сол мәдениеттердің түпкі терең тамырына көз салсақ, бір мәдениетке тән элементтерді екінші бір мәдениеттен көруге болатынына көзімізді жеткіземіз. Бұның бірнеше себептері де бар, айтарлық тарихи оқиғаларға байланысты, сауда қатынасы арқылы енген элементтер және көршілес жатқан елдердің әсерінен және т.б. себептер арқылы енген элементтерді айтуға болады.

Парсы тілі және қазақ тілі, жалпы алғанда, парсы мәдениеті мен қазақ мәдениеті арасындағы байланыстарға келетін болсақ, әсіресе мәдениеттер арасындағы байланыс ертеректен басталғанын байқаймыз. Сондықтан әрбір бейбіт кезеңнің олардың тығыз экономикалық, мәдени байланыс жасауларына мол мүмкіндік бергені де рас [2, 7 б.].

Парсы және қазақ халықтарын рухани туыстырып отырған қасиетті Ислам дініне байланысты. Орталық Азия көшпелілері арасында Ислам діні VII ғасырдың соңғы ширегінде тарала бастады. Бұл өңірде өзге конфессиялар да кеңінен таралғанымен, жергілікті тұрғындардың салттары мен діни ғұрыптары исламның әсерімен қалыптасқан. Ұлы Жібек жолы арқылы мұсылман елдерімен қатынастың өрлей түсуі Орталық Азия өңірінде мешіттер мен ірі діни мекемелер жүйесінің кеңеюіне септігін тигізді. Сол кездерден бастап қазақ елі де нағыз мұсылмандық қағидаларды қабылдап, құдайға құлшылық ететін болды [3, 80 б.].

Енді, біз осы орайда қазақ халқының мәдениетіндегі иран элементтері туралы қысқаша мағлұмат беріп өтсек. Қазақ мәдениеті дегенде, ең алдымен біздің көз алдымызға «киіз үй, алтыбақан текпен қазақ жастары, қазақтың ұлттық киімін киген жастар» тағы басқалар елестейді. Бірақ, бұндай көріністі өкінішке орай, тек мерекелік іс-шаралардан ғана, әсіресе біз «Наурыз, ұлыстың ұлы күнінде» көреміз. Шындығында, Наурыз көрінісі өте тамаша көрініс. Бәріміздің асыға күтетін ұлы мерекеміз Наурыз. Бұл – ирандықтардың да ұлы мерекесі. Олар да осы мерекені асыға, қуана күтеді.Наурыз мерекесі – өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмінен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауыз біршілікте болады. «Наурыз тойының» басты мақсаты – халыққа молшылық, тоқшылық тілеу. Сол үшін де Наурыз көже беретін үйлер қазан-қазан көже жасайды. Оны тойып ішіп, артығын, құйып әкетуіңе де болады. Әрине, Наурыз көженің белгілі бір ережесі жоқ. Ең бастысы: бидай, тары, қамыр, ет, тұз, сүт, суы бар жеті дәмнен құралуы керек. Қалғаны әркімнің тұрмыс жағдайына байланысты. Сол үшін де халық Наурыз көженің қамын ерте ойластыратын болған. Сөйтіп наурыз көжеге арнап соғымның жамбасын, жаясын, қазы-қартасын сақтайтын. Бұған қоса кәрі жілікті де сақтайтындар бар. Онысы қарттықтың белгісі сияқты. «Қартайғанша аман болайық!» деген тілектен болса керек.

Наурыз (Ноуруз) иран халқының көнеден келе жатқан және де асыға күтер төл мерекесі. Наурыз яғни, жаңа жылды мерекелеу Иранда кең етек алған және бұл мерекені бүкіл бір ай бойы тойлайды. Сондықтан Наурыз мерекесі алдында да және жалпы наурыз мерекесінде іске асырылар шаралар мен осы мерекеге қатысты рәсімдер де өте көп. Мысалы: Наурыз мерекесіне ғана тән, өзіндік наным сенімі бар «һәфт син» деп аталатын жеті нәрседен тұратын наурыз дастарханы. Жеті нәрсе де «син» әрпінен басталады. Яғни: [сиб] алма, [серке] сірке суы, [сәнджед] бұршақ, [сәбзе] көк шөп, [секке] тиын, [сәмәну] халваның бір түрі және [сомақ] жиде [4]. Аталған Наурыз дастарханына қойылатын жеті нәрсенің әр қайсының өзіндік беретін ерекше мағыналары және мәні бар. Атап айтсақ: алма-жеміс мол болсын деген ниетпен, сірке суы – зұлымдық, бәле жаланы аластату мақсатында, бұршақ-мейірімділік пен махаббат нышаны, секке – күй қуаттылықтың белгісі. Осы жерде иран халқы мен қазақ халқының Наурызға байланысты ұқсас жатқан жері ирандықтарда «һафт син» дастарханы бұл Наурыз мерекесінің маңызды бөлігі болса, ал қазақ халқында «Наурыз көже» ұлыстың ұлы күнінің басты тамағы болып есептелінеді. Қазақтарда Ұлыс күні жеті түрлі заттан-соғымнан қалған сүр ет, езілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және сәбіз қосылған қазан толы «Наурыз көже» пісіріледі. Сүр ет – қыс тағамымен қоштасуды, ал құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен қауышуды (жаңа тіршіліктің басталуы мағынасында) білдіреді. Ирандықтар жеті нәрседен тұратын тағам түрін қойса, ал қазақ халқы жеті нәрседен тағам әзірлеуді. Бұдан «жеті» санынан екі халыққа да ортақ қасиеттілігін көруге болады.

Сондай-ақ, иран халқы үшін «он үш» саны бақытсыз сан болып табылады. Бұл санға ирандықтар ерекше мән береді. Бұны «сиздәһ бэ дәр» (үйден тысқары он үш) делінетін наным-сенімді іске асыру шарасынан байқауға болады. Иран халқы фәрвәрдин айының он үшінші күні, яғни жаңа жылдың он үшінші күнінде бүкіл жанұясымен «он үш» біздің табалдырығымызды аттамасын деген ниетпен көкке, өзен, көл жағасына, яғни табиғатқа шығып кетеді. Осы күні тұрмыс құрмаған қыздар арнайы жаңа жыл дастарқанына әзірленген «сәбзені» (көк шөп) тұрмысқа шығу ниетінде байлап «сиздәһ бэ дәр сал э дигәр бэ хане йе шоуһәр» (он үшінші күнде келесі жылы күйеуімнің үйінде) деген жолдарды айтып ырымдайды. Ирандықтар Наурыз мерекесінен біраз күн бұрын осы «сәбзені» өсіріп, оны «сиздәһ бэ дәр» күніне дейін сақтап сосын оны суға ағызып жібереді. Бұндағы Ирандықтардың ойы осы «сәбзә» жаман қасиеттерді бойына жинады, енді сумен сол жамандықтар кетсін дейді. Қазақ халқы да «он үш» санына қатты көңіл бөлген. Оған дәлел «он үш жас – мүшел басы», яғни қауіпті сан деп санаған. Иран халқының тағы наурыз мерекесі кезінде, яғни жаңа жыл кезінде өткізілетін жаңа жылдық іс-шаралардың бірі – чоһар шанбэ йе сури деп аталады. Чоһар шанбэ йе сури ескі жылдың соңғы сәрсенбісінде тойланатын мейрам. Бұл мейрамды тойлау барысында ирандықтар үй ауласында, көше бойында қуарған ағаштан үйме жасап, оны жағып, оттың айналасында билеп, оттың үстінен секіреді. Иран халқы (көбінесе жастар) оттың үстінен секіргенде мынандай өлең жолдарын айтады: «зәрдие мэн бэ то, сорһие то бэ мэн» (маған сенің қызыл алауың, саған менің бозғылттығым, бойымдағы сары түс) [4]. Бұл өлең жолдарын айтып оттан секіру – менің бойымдағы ауру кетіп, сенің бойыңдағы жалындаған от маған берілсін деген ниетте жасалынады. Мұндағы қызыл түс – денсаулық белгісі болса, ал сары түс ауру, дерттің белгісі. Осылайша ирандықтар отпен бойларындағы ауруды аластатқан. От өшкеннен кейін күлін міндетті түрде ағынды сумен ағызып жібереді. Яғни пәле-жала осымен кетсін деген ниетте. Осындай отқа табынуды қазақ халқынан да көруге болады. Бұрынғы кезде қазақ халқы Наурыз мерекесін тойлаған күні қараңғы түсе екі жерге үлкен-үлкен от жағатын болған. Адамдар жас ерекшеліктеріне қарай топ-топ болып, осы екі от ортасынан өтіп бара жатып, қолдарындағы бас жағына майлы шүберек ораған таяқтарын тұтатып «алас, алас, пәледен қалас» деп айтып, айнала төңіректі отпен тазалап шығатын болған. Әрине көбінесе бұндай іс-шараны жасы үлкен кісілер істеген, ал жастар жағы болса жанып тұрған оттан секіретін болған. Алайда, қазақ мәдениетінде болған иранның оттан секіру элементін қазір

көрмесекте, қазақ халқының әлі күнге дейін отпен үйді аластауын, баланы ұшықтауын көруге болады. Яғни, бұл сол элементтің бір ұшқыны.

Осындай, қазақ мәдениетінен көрінетін иран элементтерінің бірі – қазақ тілінде кездесетін мыңдаған парсы тілінің сөздері мен қазақ халқы арасында кездесетін мыңдаған адам есімдерін де айтуға болады.Қазақ тілінде парсы және араб тілінен енген сөздерден саны, зерттеушілердің пікірлері бойынша, шамамен 10-15 пайызды құрайды. Бұлар, негізінен ХҮШ-ХІХ ғасырларда енген сөздер. Бұлардың қатарында жалпы абстрактілік түсінік, оқу-ағарту және мәдениет терминдері бар, мысалы адамзат [адамизад], айбат [һәйбат], ғазал [ғәзәл], пешене [пешене], шарайна [чарайна], ақиқат [хағиғат], ақпарат [аһбар], ақырет [аһрет], аспаз [ашпаз], әдеп [одаб], әділет [одалат], бақша [бағче], ғашық [ошеғ], дана [доно], дариға [дариғо], дәреже [дәрәдже], дәстүр [дастур], жануар [джанвар], жаһан [джаһон], жұма [джоме], зерек [зирәк], нан [нон], патша [подэша], зындан [зендон] және т.б. [5]. Қазақ тіліне енген парсы тілінің мыңдаған сөздерінің ішінде кеңінен әрі күнделікті біздің қолданып жүрген сөздеріміздің бірі – апта күндері. Парсы тілінде «шәнбе (сенбі), йекшәнбе (жексенбі), дошәнбе (дүйсенбі), сешәнбе (сейсенбі), чоһаршәнбе (сәрсенбі), пәнджшәнбе (бейсенбі), джомме (жұма)» болса, қазақ тіліне бұл сөздер «дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі» түрінде енген. Қазақ тілінде де парсы тілінде де апта атаулары бірдей болғанмен аптаның басталуы әр елде әр қалай. Мысалы, қазақ халқы апта күнін «дүйсенбіден» бастайды, ал иран халқы «сенбіден». Алайда, қазақтарда бұрын аптаны «сенбі» күнінен бастаған. Сондай ақ ата бабаларымыз жыл мезгілдерінің атауларында да парсы сөздерін қолданған. Мысалы, олар қысты «зымыстан» парсыша «земестан», ал жазды «табысқан», яғни парсыша «табестан». Парсы тілінен қазақ тіліне кейбір сөздермен қатар -кер, -паз, би-, не- сияқты жұрнақтары сөздерге тіркеліп, әр-алуан жаңа сөздерді жасауға септігін тигізген. Мысалы, талап-кер, жауап-кер, айып-кер, айла-кер, ас-паз, өнер-паз, жыл-нама, ауру-хана, ас-хана т.б. Сондай-ақ, парсы тілінің болымсыздық жұрнағы би-, бей-, на-, не-, қазақ тіліндегі көптеген сөздерде пайдаланылады; бей-бақ, бей-ғам, бей-шара, бей-таныс, бей-мәлім, бей-тарап, на-хақ, на-мәрт, на-разы т.б. Бұл сөздердің барлығы дерлік қазақ тілінде төл сөздеріндей қолданыста, бұл аса зор мәдентиеттің ұзақ ғасырлар бойғы сіңісудің нәтижесі болса керек. Қазақстанның бас қаласының парсы тіліндегі «Астана» сөзімен аталғаны да және қазақ валютасын «теңге» деп атауымыздың да Иран мәдениетінің ежелден келе жатқан әсерінің әлде де күшті сезілетінін көрсетсе керек. «Астана» парсы сөзі «Астанэ» қазақ тіліндегі негізгі беретін мағыналары «кіре беріс, патша сарайы, табынатын қасиетті жер» болып табылады, ал «теңге» сөзінің беретін мағынасы «ақша, күміс не алтын тиын» және бұл сөз ауыз екі парсы тілінде «тәнге» немесе «тенге» деп айтылады [6].

Қазақ тіліне шеттен ауысқан түрлі лексикалық элементтердің ішінде ең керекті орын алатын араб және парсы сөздері болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі парсы лексика элементтерін негізінен екі топқа бөліп қараған жөн деп білеміз. Бірінші топқа – қазақ тіліне ежелгі заманнан еніп, әбден сіңісіп, өзінің алғашқы фонетикалық тұлғасын өзгертіп жіберген сөздер жатады. Мұндай лексикалық элементтердің шеттен ауысқан сөздер негізінен ұмытылып та кеткен деуге болады [7]. Екінші топқа – қазақ тіліне онша сіңісе қоймаған, бірақ қазақ оқушысына бұрынғы қисса-дастандардан жақсы таныс араб-парсы элементтері жатады. Парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы талай-талай ғасырларға созылған ұзақ та күрделі тарихи процесс болғанын естен шығармау керек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. عابدینی م.ح.  سیمای فرهنگی قزاقستان. تهران: بین المللی الهدی، 1384. -75-76

2. Д. Исабеков Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы (семинар материалдары). – Алматы, 2001. –7 б.

3. Ө. Озғанбаев Дәстүрлі достық аясында. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы. (Халықаралық семинар материалдары). – Алматы, 2001. – 77 б.

4. Л.З. Рүстемов, Самарэ И. Парсы тілінің ізашары. – Тегеран, 1994. – 495 б.

5. Р.К.Садықова, Ж.Пилтанг Қазақ және парсы тілінде мағынасы бірдей сөздер. – Алматы, 2007. – 50 б.

6. Рубинчик Ю.А Персидско-русский словарь. Тегеран, 1997 ж.

7. Садықова Р.К. Түр-түс атауларының аудармада берілуі «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аудармасы негізінде: фил. ғылым. канд. диссерт. – Алматы, 2010. – 150 б.

## РЕЗЮМЕ

***Р.Садықова,*** *к.ф.н.*
*(г. Алматы. Казахский государственный женский педагогический университет)*

## СХОДСТВО В КАЗАХСКОМ И ПЕРСИДСКИХ ЭЛЕМЕНТОВ

В данной статье рассматриваются сходства и особенности обычаев казахского и иранского народа, а также рассказывается о близости элементов двух народов.

***Ключевые слова:*** праздник, духовный, культура,элемент, традиция

## SUMMARY

***R.Sadykova,*** *cand. of phil.sci.*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## THE SIMILARITY IN THE KAZAKH AND PERSIAN ELEMENTS

This article discusses the similarities and especially the customs of the Kazakh and Iranian people, but also describes the proximity of elements of the two nations.

***Key words:*** holiday, spiritual, culture, element, tradition.

**ӘОЖ 78**

# АҚЫНДЫҚ, ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР АТАДАН БАЛАҒА МИРАС БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МҰРА

***Г.Қ. Сапарбаева,*** *аға оқытушы*
*(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Ақындық, жыраулық дәстүр атадан балаға, жыраудан жыршыға көшіп, қазіргі кезде қағаз бетінде негізгілері ғана сақталған. Қазақтың көне заманнан бергі айтылып келе жатқан өлең жырлары халықтық деп аталады.

Жырлар авторларының біразы кейінгі ғасырларда анық болып, мәлім бола бастайды. Бұл авторлардың кейбірі тарихта мәлім болғанымен, көбі халық аузында аңыз ретінде сақталған. Олардың өмірі, шығармалары туралы нақтылы дерек жоқтың қасы. Жыраулар мен ақындардың қоғамдағы рөлі, олардың шығармашылық ерекшеліктері хақында әдебиеттану ғылымында бір қатар уақыттан бері әңгіме болып келеді.

***Түйін сөздер:*** жыр, жыршы, жыраулық мектептер, ақын, суырып-салмалық.

Ақын ақпа-төкпе суырыпсалма өлең-сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы. Ол – қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сырын, замана бағып-бағдарын, ақыл таразысына салып, сынай салмақтай білетін тапқыр да көрген адам. Сонымен бірге кеткенді қылышпен емес, сөзбен сілтейтін бұйрық берер әміршісі, бетің бар, жүзің бар демей тура айтар өткір де әділ биі. Жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап, жауға аттанар жауынгер қолбасы болған. Халық өзгелерден гөрі

қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіретін асыл сөз иесі. Жыраулар мен ақындарды қатты қадірлейді. Жыраулар әлеуметтік мәні зор ірі киелі мәселелерді жырласа, ақындар өмірмен қоян-қолтық, бетпе-бет келіп санқилы тақырыпта өлеңдер шығарғаны XIX ғасырдағы ақындар мұрасынан айқын аңғарылады.

Халқымыздың поэзия мұрасын атадан балаға ұластырып айтып жеткізушілер – жыраулар мен ақындар. Ол мұралар ішінде жыраулар мен ақындардың төл шығармалары да, оларға әріден жеткен бағзы жырлар да сол дәстүрден туған эпостық туындылар да болуы мүмкін. Демек ақындар желелі жырларды тудыруға ат салысып, өзі қадір тұтқан поэзиялық мұраларды жырлап таратып отырған. Бұл дәстүр қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түркімн, ноғай т.б. халықтарда күні бүгінге дейін саталып, дами түсуде. Жыраулар мен ақындар дәуір шындығы қандай дәрежеде болса да көре бігенімен, өз ортасы ықпалынан, өз заманы ауанының аулақ кете алмайды.

Ақын-жыраулар бұрынғы кезде хан қасында болып, оның мәртебесі мен мерейін асыруға қаншама қызмет еткенімен, өмір шындығын жырлап, халықтың құлағына жеткізіп хан мен бектің ұнамсыз қылық, ыңғайсыз істерін де ашық айтып, батыл әшкерелеп отырған. Заман шындығын, дәуір сырын бейнелеген жолдар ақын-жыраулар мен мұрасы да аз емес.

Халықтық өнерге халықтық қамқорлық қажет. Тарих қойнауына үңілсек ықылым заманнан өнерге өзімшілдік шығармашылығын ерте кезу, үйір болуға дәлелденген айғақтар жетеді. Өнер халықпен бірге жасасады десек, сол халық жер бетіне жайылып кеткендіктен кейін де қара жердің бет-бедерінде айшықты өнер туындыларының іздері қалып жатады. Адамзат дамуының эвалюциялық өлшеуі де кейінге қалдырылатын өнер туындыларынан байқалса керек. Қазақ халқының тарихи этнографиялық шежіресі, этникалық, генетикалық құрылымы да тереңнен басталатын болып есептеледі. Біз тіршілік етіп отырған Қызылорда облысының «Сыр бойы» деп аталатын ежелгі Тұран ойпаты орта ғасырлық мәдени қалалардың өркендеген жер екенін ескерсек, келешек ұрпақ алдында зерттелген анықталған фольклорлық бай мұраларының әлде де болса өз деңгейінде ғылыми тұрғыда жинақталмай жатқандығын аңғарамыз.

Тарихтың талай тауқымет жырларында Сыр бойында оңы мен солынан жиналған халық осы өлкеде есін жинап, ел болып, қайта ат арқасына мінді. Жырау – қоғам сыншысы әрі ақылшысы, ел естілігін сақтап, келер ұрпаққа көркемдік келбетінде жеткізуші тұлға. Осы дәстүр Сыр бойында айрықша сақталған. Оған «Дад дастаны» секілді көлемді жырларды мысал ретінде келтіруге әбден болады. Жыраулық өнердің қыр-сырын анықтайтын осындай мақамдар ұлттық музыкалық мәдениетіміздің түп-тегін анықтау үшін аса маңызды. Бүгінгі бай фольклорлық музыкалық мұрамызда сан алуан, әрбір сөз, әрбір әуеннің астарында құпия сыр жатса, даңғайыр жыраулардың мақам-саздары ата-баба әруағының үніндей көңілге қонады. Қорқыттың Сыр бойындағы аңыз әңгімелерін бүтін жыр дастан десек те болады.

Сыр бойындағы ақындық-жыраулық дәстүр жөнінде әңгіме қозғалса әрбір адамның ойына еріксіз «Қорқыт әулие» деп, белгілі болған қасиетті ұғым пайда болады.

«Сыр елі – жыр елі» деп сонау Қорқыт заманынан бері айтылған мәтел сөз де көкейімізге оралады.

Қазақстанның басқа аймақтарында емес, Қорқыттың ақындық пенен жайылған Сыр бойындағы жыраулық, ақындық, термешілік, күйшілік дәстүрдің осыншама мол дамуы кімді де болса ойландырмай қоймайды.

Қорқыт мұраларын кең көлемде зерттеген профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың сөзімен айтсақ: «Бұл тарихи-әдеби мұра, Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ дәуірінде жырланып, XV Кавказ жерінде хатқа түскен. Оны ерте заманда ұзандар жырлаған. Түрік лұғатын жазған Фарграңд Шури бұл атауды өлең жыр айтатын оғыздар, «ұзан» деп атаған. Өздері көбіне «оғыз наманы» деп көрсетеді. Кейбір тарихи мағлұматтарға қарағанда «Қорқыт Ата айтушысы Қорқыттың өзі оғыз ханынан оны немерелері жырлап беретін болған, әрбір қиссаны аяқтаған соң жырау «Бұл жырды менің Қорқыт атам айтып, сөзіне құраған еді» деп отырады.

Жыраудың Сыр бойындағы Оғыз-қыпшақ тұсында туғандығында дау жоқ. Оған оның мазмұны, жер-су аттары түрлі әдет-ғұрып көріністері айғақ.

Қорқыт ата, оның жырлары XII ғасырдан бергі Шығыс елдерінің жазба әдебиеттерін де айтыла бастаған. Қорқыт ежелгі тайпаларының IX-X ғасырда Сыр бойында ғұмыр кешкен ойшыл, (ұзаны) жыршысы, қобызшысы, және «Кітаби Қорқыт» жырларын тудырған үлкен эпос айтушысы ыдырау кезеңдерін басынан өткерген адам.

Қорқыт жырлары – дала поэзиясының басы, сондықтан оның жырлары мен күйлері, аңыздары қазақ халқында ортақ, Қорқыт жырларын, аңыздарын жинақтағанда оның бойынан үш түрлі өнері айқындала түседі. Қорқыт, ол – оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, шаман. Ол балгер деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз манжүр елінде бар. Оларда бақсы ақылшы, ғылым дегенді білдіреді

Қорқыт – күйші, музыкант, ең тұңғыш қобыз сарынын тудырған адам. Ол – эпос айтушысы, әйгілі ұзан жырау. Оның жырлары оғыз-қыпшақтардың өмірінен қалған әдеби тарихи мұра. Сыр бойындағы Қорқыт – бірде бақсы, бірде әулие.

Ақындық дәстүрінде әншілік орындаушылығы, Шығыстың өзге халықтарының да мұраларымен араластығы мол. Сыр бойы-қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік өзгешелігі мол географиялық аудандардың бірі. Бұл өлкеде ақындық дәстүрлер туыстас қарақалпақтар мен түркімендермен бірге әуелден-ақ тапқырлық, шешендік дәстүрлерге бейімделе қалыптасады. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов Сырдария өзені бойындағы халықтардың тарихындағы ықылым замандардан басталған ортақ дәстүр бастауына былайша баға берген екен. «Шексіз әлемді шарықтаған жыр бірде қоналқаған Сыр өзенінің арғы жағындағы қарақалпақтар қонысына келіп қонады. Бұрынды-соңды естіп көрмеген құтты қонақтың хабары атқан оқтың жылдамдығындай шартарапқа тарайды. Сансыз көп қарақалпақтар жыр қонған ауылға жиналып, ғажап қонақты ақшамнан таң сәрісіне дейін құмарта тыңдасады. Жыр қонақтың бұлбұлша сайраған мыңдаған өлеңдері мен әндерін, аңыздары мен жыр дастандарын сансыз көп қарақалпақтар естерінде сақтап қалады. Ол кездерде туыстас тайпалар бірде көшіп-қонып жүреді екен. Сыр өзенінің жоғары жағында тұратын қазақтар мен түркімендер жыр қонақтың ғажап дауысын естуге, алыстан түн ортасында жетеді, тамашаның соңында ғана ілігеді». (Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. 2-бас. Алматы, Жазушы, 1985, 162 бет). Сыр бойындағы ақындық поэзиядағы әдеби-фольклорлық мұралардың туысқан қарқалпақ, қырғыз түркімен халықтарына да ортақтық жақтарының мол екендігін ескереміз. Қорқыт, Фараби заманында гүлденген мәдениет ошақтары болған Сырдария өзенінің бойындағы ақындық дәстүр – бүкіл Орта Азиядағы тамырын тереңге жіберген сөз өнерінің ең өміршең формасы. Қазақстанның өзге аймақтарына қарағанда Шығыс әдебиетінің жазба дәстүрін бойына сіңірген – Сыр өңірінің поэзиясы.

Бұнда халық ақындарының творчествосы фольклорлық стильден көп айыққан көркемдік әдіс шеберліктері жағынан жазба әдебиеттің көне шығыстық классикалық үлгісінде жетілген болып келеді.

Халық поэзиясының ақындық, жыраулық, жыршылық, өлеңшілік дәстүрлеріне байланысты атаулар да біздің Сыр өңірінің жыр сүйген қауымына өте таныс. Халықтар тарихында ақын, жырау, ыршыларды өз тілдерінде атау былай болып келеді: грекше – азд, француздарша – жанглер, немісше – шпильман, мейстерзинглер, қырғызша – жомоқ, чу, манасшы, өзбекше – бахши, кавказдықтарша-ашуг, украинша – лирник, карело – финше-кантели, якутта – олонхосут, манғолша – тульчи, түркіменше – шайыр, орысша –поэт, сказитель, қазақша – ақын, жырау, жыршы, өлеңші, әнші – ақын. Ал Сыр бойының халық ақындары «шайыр», «сүлей» деп те аталады. Ақын, жыраулардың мәнді маржандай тізілген әдемі сөз тіркестерінен халқымыздың ой-арманы мен ар-намысын қастерлеген аталық ақыл-өсиет сарындары сезіледі. Отанға, халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім аңғарылады.

Жыраулар өмірдің ұсақ мәселелеріне аз араласып, көбінесе замана, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, қағидалы сөздер айтып отырған. Сондықтан да қазақ поэзиясында жыраулар жетекшілік, ақылгөй тәрбиешінің рөлін

атқарады. Олардың шығармаларынан ой-қиялдың байлығы, суреттеу тәсілінің кемелдігі мен әсемдігі, ойдың кең өрістілігі сезіледі. Ал ақыл ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржандарынан ұлттық сипатты танытатын мәдени мұралардың тарихын танып білеміз.

Ақын – жырауларға тән әсем сөз айшықтары билердің шешендік сөздеріне де арқау болған.

Оның арқауындағы тәлім-тәрбие көріп-білу, жүрекпен терең сезіну арқлы біртіндеп толысып қалыптасатын тәжірибеден туатын үздіксіз еңбектің жеңісі. Ақылды болу үшін көрген-білгенді ой елегінен өткізіп, үнемі сарапқа салып отыру керек. Ал ол ынта-жігерді, талапты керек етеді. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп бекерге айтылмаған.

Жалпы өнер психологиясы қандай күрделі болса, өнердің жаратылысы, өнертанудың философиясы да сондай сырлы, жұмбағы көп дүние. Халқымызда «Ән – арқаға, күй – Батысқа, жыр – Сыр еліне» қонған деліпіп айтылған сөз бар. Бұндай бөлісті шартты түрде ғана қабылдауға болар. Егер күйдің, әннің, сондай-ақ бидің, жыр-терменің тереңіне бойлап, тегін түгендесек, түптің түбінде олардың бір ағашта гүлдеген бірнеше бұтақтар секілді, бәрі де тармақталғанымен, әрі де бір бітімі дүние болғанына көзіміз жетеді. Өнер табиғатын тануда территориялық бөлініс дегеніміз барынша шартты ұғым болатынын осы жерде бір тұжырымдап тастауға болады.

Сыр елінде күйдің, әннің, жыр-терменің, бидің ең көне, ертеден келе жатқан халықтық үлгілері сақталған. Орындаушылардың саңлақ сырлы өнері арқылы пайымдап көрсек, мәселен, Сыр әндері, Арқаның әндері секілді өзінше ерекшеленіп тұрады. Сырдың «Қара торғайы» нағыз классикалық ән, халықтық шығармашылықтың ең жарқын үлгілерінің бірі екенін Ахмет Жұбановтан бастап, өнертанушы ғалымдарымыздың, мамандарымыздың бәрі айтып келеді. Күйде де сондай. Жалдыбайдың «Қара жорғасы» ұлтымыздың дәулескер күйшілерінің додасында бас бәйгені жеңіп алған деседі. Биде де, жыр-термеде де осындай сындарлы сипат бар. Бұндай мағыналы мазмұнның өнерімізде сақталып келіп, күні бүгінге дейін жетіп отыруы Сыр елінің ежелгі өркениет ошағы болғанына дәлел бола алса керек.

«Қазақ жыраулары қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің басы ғана емес, түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ болған ежелгі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ болған ежелгі түркілердің көркем сөз өнерінің табиғи жалғасы»-дейді. Хандық дәуір кезінде есімдері танымал болған қазақтың жыраулық поэзиясының алыбы – Шалкиіз Тіленшіұлы.

Оның өлең-жырларының мазмұнына қарағанда жырау бірде әскери жорықтарға қатынасып, әміршінің нөкерлерімен бірге Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын аралағанға ұқсайды. Жырау өзінің көп өлеңдерінде жақсы дос, жақсы туыс қандай болмақ, жаман туыс, жалған достан шегер азап, өкінішті істер әкеп неге соғады деген мәселелер төңірегінде сөз қозғайды.

Бір жаманға сөз айтсаң  
Есікті кетер сарт ұрып...  
Жағаға жақын қонғанда  
Жайылып сулар алмас па  
Жаманға дос болғанда  
Жазымда басың қалмаспа, – деп «Опасыз жалған достан мың сақтан», «Жанындағы жау жаман» деп жастарды дос пен қасты тани білуге баулиды. Жырау шығармалары негізінен нақыл, афоризмдік толғауларға толы келеді. Халқымыздың тіршілік тынысы мен кәсібі, мінез-құлық ерекшелігі, ақынның жастарға айтар өсиеті, өмірге деген көзқарасы оның толғауларынан айқын көрінеді.

Көшпелі өмірді тұтынған қазақ халқы «Жылқы – малдың патшасы», «Ердің қанаты» – деп ерекше бағалаған.

Ақындық, жыраулық өнер ғасырлар бойы дамып, жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Дәл осы тұста оның ұрпақ тәрбиесімен сабақтастығы айқындала түседі. Жыр – халық мұрасы, халық даналығы және тәрбие құралы. Ал жыраулық ақындық дәстүр – халық педагогикасының бір тармағы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тебегенов Т.С. Халық ақындарының шығармаларын оқыту (методикалық құрал). – Қызылорда, 1991. – Б. 78.
2. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. – Алматы,1993. – Б. 56.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – Б.75.
4. Роботков Л. Әнші дауысының физиологиялық негіздері, 1932. – Б. 45.
5. Эйхгорн Л. Қазақтардың музыкасы. – Ташкент, 1964. – Б. 74.
6. Қоспақов З. Қазақтың әншілік дәстүрі. – Алматы: Қазақстан, 1975. – Б. 65.
7. Кәрменов Ж. Халық әндері мен халық композиторларының әндері. Антологиялық жинақ. –Алматы: Өнер. 1990. – Б. 75.
8. Медеубеков С., Мүптекеев Б. Жетісу әуендері. – Алматы: Өнер, 1998. – Б. 84.


## РЕЗЮМЕ


***Г.К.Сапарбаева,*** *ст.преподаватель*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*


## ТРАДИЦИОННОЕ ПЕСЕННО-ПОЭТИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО КАЗАХОВ


Традиции песенно-поэтического искусства дошли до наших дней, во многом благодаря преемственным связям народных музыкантов и исполнителей. Их творчество соединяло в себе и музыку, и обряд, и поэзию, а нередко и элементы сценического и драматического искусства. Все народные исполнители – акыны, жырши, домбристы обладали исключительным ассоциативным чутьем, тонким восприятием мира и уникальной памятью, благодаря чему в музыкальной истории казахов и сохранились многие виды традиционного искусства. С незапамятных времен повелось, что акынами казахи называли певцов-сказителей, которые с домброй в руках выступали перед публикой или состязались в айтысах – песенно-поэтических «спорах», сопровождавшихся домбристами-кюйши.



***Ключевые слова:*** акыны, традиционные исполнители, песенно-поэтическое искусство.


## SUMMARY


***G.K.Saparbayeva,*** *senior lecturer*
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*


## TRADITIONAL SONGS AND POETRY ARTS OF THE KAZAKHS


The tradition of song and poetic art have survived, largely thanks to the continuity of relations folk musicians and performers. Their work combines both music and ritual, and poetry, and often elements of theatrical and dramatic art. All folk performers - akyns, zhyrshi, dombra players had exceptional associative instinct, subtle perception of the world and a unique memory, so that in the musical history of the Kazakhs and preserved many of the traditional art. Since time immemorial, has become a tradition that akyns Kazakhs called singer-storytellers who with dombra in the hands of public speaking or competed in aitys - song and poetry "disputes", accompanied by dombra players, kuishi.



***Key words***: akyns, traditional singers, song-poetic art.